**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының**
**«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК**
**КГКП «Костанайский политехнический высший колледж»**
**Управления образования акимата Костанайской области**

# ЖБП 01. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

# УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС ПО ООД 01. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА



**Қостанай, 2022**

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| **І бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс.** | |
| **Тақырып 1.1.** | Еңбек нарығы. Кәсіпкерлік – табыс көзі. Кәсіпкерлік – шеберлік. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім. |
| **Тақырып 1.2** | Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы.<br>Теміржолшы – тарихи оқиға шежіресі. |
| **ІІ бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі.** | |
| **Тақырып 2.1.** | Отандық өнімді пайдаланамыз. Орталық Қазақстан – кенді аймақ.<br>Дауысы дәуірмен ұласқан. |
| **Тақырып 2.2.** | Қарағанды – кенжілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. «Қарағанды» романынан үзінді. |
| **ІІІ бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.** | |
| **Тақырып 3.1** | Қазақ киносының атасы. Қазақстанның мәдени өмірі. Театр фестивальдары. Тарихи сахнаны шығармалау |
| **Тақырып 3.2** | Дулат Исабеков. «Әпке» пьесасы. |
| **IV бөлім. Ұлттық экологиялық мәдениет.** | |
| **Тақырып 4.1** | Экология және кәсіби маман мәдениеті. «Жасыл белдеу» бағдарламасы және экология. |
| **Тақырып 4.2.** | Қадыр Мәрза Әлі – философ ақын. «Аралым...» |
| **V бөлім. Мұхит – тіршілік мекені.** | |
| **Тақырып 5.1.** | Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі. Мұхит және экологиялық проблемалар. Адамзат тағдырының жыршысы. |
| **Тақырып 5.2** | Әбдіжәміл Нұрпейісов.»Қан мен тер» романы |
| **VI бөлім. Ұлттық таным және мерекелер** | |
| **Тақырып 6.1** | Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын! |
| **Тақырып 6.2** | Жүсіпбек Аймауытов. «Әнші» әңгімесі |
| **VII бөлім. Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда.** | |
| **Тақырып 7.1** | Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі |
| **Тақырып 7.2.** | Ы.Алтынсарин. «Дүние қалай етсең табылады?» |
| **VIII бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендердік бейне.** | |
| **Тақырып 8.1.** | Радиоарналарды тыңдаймын. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары. Отбасы және гендерлік саясат. |
| **Тақырып 8.2.** | Телефон – байланыс құралы. Қазақтың тұңғыш дикторы. |
| **IX бөлім. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар.** | |
| **Тақырып 9.1.** | Тұрмыстық қалдықтар. Өндірістік қалдықтар. Қауіпті қалдықтар. Қайнар Олжай. «Жер мен аспан арасындағы дастан». |
| **Тақырып 9.2.** | Думан Рамазан. «Соңғы дем» әңгімесі. |
| **X бөлім. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек.** | |
| **Тақырып 10.1.** | Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар. Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік.. |
| **Тақырып 10.2** | Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер. «Қара пима» поэмасы. «Қара пима» – трагедиялық шығарма. |
| **XI бөлім. Жастардың денсаулығы – қоғамның байлығы.** | |
| **Тақырып 11.1** | Нашақорлық – қоғамдық дерт. Темекі тарту – зиянды әдет. Саламатты өмір салтын ұстанамын. Денсаулықты сақтау өз қолымызда. |
| **Тақырып 11.2** | Бердібек Соқпақбаев. «Он алты жасар чемпион» (әңгіме) |

| | |
|---|---|
| **XII Бөлім. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік.** | |
| **Тақырып 12.1** | Мұхтар Шахановтың «Компьютер басты жарты адамдар» концепциясы. «Өркениеттің адасуы» (романнан үзінді) |
| **XIII бөлім. Қоғам және заң.** | |
| **Тақырып 13.1** | Тәртіпке бағынған ел құл болмайды. Тәртіпсіздік неден басталады? Құқық бұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды. Ермек Өтетілеуұлы Ата Заң. |
| **XIV бөлім. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік.** | |
| **Тақырып 14.1.** | Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер. Отбасы – құндылық. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. |
| **Тақырып 14.2.** | Ерболат Әбікенұлы. «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі. «Жігітті намыс өлтірер...» |
| **XV бөлім. Экология. Мұнай және атомдық индустрия.** | |
| **Тақырып 15.1.** | Табиғатты аяла. «Жасыл ел» бағдарламасына қатысамын. Мұнай – еліміздің шикізат байлығы |
| **Тақырып 15.2.** | Гүлжауһар Сейітжан. «Қара алтыны халқымның...» |
| **XVI бөлім. Тіл. Өнер. Әдебиет.** | |
| **Тақырып 16.1.** | Екі тілді білген – екі адам. Қазақ тілі – қандай тіл? Шешендік сөз өнері. |
| **Тақырып 16.2.** | Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасы (үзінді) |
| **XVII Бөлім. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі** | |
| **Тақырып 17.1.** | Жұмыс және табыс. Жұмыс табу – мәселе. Сан есім. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Кедейлік неден туады? |
| **Тақырып 17.2.** | Ыбырай Алтынсарин. «Атымтай Жомарт» әңгімесі. Қазіргі заманның атымтайлары. |
| **XVIII бөлім. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі** | |
| **Тақырып 18.1.** | Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана» (хикаят). |
| **XIX бөлім. Ұлттық театр – өнер ордасы** | |
| **Тақырып 19.1.** | Қазақ театрының қайнары. Көсемше. Сахна – өмір айнасы. Ұлттық өнердің тарландары. |
| **XX Туризм: Экотуризм** | |
| **Тақырып 20.1.** | Туризм тарихын білесің бе? Туризмнің түрі көп... |
| **Тақырып 20.2** | Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы. Ілияс Жансүгіров. «Жетісу» суреттері. |
| **XXI бөлім. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі.** | |
| **Тақырып 21.1** | Әкеге қарап ұл өсер... Үстеудің мағыналық түрлері |
| **Тақырып 21.2** | Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 1-кітап. Қайтқанда |
| **Тақырып 21.3.** | Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 2-кітап. Тайғақта |
| **XXII бөлім. Жастар мәселесінің түйткілдері.** | |
| **Тақырып 22.1.** | Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері. Талаптыға нұр жауар. Наноспутник жасаған жас ғалымдар. Септеулік шылаулар. |
| **Тақырып 22.2.** | Жастар мәселесінің түйткілдері. Демеулік шылаулар. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» (романнан үзінді), 3-кітап |
| **XXIII бөлім. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты.** | |
| **Тақырып 23.1.** | «Жаһандық миграция» деген не? Иммиграция – үздіксіз процесс. Көші-қон тарихы. |
| **Тақырып 23.2.** | Қабдеш Жұмаділов – қаламгер. «Қаздар қайтып барады» повесі |
| **XXIV бөлім. Толерантылық – ел бірлігі.** | |
| **Тақырып 24.1.** | Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Оқшау сөздер. Береке басы бірлікте. Ел бірлігін сақтау – бабалар аманаты. Сайын Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесі. |

| | |
|---|---|
| **XXV бөлім. Ұлт мұраты – ұлттық қауіпсіздік.** | |
| **Тақырып 25.1.** | Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғым келеді. Отан қорғау – парызым. Сағадат Нұрмағамбетов – халық қаһарманы |
| **Тақырып 25.2.** | Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасы |
| **XXVI бөлім. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші** | |
| **Тақырып 26.1.** | Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш. Демалыс мәдениеті. |
| **Тақырып 26.2.** | Мұқағали Мақатаев. «Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі. Қорытынды сабақ |
| **Емтиханға арналған тест тапсырмалары** | |

**1-сабақ.**

**І бөлім. Еңбек нарығы және сұраныс.**

Тақырып 1.1.Еңбек нарығы. Кәсіпкерлік – табыс көзі. Кәсіпкерлік – шеберлік. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім.

**Мақсаты:**

- мәтіндерге сүйеніп диалог құрастыру, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдану;
- көптік жалғауларын қолдана отырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру.

**Бағалау критерийлері:**

- мәтіндерге сүйеніп диалог құрастырады;
- сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады;
- көптік жалғауларын қолдана отырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. «Еңбек» тақырыбына қатысты қандай мақал-мәтелдер, нақыл сөздер білесіздер?
2. Еңбек сөзі қандай сөздермен тіркеседі?

Тірек сөздер:
- ***еңбек нарығы***
- ***бәсекелестік***
- ***іскерлік***
- ***біліктілік***
- ***ұсыныс***
- ***сұраныс***

Еңбек нарығында кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар арасында белгілі бір қарым-қатынас орнайды. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына және құнына әртүрлі ықпал жасайды. Ол еңбектің бағасына тікелей, ал жұмыс күшінің құнына жанама түрде әсер етеді.

Баға – өндіріс салалары дамуының басты бағдары. Тауарлар мен қызметтерді тұтынушы мен сатушы, жұмыс беруші мен жалданушы жұмыскерлер арасындағы қарым-қатынастар да дәл сол қызметті орындайды. Жалданушы қызметкерлер жұмыс орындарын олардың «бағасына» қарап таңдайды. Қызметкерлер өзінің жұмыс күшін сол жұмыс күшіне неғұрлым мол ақы (баға) төлейтін жұмыс берушіге сатуға құқы бар. Қызметкерлердің бір бөлігі өз жұмысын жоғары ақы төленетін басқа жұмысқа ауыстырғысы келген жағдайда, жұмыс беруші оларды жалақы деңгейін арттыру арқылы өз кәсіпорнында алып қала алады. Жалпы біліктілігі жоғары қызметкерлер көп салаларда жалақы деңгейі (еңбек бағасы) төмен болады. Яғни, сұраныс пен

ұсыныс капитал нарығына қалай әсер етеін болса, жұмыс күші нарығына да дәл солай әсер ете алады.

«Баға және баға белгілеу» кітабынан

**Тапсырмалар.**

**1-тапсырма. Сұрақтар бойынша диалог құрыңыздар.**

1. Еңбек нарығындағы қарым-қатынастар кімдердің арасында орнайды?
2. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына қалай әсер етеді?
3. Өндіріс салалары дамуының бағдары не?
4. Жұмыс берушілер жұмыскерлерді өз кәсіпорнына қалай тарта алады?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Сөйлемдерді стилистикалық нормаларға сай құрастырады.10 балл
- Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады. 10 балл

**2-тапсырма. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыз.**

1. Мәтінің қай стильге жататынын анықтаңыз.
2. Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөліктегі негізгі ақпаратты табыңыз.
3. Мәтінге тақырып қойыңыз

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіннің стилін анықтайды; 10 балл
- Әр бөліктегі негізгі ақпаратты анықтайды 15 балл
- Мәтінге тақырып қояды 10 балл

**3-тапсырма. Мәтіннен көптік мағынаны білдіріп** тұрған зат есімдерді тауып, кестені толтырыңыз жән сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырыңыз.

| Зат есімдер | Көптік жалғауы |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

**Бағалау дескрипторлары:**

- көптік жалғауларын ажыратады; 10 балл
- көптік жалғауларын қолдана отырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады. 20 балл

**4-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер**. 15 балл

1. Бүгінгі сабақта не үйрендіңіздер?
2. Қандай термин сөздердің мағынасын білдіңіздер?
3. Қандай тапсырма қиындық келтірді? Неліктен?

.

**2 -сабақ.**

**Тақырып 1.2. Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы.**
**Теміржолшы – тарихи оқиға шежіресі.**

**Түсіндірме сөздік**

**Тұспал** – болжам
**Мосқал тартқан** – біраз жасқа келген, қартайған.

«Шойыннан жол салынғалы жатыр, ол жолдың көрінісі **домбыраның екі ішегі** сияқты болады екен, онымен поезд деген отпен жүретін арба келеді екен» «деген қауесет Балқаштың бергі жағасына жуық жатқан Күрті еліне тез тарап кетті...

— **Шойыннан істелген арба** дейді, от күшімен көп жүк сүйрейді екен,— десті кешке жақын ауыл ортасындағы төбе басында отырғандар.

— Ол қайда барады екен?

— Мына Қопаны басып өтеді дейді жұрт.

Шетте отырған, жасы жиырмалар шамасындағы қара жігіт ел аузына біраз қарап тұрды да, орнынан тұрып кетті.

Ол үйіне келгенде алауланған тезек оты быкси жанып, үй іші ала көлеңкеленіп тұр екен.

— Апа,— деді үйіне келіп жігіт, отты үрлеп жатқан шешесіне,— мен **шойын жолға** жұмысқа тұрсам қайтеді?

— Жассың ғой әлі, қалқам.

— Ой апа, жиырмаға келген адам жас болушы ма еді?!

— Анығын білдің бе? Жұмысшы ала ма екен?

— Әзірше менің естігенімнің бәрі тұспал.

Сөз басыла бергенде, киіз үйдің есігі көтерілді де, сәлем беріп мосқал тартқан бет сүйегі шығыңқы, аласа бойлы, қара сақалды кісі үйге кіріп келді. Бұл Тосқанбай деген өздерінің бір туысқаны еді.

— Тосекеңбісіз? Төрге шығыңыз.

— Жоқ, асығыспын,— деді Тосқанбай.

—Қопа жаққа барып едім. Қопаны бастыра шойын жол жасап келеді екен. Соны біліп қайттым. Сен де жұмыс іздеп жүр дегенді естіп, айта кетейін деп едім. Мен қазір барып дем аламын да, таң сәріден көшемін. Үлкен балам екеумізге жұмыс беретін болды.

— Сапарыңыз оң болсын! Мен де көшемін,— деді үй иесі.

(Б.Қыдырбекұлы. «Теміржолшы әңгімесінен)

**1-тапсырма. Әңгімені оқыңыздар. Қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- мәтіннің мазмұнын түсінеді - 10 балл
- қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді – 10 балл

**2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.**

1. Әңгіме кімдердің арасында өтті?
2. Әңгімеге қандай тақырып арқау болды?
3. Ауыл адамдары неліктен Қопаға көшпек болды?
4. Шойын жол ауылға не үшін салынды?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады. 10 балл
- Сөйлемдерді стилистикалық нормаларға сай құрастырады. 10 балл

**3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін не туралы? Мәтін мазмұнын қасыңыздағы жұбыңыздың түсінген-түсінбегенін білу үшін оған сұрақтар қойыңыз.**

Кеше кеште қызметте тұрған Әліш Үмбеталовқа станция бастығы Орынбаев бір пакет әкеліп тапсырды да:

— Қазір сен жұмыстан шығып, үйіңе барып жуынып, маған кел, мен сені осында күтемін, екеуміз қазір Алматыға жүреміз,— деді.

— Не жұмысқа жүреміз?

Әліш жұмыс киімін тастап, пакет ойына түсіп ашып оқып еді, «станция бастығы екеуіңіз келесіз, сіз кеңеске қатысушыларға өз жұмысыңыз туралы әңгіме айтасыз» деген шақыруға жол бастығы қол қойыпты. Әліш сасыңқырап қалды.

— Дайындықсыз қалай сөйлеймін, міне қызық.

Ол орнынан тұрып тез киінді де, станция бастығына келіп барлық жағдайын, өзінін даярлығының жоқтығын да ескертті.

— Ештеме етпейді,— деді Орынбаев,— даярлықтың керегі жоқ. Ондағылардың бәрі өзіңдей теміржолшылар, өзіңнің жұмыс тәжірибеңді жай ғана әңгімелеп бересің.

Әліш әлі де жүрексініп келеді. Поезд ішінде де ол қобалжумен болды. «Әңгімені неден бастаймын» деп Орынбаевтан қайта-қайта сұрай берді. Сол күні олар қонақүйге түсті де, таңертең жол басқармасына келді. Кеңес күндізгі сағат он бірде басталды. Алдымен жол бастығы баяндама жасады, сонан соң Әлішке сөз берді.

Біраз қысылыңқырап қалған Әліш аздан соң сөйлеп кетті. Ол өзінің жұмысына байланысты жағдайларды, іс әдісін бір жарым сағат айтты. Біраз сұраулар болды. Оған жауап беріп Әліш орнына келіп отырды.

— Көп сөйлеп кеттім бе?- деп сұрап қойды ол жанындағы Орынбаевтан.
— Жоқ, әдемі сөйледің, бағана сонша қорқып едің, өзің шешен екенсің ғой.

Мәжіліс аяқталар кезде жол бастығы Андреев орнынан тұрды да:
— Кеңестің аяғы мейрамға айналатын болды, жолдастар,— деді.— Біздің жолдасымыз Әліш Үмбеталов үкімет наградына ие болды. Мына «Правда» газетінде Указ басылыпты, соны тыңдалық.
«Жиырма бес жылғы темір жолға үздіксіз сіңірген енбегін еске ала отырып, поездарды тоқтаусыз жүргізуде зор жетістікке ие болған Әліш Үмбеталов Ленин орденімен наградталсын» депті Указда.

(Б.Қыдырбекұлы. «Теміржолшы әңгімесінен)

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді – 10 балл
- Сұрақтар дайындайды және оларға жауап береді – 15 балл

**4-тапсырма. Мәтіннен тәуелдік жалғауымен келген сөздерді тауып. Қай жақта және қандай түрде қолданылып тұрғанын анықтап, кестені толтырыңыздар.**

| Тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесімі | Тәуелденудің түрі және жағы |
|---|---|
| жұмыс киім*і*н | ***Оңаша тәуелдеу, ІІІ жағы*** |
| | |
| | |

**Бағалау дескрипторлары:**

- Тәуелдік жалғаулы сөзді табады; 10 балл
- Оңаша, ортақ тәуелдеу түрін ажыратады.10  балл

**5-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңізде**р.

1. Бүгінгі сабақта не үйрендіңіздер?
2. Сөздік қорларыңызды қанша сөзбен толықтырдыңыздар?
3. Сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?
4. Келесі сабақта қандай мәселелерге басты назар аудару керек?

## 3-сабақ.
## ІІ бөлім. Отандық өнеркәсіп өнімі.
## Тақырып 2.1. Отандық өнімді пайдаланамыз. Орталық Қазақстан – кенді аймақ.  Дауысы дәуірмен ұласқан.

**Мақсаты:**

1) Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау;
2) Публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мәтін жазу;
3) Көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;
- публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мәтін жазады;
- көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолданады.

**Оқылымалды тапсырмасы:**

- Қандай танымал отандық өнімдерді білесіздер?

**тірек сөздер:**

| | |
|---|---|
| кәсіпорын | азық-түлік өнеркәсібі |
| кен байыту комбинаты | әртараптандыру |
| өндірісті кеңейту | өндіру |
| жабдықталу | |

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Ел тарихында маңызды орын алған өнеркәсіп орындарымен таныс болыңыздар.**

Өнеркәсіп – Қазақстанның халықшаруашылығының жетекші саласы. **Ұзақ уақыт бойы майдан қажеттіліктеріне бағытталған өнеркәсіп кәсіпорындары енді бейбіт өнімді шығара бастады**. Ауыр индустрияның кәсіпорындары салынды. Қазақ металлургия зауытының құрылысы аяқталды. Ақтөбе ферроқорытпа зауытының қуаттылығы күшейді, «Қаратау» кен-химия комбинаты өз жұмысын бастады. Жергілікті отынға негізделген энергетика дамыды. Жеңіл өнеркәсіп және азық-түлік өнеркәсібі әрі қарай дамыды. Халық тұтынатын тауарлар түрі көбейіп,, тауарлардың сапасы артты. Республикада қара, түсті металлургия, мұнай-газ өнеркәсібі, өнеркәсіптің химия және мұнай-химия ілгері дамыды.

Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Павлодар алюминий зауыты, Өскемен титан-магний комбинат, Балқаш тау-кен металлургиялық комбинаты өз жұмысын жандандырды. Мұнай өгжіретін өнеркәсіп жылдам дамыды. бастады. Қазақстанның машина жасау саласы ауыл шаруашылығына қызмет көрсетуге бағытталды. «Қазақсельмаш» зауытында жаңа қуаттылықтар іске қосылды, олар ауылшаруашылық машиналардың құрамдас

бөліктерін шығарды, жаңа машиналар мен жабдықтардың шығаруда. Соның арқасында егіншілік пен шаруашылық салаларындағы механикаландыру басталды. Заманауи техникамен жабдықталған Шымкент және Өскемен зауыттары қуатты болды.

**Бағалау дескрипторлары**:

- мәтіннің мазмұнын түсінеді 10 балл
- тірек сөздердің мағынасын ашады 10 балл

**2-тапсырма**. *Мәтіннен өнеркәсіп атауларын тауып, олардың қандай салаға жататынын «Қос жазба күнделігі» арқылы түсіндіріңіздер.*

**Бағалау дескрипторлары:**

- *Мәтіннен өнеркәсіп атауларын теріп жазады 10 балл*
- *Олардыі қандай салаға жататынын анықтайды 10 балл*

**3-тапсырма**. *Өздеріңіз тұратын аймақта қандай өнеркәсіп орындары бар? Олар қандай өнім шығарады? Шағын* ***мәтін*** *құрастырыңыз. Көптік мәнді сөздерді дұрыс қолданыңыздар.*

**Бағалау дескрипторлары:**

- *тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мәтін құрастырады 15 балл;*
- *көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолданады. 15 балл*

**4- тапсырма. «Сиқырлы әріптер». 10 түрлі тамақ өнеркәсібінің өнімдерін тауып, олармен сөйлем құрастырыңыз.**

***Бағалау дискрипторлары:***

-«Сиқырлы әріптер» сөз жұмбағын дұрыс шешеді;10 балл

- сөйлем құрастырады. 10 балл

**Ойтаразы. 10 балл**

1. Мәтіннің мазмұнын жақсы түсіндіңіз бе?
2. Жазған мәтініңізде тыныс белгілерін дұрыс қоя алдыңыз ба?

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қ | н | е | о | т | м | в | ц | к | қ | о | л | г | ы | п |
| г | а | ц | б | е | к | і | р | е | а | ш | ю | л | й | я |
| х | ж | щ | д | ч | а | у | н | о | н | л | қ | ұ | р | т |
| қ | е | н | а | ч | и | ь | ш | е | т | т | р | з | а | м |
| а | ш | м | а | к | а | р | о | н | е | р | т | и | м | е |
| й | л | с | н | ь | ш | б | т | м | е | щ | б | о | п | а |
| м | н | г | п | а | в | ы | я | ф | у | е | о | б | д | м |
| а | х | а | р | н | к | е | ш | ұ | ж | ы | қ | ш | м | а |
| қ | н | а | н | к | н | а | о | р | т | и | у | ч | а | в |
| н | н | р | о | п | к | с | у | в | н | г | ь | п | р | г |
| ш | н | е | а | м | и | ш | е | м | і | ш | к | е | м | з |
| д | ш | о | л | м | е | с | ч | е | ы | щ | о | и | е | ш |
| а | з | е | ф | и | р | г | у | ы | м | с | н | г | л | о |
| к | ш | о | и | м | в | ц | х | а | л | у | а | н | а | т |
| д | ж | н | и | с | ч | ш | а | р | а | п | ы | е | е | т |

## 4-сабақ.
## Тақырып 2.2. Қарағанды – кенжілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. «Қарағанды» романынан үзінді.

**Мақсаты:**

1. Мәтінде қарастырылған мәселеге өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу.

**Бағалау критерийлері:**

- Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;
- Шығарманың жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мінездеме жазады.

### Ғ.Мұстафин. «Қарағанды» романы.

***«Қарағанды» романы** – 1952 жылы жарық көрген. Қазақстанда совет өкіметі тұсында өркендеп дамыған өндірісті, онда жұмысшы табының туып, қалыптасуын көрсетуге арналған. Автордың өзінің балалық, жастық шағы сол ортада, Қараганшы жұмысшыларының ішінде өтті. Не білімі, не*

*өндірістік мамандығы жоқ жас жұмысшы Ғабиден өз әріптестерімен бірге үлкен өмір көрді. Онда ол жер қазды, темірдің тотын қырды, токарь, машинист болып істеді. Ағылшындардан қирап, тозып қалған, жабылған Қарағандыны жақсы білді. Оның совет өкіметі тұсында қайта ашылуының куәсі болды. Ескі жұмысшылардың қайта тууы мен жаңа қосылған ұрпақтың жұмысшылыққа тәрбиеленуін өз көзімен көрді. Сөйтіп оны жазушының көзімен қайта қарап, үлкен романға арқау етті.*

***Тірек сөздер***

*Қолбұран*
*Атбұран*
*Бу күші*
*Құдық суы*
*Бу генераторы*
*Буқазан*

**1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар және сұрақтар құрастырыңыздар.**

Сергей Петрович орнынан тұра сағатына қарады. Од денесін тікейте, екі қолын артына ұстап, жай бастады сөзін. Жатқа айтты. Бұл отырғандардан денесі ғана емес. Жасы да, тәжірибесі де үлккен. Қарағандының қазіргісін ғна емес, келешегін де көрген байсалды адам жұмысын жайып салып, картадан көрсеткендей сөйледі.

Қазір Қарағандының келешегінен гөрі бүгінгі жағдаын баса айтып, түйінді бірнеше мәселеге тоқтады да, бәрін өзі шешіп берді.

... Бізден бұрын Ермек ашқан бір ғана шахта жұмыс істеп тұр. Ескі жұмысшылар үйренген өндірісін тастап кете алмаған. Көмірді қолбұранмен шығарып, елге азық-түләкке айырбастап күн көріпті. Біз келгелі жаңадан төрт шахта қазылып жатыр. Материал, алдымен ағаш жетпейді. Су, азық-түлік жетпейді. Ағылып келіп жатқан жұмысшыларға үй жоқ. Бәрі теміржолдың келуін күтеді. Оған дейін көпті қаңтарып тұра аламыз ба? Әрине, тұра алмаймыз. Жергілікті мүмкіншілікті барынша пайдалану керек. Сол мақсатпен бірінші шахтаның өте ауыр қолбұранын атбұранға айналдырдық. Бұл еңбек өнімділігін бес есе арттырды. Таяуда ат күшін бу күші басады. Еңбек өнімі тағы да арта түседі. Электр қуатын жасағанша осылай амалдай тұрармыз...

Щербаков жай сөйлеп, алдағы қауырт жұмыстарды қтындықтармен қоса көз алдынан өткізіп тұр. Мейрам оның сөзінен сол қтындықтарды жеңетін күшті де көріп, сүйсініп отыр. Оқта-текте сұрақ беріп қояды.

- Су мұқтаждығын қалай жоямыз?

- «Герберт» суы ертең жер бетіне шықпақ. Құдықтар сцы тек адам ішуге қалады. Онымен де су мұқтаждығынан құтыла алмаймыз. Екі километрде «Майқұдық» бұлағы, отыз бес километрде Нұра өзені жатыр. Соларды тарту

керек. Теміржол келіп, трубалар жеткізгенше канал дайын тұрсын... Мейрам сұрақ қойды:
- Көп жұмысты теміржолдың келуіне қараттыңыз. Оған тиеген жүгңіз бар ма, қашан келеді?
- Жоқ, біздің қарауымызда емес қой. Кесіп айту қиын. Қазір Осакаровкаға жетіпті. Январьға дейін Қарағандыға жетуге тиісті. Жеткен күні Доенбастан көмек келеді.
- Қандай көмек?
- Бір бу генераторы, екі буқазаны, нефть, двигатель, болат арқан, трубалар, бірнеше динамо. Ұсақтарын қоспағанда, бастылары осылар. Осының өзі бір адым алға жібереді бізді...

Ғ.Мұстафин. «Қарағанды» романынан

**Бағалау дескрипторлары**:
*Мәтіннің мазмұнын түсінеді- 10 балл*
*Мәтін мазмұны бойынша 5 сұрақ құрастырады – 15 балл*

**2-тапсырма. Шығармадан алынған үзіндіде қандай мәселе көтерілген?**

**Бағалау дескрипторлары**:
*Шығармада көтерілген негізгі мәселені айқындайды – 25 балл*

**3-тапсырма. Щербаковқа мінездеме беріңіздер.**

**Бағалау дескрипторлары:**
*Тілдік құралдарды орынды қолданып, мінездеме береді- 30 балл.*

4-тапсырма. Мәтіндегі жер-су атаулары мен өндіріске қатысты термин сөздердің мағынасын ашып, кестені толтырыңыздар.

| Жер-су атаулары | Термин сөздер | Жазылу емлесі |
|---|---|---|
| «Майқұдық» бұлағы | | Бұлақтың атауы. Бірге жазылады. |
| | Қолбұран | Бірге жазылады. |
| | | |
| | | |
| | | |

**Бағалау дескрипторлары**
Мәтіндегі жер-су атаулары мен өндіріске қатысты терминдердің мағынасын ашады; 10 балл
Жазылу емлесін біледі. 10 балл

5- тапсырма. **Кері байланыс «3-2-1»**




- Сабақтан алған 3 маңызды ақпарат
- Қиындық тудырған 2 аспект
- Сабақ барысында туындаған 1 сұрақ

**5 сабақ.**
**III бөлім. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.**
**Тақырып 3.1. Қазақ киносының атасы. Қазақстанның мәдени өмірі. Театр фестивальдары. Тарихи сахнаны шығармалау.**

**Мақсаты:**

1. Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.
2. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолдану.

**Бағалау критерийлері:**
- Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады
- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды.
- Шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады.

**Тірек сөздер:**

- Үздік фильм
- Жүлде
- Сомдау
- Сүйсіну

- сыншы
- ауыртпашылық
- бейнет

**1-тапсырма. «2017 жыл қазақ киносы үшін жемісті болды» тақырыбындағы бейнебаянды көріңіз. Қандай фильмдер жайлы баяндалған? Аталған фильмдердің қайсысын тамашаладыңыздар?**

Дескриптор:
- Бейнебаяндағы фильмдердің атын және өздері тамашалаған фильмі туралы жазады – 20 балл

2-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбына назар аударыңыздар. Мәтін қанша азат жолдан тұрады? Әр азат жолда не туралы айтылған? - 15 балл

«Анаға апарар жол" фильмі Бішкекте өткен "Ақ ілбіріс" атты VI ұлттық киножүлдесінде Орталық Азияның үздік фильмі атанды. Фильмнің бас продюсері -Әлия Назарбаева, режиссері - Ақан Сатаев. Бұл кинотуынды ананың перзентіне деген шексіз махаббатын, перзентінің Отанына деген адалдығын көрсетеді. Актерлердің образдарды сомдау шеберлігіне сүйсіне отырып, осындай ой түйесің.

Аталған кинотуынды 38-ші Халықаралық Мәскеу кинофестивалінде және "Еуразиялық көпір" атты фестивальге қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Одан бөлек, бұл туынды биыл Қазақстан киносыншылар ассоциациясы ұйымдастырған "Сыншылар таңдауы" жүлдесінде үш бірдей жүлдені иемденді. Атап айтсақ, "Ең үздік актриса" - Алтынай Нөгербек және "Екінші пландағы үздік актриса" Аружан Жазылбекова деп танылды. Ал "Фильмге жазылған үздік музыка" номинациясын аталмыш фильмнің композиторлары Әлім Заиров пен Роман Вишневский бөлісті.

Фильмнің желісі қазақ халқының XX ғасырда бастан кешкен күрделі тарихи кезеңдерден құрылған, атап айтсақ, күштеп жүргізілген ұжымдастыру науқаны, ұлттың басына түскен ұлы трагедия - жұт, Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі бейнетті жылдар. Фильм өмірдің ауыртпашылығына төтеп берген, қиын қыстау күндері сұрапыл соғыстың мехнатын көрген, жат елде тұтқында болған Ілияс есімді жігіттің тағдырын баяндайды. Бөтен жерде айдауда жүрсе де, жат елдің зорлық-зомбылығын көріп, қиянатын кешсе де, жалғыздықтың тауқіметін тартса да, бас қаһарман атажұртын аңсап, анасын сағынып, туған жеріне оралатынына ешқашан күманданбайды. Фильмдегі осы астарлы ой көрермендерді терең ойландырады.

**3-тапсырма. Мәтіннен нақты деректер келтіре отырып, досыңызға фильм туралы хабарлама жазыңыз. Хабарламада сын есімдерді қолданыңыз.**

**Бағалау дескрипторлары**:

- негізгі нақты деректерді келтіре отырып, фильм туралы хабарлама жазады; 30 балл
- сын есімдерді орынды қолданады. 15 балл

**4-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына сөздер мен тіркестерді қандай синоним сөздермен ауыстыруға болады? 5 сөйлем құрастырыңыз.**

Кинотуынды, фильмнің желісі, жұт, мехнатын, бас қаһарман, атажұрт, жат жерде, тауқымет.

**Керекті сөздер**: азабын, ашаршылық, бас кейіпкер, қиыншылық, туған жер, фильмнің сюжеті, бөтен жерде, фильм.

**Бағалау дескрипторлары**

- синонимдерді дұрыс сәйкестендіреді; 10 балл
- сөйлем құрастырады**.** 10 балл

***Ойтаразы. Бүгінгі сабаққа өз пікірлеріңізді білдіріп, сөйлемдерді толықтырыңыздар.***

1. **Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім.**
2. **... қиындық тудырды.**
3. **Мен өзімді ... ... үшін мақтар едім.**
4. **Маған ерекше ұнағаны ... ... .**
5. **Сабақтан соң маған ... ... ой келді.**

## 6-сабақ.
## Тақырып 3.2. Дулат Исабеков. «Әпке»пьесасы.

**Мақсаты:**

1. Автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау;
2. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- Драмалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;
- Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдайды, астарлы ойды анықтайды.
- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды

Дулат Исабековтың "Әпке" шығармасында ата-аналарынан ерте айырылған жетімдертуралы айтылады. Бірақ оларды жетімдер деуге келмес. Себебі бауырларына ата-ана да, әпке де бола білген үйдің үлкені Қамажай атты әпкелері бар. Қанша бастарынан қиындық өткедерімен әке- шешесінің орнын жоқтатпай бауырларының аяқтарынан тік тұрғызып,қатарынан қалдырмауға тырысты.Олардың бәрін оқытып, тоқытып тіпті кіші інісін үйлендіріп бөлек үйге шығарып берді. Бұл шығармадан үлкен тәлім-тәрбие алуға болады.Әпкесінің бауырларына деген махаббаты қамқорлығы туралы айтылады.Тіпті қазіргі кезде әпке болмақ түгілі өз балаларын тастап кете баратын көкек аналар қаншама...

**1-тапсырма. Үзіндіні оқыңыздар. Негізгі және қосымша мәселелерді ажыратыңыздар. Мәселелерді тезис түрінде жазып шығыңыздар**.

*Үйде той. Ұзын үстел лық толы. Қарсы беттегі қабырғада АНА портреті. Оның астында «60 жас» деген жазу көрініп тұр. Көрші әйел кіреді. Қолындағы гүлін үстел үстіндегі вазаға қояды.*

**Әйел.** Бақыт деген осы-ау деймін, Қамажай. Аналарыңның тойы құтты болсын. Бәрін жеткіздің, бәрін өсірдің. Азамат деген сендей-ақ болсын.

**Қамажай.** Көңіліңізге рақмет. Темір мен Омардың келетін уақыты болды. Кешігіп жатыр.

**Әйел**. Келеді ғой. Қара шаңырақ оларды қайда жіберер дейсің. Әй, Қамажай, өз дегеніңді орындап, бәрін жеткіздің. Омарың – ғалым,
Тимурың – бригадир, Нәзилаң – мұғалім, Ермек – оқушы. Енді... өзіңді де ұмытпасаңшы. Саған ешкім ренжи қоймас.

**Қамажай.** Қайдам, осылардың анасын жоқтатпаймын деп жүріп, шын ана боп кеткен сияқтымын. Бәрі жас баладай көрінеді де тұрады.

*Ермек кіреді. Қолында телеграмма. Өзінше күбірлеп,оқып келеді.*

**Қамажай.** Не болды? Тыныштық па? Бұл не? Телеграмма? Япыр-ай, жүрегім бір нәрсені сезген сияқты еді, әкелші бермен (оқиды).

*«Мамуля! Бригаданың жылдық жоспарының орындалуы жайлы өндірістік басқарма алдында ертең есеп беруіме байланысты бара алмайтын болдым. Ол үшін бәріңнен мың мәрте кешірім сұраймын. Тимур».*

*«Мамуля, Кешір! Қазіргі түркі философиясының теориялық мәселелері бойынша Анкара қаласында өтетін халықаралық конференцияға шұғыл аттанып бара жатырмын. Қайтар жолда міндетті түрде соғамын. Өзіңді құшақтап сүюші – Омар».*

**Қамажай**. Сөйтіп... бұлар... келмейтін болды де.

**Ермек.** Әпке, олар келмей ме?

**Қамажай**. Иә, келмейтін болды. Жұмыстан... жұмыстан қолдары босамай жатыр екен. Кешірім сұрапты.

*Ермек телеграмманы қолына алып, орындық арқалығына сүйеніп, үнсіз тұрады.*
**Ермек.** Бұрын мына жерде Ом, мына жерде Тим отыратын еді. Енді бәрі жоқ. Олар бізді енді сағынбайды.
**Қамажай.** Өзіміз-ақ өткіземіз. Өзіміз-ақ! Олардың қолдары тимейді. Өзіміз-ақ... Өзіміз-ақ!
**Бағалау дескрипторлары**

- Негізгі мәселені анықтайды және тезис түрінде жазады; 15 балл
- Қосымша мәселені анықтайды және тезис түрінде жазады. 15 балл

**2-тапсырма. Пьесадағы оқиға желісін қалай аяқтар едіңіз? Дамытып айтып көріңіздер және өз ойларыңызды жазбаша түрде баяндаңыз**.

**Бағалау дескрипторлары**

- Болжам жасап, өз ойларын жеткізеді; 15 балл
- Кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстырады. 15 балл

**3-тапсырма. Әпке драмасындағы кейіпкерлерді табыңыздар.**

**“Ізденіс стратегиясы”. Кімнің сөзі?**

| | |
|---|---|
| - “Мамуля! Бригаданың жылдық жоспарының орындалуы жайлы өндірістік басқарма алдында ертең есеп беруіме байланысты бара алмайтын болдым. Ол үшін бәріңнен мың мәрте кешірім сұраймын.” | |
| - “Мамуля! Кешір. Шетелде өтетін халықаралық жиынға шұғыл аттанып бара жатырмын. Қайтар жолда міндетті түрде соғамын. Өзіңді құшақтап сүюші. | |
| - Сені түсінемін. Бірақ, амалым не? Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып әке кетті, талқаны таусылып, шеше байқұс арманда ол кетті. Балдардың күні не болмақ. | |

Бағалау дискрипторлары
- Кейіпкерлерді анықтайды. 10 балл

**4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер:**

- Қамажай өзінің інілері мен сіңлісінің болашағы үшін басын бейнетке тігіп, бар қиындыққа төзеді. Мұның сыры не?
- Адамның бақыты дегеніміз не?
- Пьесадағы қай кейіпкер ерекше ұнады?
- Ананың туған күнінде жалғыз қалуына не себеп болды?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Сұрақтарға жауап береді; 15 балл
- Ойларын жүйелі жеткізеді; 15 балл

**Кері байланыс:**
**«ПОПС» формуласы бойынша өзінің қорытындысын шығару.**

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша,.. ».
- Екінші сөйлем
  «Себебі мен оны былай түсіндіремін … ».

- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … ».
- Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ....»

## 7-сабақ.
## IV бөлім. Ұлттық экологиялық мәдениет.
## Тақырып 4.1. Экология және кәсіби маман мәдениеті. «Жасыл белдеу» бағдарламасы және экология.

**Мақсаты:**

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау;
2. Публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;
3. Сан есімнің жасалу жолдарын білу.

**Бағалау критерийлері:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;
- Мәтіндердің (тезис) құрылымы мен рәсімделуін меңгереді, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды;
- Сан есімнің жасалу жолдарын біледі, мәтін құрауда орынды қолданады.

**Тірек сөздер:**

***Бетпақдала*** *– сусыз мидай дала, шөл дала.*
***Кертіп жеу*** *– аз-аздан жеу*
***Табиғи резерват*** *– қорық секілді қорғалатын аумақ*
***Эколологиялық дәліз*** *– жануарлардың қоныс аударуын қамтамасыз ету.*

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Тақырыбына мән беріп, ондағы негізгі ойды анықтаңыздар.

**Ақбөкен – киелі жануар.**

Тұяқты жануар жайылмаса, өзінен-өзі азып кететін «Бетпақ» аталып кеткен ұлан байтақ сайын даламызды келер ұрпаққа қалай жеткіземіз? Оның әзірге бір ғана шешімі бар. Алдымен қазақ үшін киелі жанура атанған ақбөкен санын қалпына келтіруіміз қажет.

Ақбөкен шөпті таңдап-талғап жейді, жоғары жағынан кертіп алып қана жайылады. Көбіне әр жердегі шөпті теріп, жүре жайылады. Сондықтан өсімдіктердің өсуі тоқтамайды, керісінше тұқымын шаштырып, оны үшкір, аша тұяқтарымен жерге енгізеді. Ақбөкендер құрамында ылғалы мол шырынды өсімдіктермен қоректенетін болғандықтан, сулы жерлерден алыс аймақтарда да тіршілік ете береді.

90-шы жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында киік саны күрт азайып, жойылып кету шегіне жеткен. Зооинститут мәліметтеріне сүйенсек, 2003 жылы Бетпақдала таралымындағы киіктердің 1,8 мың дарағы ғана қалған. ҚР-ның Үкіметі шешім қабылдап, киіктерді аулауға тыйым салды және ол шешімді 2020 жылға дейін ұзартты. 2007 жылы Ақтөбе облысынан Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватын құрып, 763549 га жерді ерекше қорғалатын табиғи аумаққа бөлді. Өткен жылы көршілес Қостанай облысының Амангелді және Жанкелдин аудандарында да «Алтын дала» табиғи резерваты ашылды. Қазіргі таңда Ырғыз-Торғай табиғи резерватының жер көлемін 409 мың гектарға ұлғайту, екі резерват аралығынан экологиялық дәліз ашу құжаттар әзірленуде. Қазақстанның қақ ортасында дүние жүзіндегі ауқымды ерекше қорғалатын табиғи аумақ кешені пайда болғалы тұр. Бұл экожүйені қалпына келтіруге көмектеседі.

*Ақтөбе облыстық қоғамдық саяси газетінен*

**Бағалау дескрипторы:**

Мәтінді мұқият оқиды және негізгі ойды анықтайды – 15 балл

**2-тапсырма**. Мәтін бойынша менталды картаны толтырыңыздар.

Тақырыбы:

Стилі:
Мазмұны:
Мақсаты:
Терминдер
Тірек сөздер:

**Бағалау дескрипторлары:**
Тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіннің стилін анықтап, менталды картаны толтырады. 25 балл

**3-тапсырма**: Берілген сан есімдерді оқылым мәтініндегі қажетті сөздермен тіркестіріп, сөйлем құраңыздар.

**Үлгі:** *Әр өңірде **екі-үш** резерват құрылды **(болжалдық сан есім).***

Жиырмадан-отыздан, 1,8 мың, екі жарым, шамамен 2000 жылдар, үштен бір.
**Бағалау дескрипторлары:**
Сын есімдердің мағыналық түрлерін ажырата біледі; 15 балл
Сөйлемдерді дұрыс құрастырады. 15 балл

4-тапсырма. ***«Экологиялық мәдениет – табиғат пен адам өмірін сақтау»*** деген тақырыптағы **мақаланы** жалғастырыңыздар.

Қазақ халқының табиғат құбылыстарын терең білуі арқасында экологиялық мәдениет қалыптасты. Ырым-тыйым, мақал-мәтел арқылы осы дәстүр ұрпақтан-ұрпақққа жетіп отыр. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең, көзін аш» секілді сөздер халықтың табиғатқа деген шынайы ықыласынан туған. Бүгінде біз ...

**Бағалау дескрипторлары**:
- Мақаланы өмірмен байланыстырып, өз ойларын дәлелдеп жазады – 30 балл

***Ойтаразы. Бүгінгі сабаққа өз пікірлеріңізді білдіріп, сөйлемдерді толықтырыңыздар.***

1. **Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім.**
2. **... қиындық тудырды.**
3. **Мен өзімді ... ... үшін мақтар едім.**
4. **Маған ерекше ұнағаны ... ... .**
5. **Сабақтан соң маған ... ... ой келді.**

**8-сабақ.**

**Тақырып 4.2. Қадыр Мәрза Әлі – философ ақын. «Аралым...»**

**Мақсаты:**

1) Поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау;
2) Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.

**Бағалау критерийлері:**

- поэзиялық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерді оқып, түсіне алады;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер негізінде монолог немесе диалог құрай алады;
- сөз әдебі мен сөйлеу әдебі формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ете алады.

**Қызығушылықты ояту**:
https://www.youtube.com/watch?v=eY29J1SBy4g
М.Шаханов, Арал қасіреті. Тамара Асардың орындауында

**Сөздік жұмысы**
теңіз – айдын
бұлттарды сүзген – бұлттарға жеткен
жоқ айбының – жоқ күшің, қайратың
шөккен – батқан
дауыл жеккен – дауылмен қатар жүзген
толар ма ауыл жағаға? – жағасына ауыл келіп қонар ма?

Сөзі. Қ. Мырзалиевтікі
Әні. М. Омаровтікі

Шалқыған теңіз,
Толқыған теңіз,
Көгілдір көк айдыным, көк айдыным.
Биікте жүрген,
Бұлттарды сүзген,
Бұрынғы жоқ айбының, жоқ айбының.

Аққу арман,

Күтемін алдан
Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны тулап,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам ән,
Арал, ақ айдыным аңсаған.
Арал, оралсаңшы қайтадан!
Арал!

Қарайған жерге,
Қуанған шөлге
Телміріп күн қарайды, күн қарайды.
Көк дауыл жеккен,
Кемелер шөккен
Жағада құм борайды, құм борайды.

Аққу арман,
Күтемін алдан
Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны тулап,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам ән,
Арал, ақ айдыным аңсаған.
Арал, оралсаңшы қайтадан!
Арал!

**1-тапсырма. Өлеңнің мазмұнымен танысыңыздар, өлеңде көтерілген проблемаларды кестеге жазыңыздар.**

| № | Проблемалар |
|---|---|
| 1 | |
| 2 | |
| 3 | |
| 4 | |

**Бағалау дескрипторлары:**
- Өлеңнің мазмұнымен танысады; 10 балл
- Көтерілген проблемаларды анықтайды және кестеге толтырады. 20 балл

**2-тапсырма. Өлең мәтініндегі табиғатқа қатысты атауларды тіркескен сөзімен теріп жазып, сөйлем құраңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Өлеңнен табиғатқа қатысты атауларды тіркескен сөзімен теріп жазады; 10 балл
- Сөйлемдер құрастырады. 10 балл

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін не туралы? Негізгі ойды анықтаңыздар.**

Арал өңірінің экологиясы, Арал қасіреті республика аумағынан асып, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Оны сауықтыру бағытында Орталық Азиядағы бес мемлекет - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркменстанның президенттері бірнеше рет кездесті. Мемлекет басшыларының шешімімен, Арал бассейнің қалпына келтіру жобаларына қолдау білдіру туралы шаралар айқындалды.

Орта ғасырда Сейхун деп аталған Сыр өзенінің Фархад тауын жарып өтетін бір тармағына 1948 жылы Фархад ГЭС-і салынса, бертін келе, алпысыншы жылдары, Шардара ГЭС-і, мұнан басқа - Тоқтагүл, Әндіжан, Шарбақ су қоймалары пайдалануға берілді. Бұл іс - әрекеттер көптеген суару-суландыру жүйелерін іске қосуға мүмкіндік берді.

Сырдың суын әркім әлі келгенше жырып ала берді де, ақыр аяғы бір кездері кемерінен асып, төгіле аққан Сырдария өзенінің жұрнағы ғана Арал теңізіне жетіп жатты. Әмудария өзені де дәл осындай күйде болды. Арал теңізіне негізгі суды әкеліп жатқан екі өзен жабылып, 60-шы жылдардың басында 60 текше шақырым су берсе, 1980 жылдан бастап, жылына орта есеппен, 4 текше шақырым ғана су беріп келді. Ал теңізге қажетті ылғалды беру үшін, кемінде жылына 40-45 текше шақырым су керек. Аралдың бұрынғы 66 мың шаршы шақырым су айдынынан, қазір шамамен 25 шаршы шақырымға жуық су айдыны қалып отыр. Бір кездері арнасынан асып-тасып жатқан алып теңіз, бүгінде мүшкіл. Теңіз түбінен ұшқан тұзды шаң әлемнің түкпір-түкпіріне жетіп жатыр. Сонымен қатар өңірде өкпе-тыныс жолдары, қатерлі ісік және т.б. ауру түрлері өршіп тұр. Бұл мәселе Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да мәртебелі мінбелерден қайта-қайта көтерілуде.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды; 10 балл
- Негізгі ойды анықтайды. 20 балл

**4-тапсырма**. Диалог құрыңыздар. Төмендегі сұрақтарды пайдаланыңыздар.

1. Арал экологиясы мәселесі тек Қазақстанға қатысты ма?
2. Оны сауықтыру мақсатында қандай мемелекеттер бірікті?

3. Мемлекет басшылары қандай шараларды жоспарлады?
4. Бұл шаралар қандай жүйелерді іске қосты?

**Бағалау дескрипторлары:**

- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер негізінде диалог құрай алады; 10 балл
- сөз әдебі мен сөйлеу әдебі формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ете алады. 10 балл

КЕРІ БАЙЛАНЫС:

1. Бүгінгі сабақта сізді ойға қалдырған не?
2. Өзіңіз Арал мәселесіне қалай қарайсыз?
3. Сізді қатты толғандырған қай мәселе?

## 9 сабақ.

## V Бөлім. Мұхит – тіршілік мекені.

## Тақырып 5.1. Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі. Мұхит және экологиялық проблемалар.Адамзат тағдырының жыршысы.

**Мақсаты:**

1. Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау.
2. Есімдіктердің жасалу жолдарын білу.

**Бағалау критерийлері:**

- Мәтінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды;
- Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған термин сөздердің мағынасын ажырата алады;
- Есімдіктердің жасалу жолдарын біледі және орынды қолдана алады.

**Талқылау сұрақтары:**

- «Мұхит – тіршілік мекені» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Су тіршілік иелеріне не береді?
- Неліктен адам баласының тағдыры суға байланысты**?**

**Тірек сөздер**
Ғаламат

Тұйық көл
Итбалық
Кәсіптік маңыз
Су айдыны
Экологиялық шаралар

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Сұрау есімдіктерін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындаңыз.

Каспий теңізі – Еуропа мен Азия аралығында орналасқан Жер шарындағы ғаламат тұйық көл. Үлкендігіне қарап, оны теңіз деп атайды. Теңізге құятын өзендер мен қоректік заттың мол тасымалдануына байланысты Каспий теңізі балыққа бай, итбалық та көп кездеседі. Итбалық теңіздің бір кезде Солтүстік Мұзды мұхитпен байланыста болғанын көрсетеді. Балықтар мен итбалықтың үлкен кәсіптік маңызы бар. Ең бағалы балықтарға бекіре тұқымдастары жатады. Дүние жүзінде жыл сайын ауланатын бекіре тұқымдас балықтың 80%-ынан астамы Каспий теңізінің үлесіне тиеді. Каспийде өсімдіктердің 500 түрі, балық пен жануарлардың 769 түрі мекендейді.

Қазіргі кезде құстардың 260 түрі бар. Тек Каспийдің шығыс жағалауында жыл сайын 2 миллион құс қонақтайды. Кей жылдары суда жүзетін 3 миллиондай құс қыстап шығады.

Қайраңнан мұнай мен газ өндірілетіндіктен, теңіз айдынын қорғау үшін ерекше экологиялық шараларды жүзеге асыру қажет.




**Бағалау декрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды; 10 балл

- Сұрау есімдіктерін пайдалана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. 20 балл

**2-тапсырма**. Есімдіктерді **септеңіздер** және **септік жалғауларының астын** сызыңыздар.

**Сен, өз, сол, бәрі.**

**Бағалау декрипторлары**:

- Есімдіктерді ережеге сай дұрыс септей алады. 15 балл

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Итбалықтың қырылу себебін диаграммаға түсіріңіздер.**

Каспий теңізі арқылы 3 милионнан астам құс ұшып өтсе, оның экожүйесі поанктон, бентос пен балықтың жүздеген түрінен тұрады. . Бес мемлекет пен миллиондаған адамның тағдыры осы теңізге тікелей байланысты. Бүгінде теңіздің экологиялық жүйесіне тұрақсыздық қаупі төніп тұр. Мәселен, осы теңізге ғана тән итбалықтың қырылуы, уылдырық шашатын көксерке балықтардың азаюы – соның дәлелі.Сондықтан 1996 жылы IUCN (Халықаралық табиғатты қорғау одағы) Каспий итбалығын «қорғалмаған» санатымен тізімге алған. Алайда 2008 жылы оған «жойылу қаупі төнген» деген мәртебе беріледі. Өйткені 2006 жылдан бері 5 рет итбалықтың жаппай қырылу фактісі тіркеліпті.

Мамандар итбалықтардың қырылуына әсер ететін бірнеше себепті атап көрсетті: кеме қатынасының жиілеуі, Каспий теңізінде мұнай-газ ісі қарқынды дамуы, су астында қалған ұңғымалар, ауыр тұрмыстық қалдықтардың тасталуы, балық шаруашылығының жедел дамуы т.б. Аталған ұңғымалар Каспий теңізінің ластануына әкеліп, итбалық иммунитетінің төмендеуіне әсер етіп отыр. Каспийдің қарқынды игерілуі кеме қатынасының да жандануына ықпалын тигізеді. Кеме қатынасының дамуы үшін мұзжарғыштар жүріп өтуі тиіс. Бірақ сол мұзжарғыштар итбалық күшіктерінің кіндігі қатып, бұғанасы бекуіне қажетті мұздарды қырық бөледі. Бұл бірнеше жыл қатарынан қыстың жылы болуынан ба, әлде жаһандық жылыну құбылысының әсері ме, белгісіз. Бірақ мұз болмаса, итбалық та болмайтыны анық.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды; 10 балл
- Итбалықтардың қырылу себептерін диаграммаға түсіреді. 20 балл

**4-тапсырма**. Мәтіннен **термин** сөздерді теріп жазып, мағынасын ашыңыздар.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Тақырып аясында қолданылған термин сөздердің мағынасын ажырата алады; 25 балл

**Ойтаразы.**

1. Жаңа оқыған 3 факті;
2. Жеңіл болған ақпарат;
3. Қиын болған ақпарат;
4. Алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.

## 10-сабақ.
## Тақырып 5.2. Әбдіжәміл Нұрпейісов.»Қан мен тер» романы»

**Мақсаты:**

- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді айқындау;
- Есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды;
- лексикалық құрылымдарды қолданып, кейіпкерлерге мінездеме береді;
- есімдіктердің мағыналық түрлерін ажыратады алады.

**Талқылау сұрақтары:**

- Шығарма авторы жайлы не білесіздер?
- «Қан мен тер» шығармасы не туралы деп ойлайсыздар?
- Арал өңірі, табиғаты, ондағы тұрғындардың тіршілік көзі кезінде не болғандығын айтып бере аласыздар ма?

**Түсіндірме сөздік:**

*Тілге келмеу*- үндемеу

*Көз ілмеу* – көз шырымын алмау, ұйықтамау

*Жолын кеселеу*- жолында кесе көлденең тұру, жолын бөгеу

*Қарағұс* (анатомиялық атау) - шүйде

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар және негізгі ойды анықтаңыздар.**

Сонан бір кезде дауыл басылып, бозарып таң атты да, төңірек көріне бастады.

- Қаратүп!
- Әй, мынау Қаратүп қой!
- Біз Қаратүпке шыіыппыз.
- Әй, ана қарайған не?
- Қайсы?
- Әне, әнекей! – дедә де, Кәлен монан артық тілге келмей жүгіре жөнелді. Оның соңын ала Мөңке мен Еламан, Рай, тағы біонеше кісі жүгірді.

**Бұлар жақындағанда, әлгі қарайғанның үстінен дүрк көтеріліп қарғалар ұшты.** Кәлен жеделірек басып қасасына келсе, қарайғанның бірі түйеші Жалмұрат та, ал онан қолсозымдай әрегіректе жатқан Сары бала екен.

- - Еламан, сен тезірек елге жет, - деді Кәлен. – біз кісі-қараға бас көз боп осында қала  тұрайық.
- Еламан тілге келмей жөнеле берді.

Сол түні балықшы ауылда  бір тірі жан көз ілмеді...

Бір топ атты тұсынан тасырлатып шауып өтті. Кіл қара шекпенді. Ішінде Федоров пен Курнос Иван бар.

... Күтпеген жерден  құла ат осқырынып жолдан шыға жалт берді. Федоров ер үстінен ұшып кете жаздады. Тізгінін тартып, ат үріккен жаққа қарап еді, қарсы алдында жолын кеселеп біреу тұр екен. Федоров аттан қарғып түсті.

─ Сен бе?

─ Иә, мен.

─ Ау - құралдарың қайда? Еламанның үсік шалған беті қап-қара. Еріндері тілім-тілім. Федоровқа түлкі тымақ астынан қадала қараған көз өңменінен өтіп барады. Орыс байының да түсі демде бұзылды:

─ Ау - құралдарың қайда?- Еламан темір сүйменді дос қолымен сығымдап ұстап алған еді. Тентек Шодыр оны енді байқады.

─ Ау - құрал қайда?- деді ол аңырып.

─ Сен ит!.. Иттің баласы, адамдарың қайда деп неге сұрамайсың?

Еламан қарсы ақырып темір сүйменді құлаштай сілтеп еді, Тентек Шодыр тізгін ұстаған қолымен басын қорғап бұғып қалды. Ат ата жөнелді. Иығының басына тиген соққыдан орыс байы есеңгіреп кеткен-ді. Бірақ есін тез жиды. Басын шайқап жіберді. Қалың киімді бойымен Еламанды астына бүгерлеп баса қалмақ боп еді, бірақ Еламан артына қарай ытқып, орыс байының құшағынан сытылып шықты да, іле-шала қайта ұмтылды. Бұл жолы сүймен Федоровтың дәл қарағұсына тиді. Құлақшынның астынан қан сау етіп бетін жуып кетті. Қалың киімді, батыр тұлғалы ірі кісі гүрс етіп етпеттей құлады. Еламан сүйменді лақтырып жіберді.

**Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер» романынан**

**Түсіндірме сөздік**

*Тілге келмеу*- үндемеу

*Көз ілмеу* – көз шырымын алмау, ұйықтамау

*Жолын кеселеу*- жолында кесе көлденең тұру, жолын бөгеу

*Қарағұс* (анатомиялық атау) - шүйде

**Бағалау дескрипторы**:

- Романнан алынған үзіндіні  түсініп оқиды; 10 балл
- Негізгі ойды анықтайды. 20 балл

**2-тапсырма.** Мәтіндегі **қарамен берілген сөйлем** нені білдіреді? **Болжам жасаңыздар**.

**Бағалау дескрипторы**:

- Болжам жасап, сөйлемнің мағынасын ашады.  20 балл

**3-тапсырма**. Шығармадағы кейіпкерлерді атап, оларға **мінездеме** беріңіздер. Оқиға немен аяқталды?

**Бағалау дескрипторы**:
- Кейіпкерлерге мінездеме береді; 20 балл
- Оқиғаның немен аяқталғанын баяндайды. 15 балл

**4-тапсырма**. Мәтін үзіндісінен **есімдіктерді** теріп жазып, мағыналық түрлерін анықтаңыздар.

**Бағалау дескрипторы**:
- Есімдіктерді таба алады; 5 балл
- Мағыналық түрлерін ажырата алады. 10 балл

**Кері байланыс.**

1) Көркем шығарма үзіндісінің мазмұнын жақсы түсіндіңіз бе?
2) Сөйлемнің мағынасы бойынша жасаған болжамдарыңыз дұрыс келді ме?

## 11-сабақ.
## VI бөлім. Ұлттық таным және мерекелер
## Тақырып 6.1. Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!

**Мақсаты:**
1. Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау.
2. Мәтін құрауда  есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері**:
- Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;
- Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.
- Стильдік қызметіне қарай есімше сөздерге мысалдар келтіреді.

**1-тапсырма. Елбасының сөзін оқып, ондағы мәселелерді талдау арқылы негізгі ойды анықтаңыз.**

**Тірек сөздер:**

***Сенім***
***Төзімділік***
***Сабыр***
***Шіркеу***
***Ғибадатхана***
***Ағым***

**Құрметті рухани лидерлер!**

.. Gallup институтының деректеріне сәйкес Жер тұріындарының жартысынан көбі, шамамен алпыс пайызы өздерін діндар адамдармыз деп есептейді. Әрбір бесінші адам өзінің діндар емес екенін атап көрсетеді.

ХХ ғасырдағы итальян жазушысы Чезаре Павезе: «Дін– бұл сенім. Сондықтан ол әркез бізбен бірге болады», - деп жазды.

Махатма Ганди атап өткендей, «Құдайда дін жоқ»...

Екіншіден, әлемдегі барлық діндер сабырлылық пен төзімділікке, күш қолданбау мен келісімге үндеп келеді. Қасиетті Құранда мынадай сөздер бар: «Бүкіл адамдар алдындағы ізгілік туралы ойланыңдар... Барлық адамдармен бейбітшілікте болыңдар», – осы үндеу христиандық Жаңа өсиетте бар. Адамдар қылығы үшін жауапкершілікке шақыру сөзі көне үнді Упанишадында айтылады: «Бір шөп жұлынған кезде, бүкіл дүние дірілдейді». Адамның бойында тек махаббат, жанашырлық және ізгілік сезімдерін oята алатын сенім ғана нағыз сенім. Бұл ақиқат өткінші емес, мәңгілік.

Әлемдегі діндердің әрқайсысы түрлі ағымдар мен конфессияларға бөлінеді. Мысалы ислам дінінің сүнниттік, шииттік ағымдары, христиан дінінің католиктік, провославия және протестанттық конфессиялары бар. Дүниежүзі халықтары, негізінен, үш дінді (ислам, христиан, будда) ұстанады.

Біз Қазақстанда бейбітшілікте, келісімде және бір-бірімен өзара түсіністікте бейбіт қатар өмір сүріп келе жатқан 18 конфессияның табысты моделін құрдық. Біздің діни бірлестіктер туралы заңнамамыз теңдік пен ождан бостандығы қағидатына негізделген.

Қазір елімізде 3312 мешіт, храмдар, құлшылық үйлері, синагогалар мен басқа да ғибадат ету орындары жұмыс істейді. Бізде діни бағыттағы 47 бұқаралық ақпарат құралы басып шығарылады. Елімізде 500-ге жуық шетелдік миссионер жұмыс істейді. Ислам мен Христианның басты күнтізбелік даталары – барлық қазақстандықтардың ортақ мерекесі. Елімізде жұмыс істейтін барлық діндердің пасталары – бір үлкен қазақстандық отбасының мүшелері. Біздің бәріміз бірлесіп, дүрдараздық пен ұрыс-керіске орын жоқ жаңа ел құрудамыз.

Н.Назарбаев

**Бағалау дескрипторлары**:

- Мәтіндегі негізгі ойды түсінеді 20 балл
- Факті мен көзқарасты ажыратады**.** 15 балл

2-тапсырма. **«»Қос жазба**» күнделігі арқылы **термин сөздердің** мағынасын ашыңыздар.

Мәтіндегі терминдер: ***діндар, сенім, конфессия, христиандық, ағымдар, сүннит, шиит, католик, православия, протестант, заңнама, ождан бостандығы, шіркеу, синагога, паства.***

**Бағалау дескрипторы**:

- Термин сөздердің мағынасын түсінеді 30 балл

**3-тапсырма**. Берілген етістіктерді **есімшеге** айналдырып, сөйлем құраңыздар.

**Сену, табыну, ұстану, құттықтау, айттау.**

**Бағалау дескрипторы**:

- Есімшелердің жасалу жолын біледі. 15 балл
- Сөйдем құрауда орынды қолданады 15 балл

**Кері байланыс «3-2-1»**




- Сабақтан алған 3 маңызды ақпарат
- Қиындық тудырған 2 аспект
- Сабақ барысында туындаған 1 сұрақ

**12-сабақ.**
**Тақырып 6.2. Жүсіпбек Аймауытов. «Әнші» әңгімесі.**

**Мақсаты:**
Шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу.

**Бағалау критерийлері:**
- Жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданады;
- Көркем әдебиет стилінің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, эссе жазады.

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай оқиға әңгімеленген? Жоспар құрыңыз.**

Наурызда қазақ шәкірттері сауық жасауға даярландық. Жастардың талабы, өнері, жігері қызметке жарамдылығы сыналатын жер де сауық...

Бір перделік спектакль, хор, ән домбыра, оркестрмен өткізбек болдық. Әмірқанды да шығарып, ән салғызбақ болдық. Өз рөлдерімізді бір ыңғайлап алған соң Әмірқанға кісі жібердік.

Халық мұнша жиылады деген есте жоқ. Мына топты, анау қызметті көрген соң көңіліміз көкке серпіп, аяғымыз сайға тимей жүр. Жұрт у да шу, мәз-мейрам.

Сауықты Наурыз мейрамына арнаған соң қазақтың ескі ырымын да істегенбіз. Сарқасқа құрт көжені тай қазанға жүздіріп, бұқтырып қойғанбыз. Ішіне жылқының басын салып, екі-үш табақ ет асып, үлкендердің алдына тартпақ болғанбыз.

Ойын басталмай-ақ, жұрт қымызға бас қойып жатыр. Жәлен сықылды мұғалімдер Наурызды түсіндіріп, жастардың талабын құттықтап, мінбеге шығып сөз сөйлеп жатыр. Біреулер: «Ата-бабамыздың жоралығын істейік» деп, төс қағысып, көрісіп жатыр.

Қоңырау екі соғылды. Біз сахна жақта домбырамызды күйлеп, тамағымызды кенеп, кісілерімізді жинап, жағамызды түзеп, шашымызды тарап, нәрселерімізді құрып, шала бүлініп, жанталасып жатырмыз.

Қоңырау үш қағылды. Шымылдық ашылды. Зал у-шу, айқайласып, кимелесіп, орынға таласып, «дауыстама!», «отырыңдар!» десіп күңкілдесіп жатыр. Әлден уақытта саябырлайын деді.

Өзімізше жақсы шығардық деп ойладық. Шымылдық жабылды, шапалақ соғылды.

Хорымыз жамырап жақсы шықпады. Скрипкаға ән қосқан он екі жасар Мәржімге тамаша қол соқты. Әсіресе жұртты сүйіндірген Әмірқан болды.

Әмірқан сахнаға шығысымен, шапалақ шартылдады. Өзге шығушылардан Әмірқанның киімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да өзгеше еді: қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді...

*Ж.Аймауытов. «Әнші» әңгімесінен*

**Түсіндірме сөздік.**

Көрісіп жатыр – бір-бірімен құшақтасып, жақсылық тілеп жатыр;
Домбыра күйлеу – домбыраның бұрауын келтіру;
Кимелеу – баса-көктеп алға ұмтылу.

**Бағалау дескрипторы:**
- Мәтінді түсініп оқиды. 10 балл
- Жоспар құрады. 20 балл

2-тапсырма. **«Әнші» әңгімесіндегі тарихи тұлға»** тақырыбы бойынша эссе жазыңыз. (көлемі 200-250 сөз)

**Бағалау дескрипторлары:**

- Көркемдегіш құралдардың түрлерін біледі және тиімді қолданады. 40 балл

- Өз ойларын дәлелдеп, қорытынды шығарады. 30 балл

**13-сабақ**
**VII бөлім. Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда.**
**Тақырып 7.1. Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі**

**Мақсаты:**

1. Көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру;
2. Қажетті лексикалық құрылымдарды қолданып, шағын мәтін құрастыру және сұрақтарға жауап беру.

**Бағалау критерийлері:**

- мәтіндерді тыңдау және салыстыру;
- қажетті лексикалық құрылымдарды қолданып, шағын мәтін құрастыру және сұрақтарға жауап беру.

**Жаңа сөздер**

**КӨПЕС**
**КЕРУЕН**
**ТАС ТАЛҚАНЫ ШЫҒУ**
**ТАСЫМАЛДАНУ**
**СЕПТІГІН ТИГІЗУ**

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз.** ***«Сауданың дамуы ел үшін қандай пайда әкелді?» деген сұрақ бойынша шағын мәтін құрастырыңыз.***

**Сауда тарихы**

Еуропаның сауда тарихы Испан теңізшілерінің жаңа аумақтарды ашуына байланысты дами түсті. **Испан теңізшілері** Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Америкаға 1492 жылдан бері қатынай бастады. Ал **португал теңізшілері** 1520-1521 жылдары алғашқы болып дүниежүзін шарлап шықты**. Голланд, британ және француз теңізшілері** суда жүзу тәжірибелерін Үндістан, Америка, Африка тәрізді шалғайда жатқан жерлерге баруға жұмсады. Оларға қарап Еуропа саудагерлері де қимылдай бастады. **Еуропалықтар** Қытайдың фарфор, Үндістанның мақта-мата бұйымдарына көп қызықты. 1498 жылы Васко да Гама Еуропадан дәмдеуіш сатып әкеле бастағанға дейін дәмдеуіш саудасымен **ислам елдері** айналысты. 16-ғасырға дейін Голландия

тауарлардың еркін айналымына рұқсат беріп, салықсыз сауда орталығы болды.Көпестердің арасында білімділер көп кездесті.**Табысқа жеткісі келген саудагер** сауатты, есеп-қисапты, шет тілдерін, теңіз ісін, заңды жақсы білетін адам болуы керек еді. Өйткені сапарда көптеген қиындықтар және қауіп-қатерлермен күресуге тура келді. Ұзақ жол жүруге мәжбүр болған саудагерлер ғылымның жетіуіне, әсіресе географияның дамуына көп септігін тигізді.

***Бағалау дескрипторлары:***

- *Мәтіннің мазмұнын түсініп оқиды;10 балл*
- *Берілген сұрақ бойынша шағын мәтін құрастырады. 20 балл*

**2–тапсырма**. Бейнероликті тыңдаңыз.
Ұлы Жібек жолы https://www.youtube.com/watch?v=1VpDvZRW6zM

Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұлы Жібек жолы қашан дами бастады?
2. Ұ.ж.ж арқылы қандай заттар тасымалданды?
3. Ұ.ж.ж қай жерлерді байланыстырды?
4. Ұ.ж.ж-ның қандай септігі тиді?
5. Ұ.ж.ж қалай пайда болды?
6. Ұ.ж.ж-ның қашықтығы қанша?
7. Ұ.ж.ж арқылы көп жағдайда не жеткізіліп отырды?
8. Темірден бұйымдар жасау қайдан келді?
9. Батыстан не жасауды үйрендік?
10. 6-7ғ. ең жиі пайдаланылған бағыттар.
11. Әлемдік валюта түрі не болып саналды?
12. Жібек матаны кімдерге сыйлады?
13. Ұ.ж.ж қай ғасырға дейін пайдаланылды?
14. Оның жойылуына не әсер етті?

***Бағалау дескрипторлары:***

- *Бейнероликті мұқият тыңдайды - 10 балл*
- *Сұрақтарға нақты жауап береді - 30 балл*

**3-тапсырма. Ежелгі сауда түрлері мен қазіргі сауда-саттықтың ерекшеліктерін салыстырыңыздар.**

***Бағалау дескрипторлары:***

- *Ежелгі сауда түрлері мен қазіргі сауда-саттақтың ерекшеліктерін салыстырады - 20 балл*

**4-тапсырма. Бүгінгі тақырып бойынша өз пікіріңізді «ПОПС» формуласы арқылы жеткізіңіз. 10 балл**

* Менің ойымша,.......................
* Себебі,...................................
* Мысалы,..................................

## 14- сабақ.

## Тақырып 7.2. Ы.Алтынсарин. «Дүние қалай етсең табылады?»

**Мақсаты:**

1. Тақырып аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну.
2. Мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын талдайды;
- Ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді.

**ОЙТҮРТКІ**:

- Ыбырай Алтынсарин туралы не білетіндеріңізді 3 сөйлеммен жеткізіңіздер.
- Қандай шығармасын білесіздер?
- Бүгінгі қарастыратын «Дүние қалай етсең табылады? Әңгімесінің біздің қарастырып жатқан бөлімге қатысын қалай түсіндірер едіңіздер?

## Ы.Алтынсарин. «Дүние қалай етсең табылады?»

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:
— 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған сон, бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:
- Сен карауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ; елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жыйып жүрдім.

Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, сонымен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара кебірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын

шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар, фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі: баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, — деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді.

Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

- Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

- Сен Антонбысың? - дедім
- Иә, - деді Антон, - мен сондағы көрген тіленші Антонның өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім, ісіме нық, малыма күтімді болдым; ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.

**1-тапсырма**. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Өзіңізге бейтаныс әрі жаңа сөздерді теріп жазыңыздар. Сол сөздердің мағынасын түсіну мақсатында түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жасаңыздар.

**Бағалау дескрипторлары:**
-мәтіннің мазмұнын түсінеді; **10 балл**
- жаңа сөздер мен термин сөздердің мағынасын анықтайды. **15 балл**

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіздер:
*1. Антонның еңбек етіп, табыс табуына итермелеген не болды?*
*2. Антон қандай кәсіппен айналысты?*
*3. Дүние қалай етсең табылады екен?*
*4. Әңгімені қандай мақалмен түйіндер едіңіз?*

**Бағалау дескрипторлары***:*
- Мәтіннің негізгі ойын бөлім тақырыбымен байланыстырады;**10 балл**
-Астарлы ойына қатысты тұжырым айтады; **20 балл**
-Ойларын жүйелі жеткізеді; **10 балл**

***3-тапсырма.*** Антон мен бейтаныс адамға мінездеме беріңіздер.

| Антон | Бейтаныс адам |
|---|---|
| | |

**Бағалау дескрипторы:**

- Кейіпкерлердің  бейнесін салыстырады. **20 балл**

**4-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша тақырыпты талқылаңыздар. 15 балл**

1. Пікір. Оқыған  мәтін бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.
2. Дәлел. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
3. Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

**15-сабақ**
**VIII бөлім. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендердік бейне.**
**Тақырып 8.1. Радиоарналарды тыңдаймын. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары. Отбасы және гендерлік саясат.**

**Мақсаты:**

1. Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау.
2. Шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану.

**Бағалау  критерийлері:**

- Мәтіндерге сүйеніп монолог және диалог құрап, сөз әдебі  мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып,  тыңдаушыға әсер етеді;
- Шылаулардың сөйлемдегі қызметін, түрлерін ажыратады және мысалдар келтіру арқылы шылаудың сөйлемдегі қызметін түсіндіреді.

**Талқылау сұрақтары:**

- Бүгінгі таңдағы әйелдер бейнесі қоғамда қалай көрініс табуда?
- Гендерлік саясат біздің қоғам үшін қажет пе? Неліктен

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, шылауларды табыңыздар. «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» арқылы шылаулардың сөйлемдегі қызметін анықтаңыздар.**

**Радио**

Он тоғызыншы ғасырдың аяғында әртүрлі елдің бірнеше ғалымы мен инженері радиотолқындардың көмегімен сымсыз қашықтыққа дыбысты жібере алды. Алайда бірінші ұдайы радиостансасы Голландияда тек 1920 жылы ғана жұмыс істей бастады. Бірнеше жыл ішінде радиоқабылдағыштар әр үйде болды. Радиодан жаңалықтар, музыка мен көңіл көтеретін хабарлар берілді.

1950 жылдары батарейкамен жұмыс істейтін шағын оадиоқабылдағыштар пайда болды. Олар жеңіл әрі шағын, саяхатқа немесе серуенге шыққанда алып жүруге ыңғайлы еді.

Қазіргі радиостудиялар жоғары сапалы миурофондармен, құлаққалқандармен жабдықталған.

*Д.Райан. «Ақпарат және байланыс» кітабынан*

**Бағалау дескрипторы**:
- Шылаулардың сөйлемдегі қызметін, түрлерін ажыратады. **20 балл**

**2-тапсырма. Мәтінмен танысып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңізде**р.

Телевизиялық стансылар радиотолқынды дыбыстарды ғана емес, сонымен бірге бейнені көру үшін де қолданады. Теледидардың көмегімен біз дүниенің кез келген бұрышында не болып жатқанын көре аламыз. Кейбір стансылар өздерінің бағдарламаларын аргаулы сым-кабель бойынша жібереді. Бұл – кабельді теледидар. Алғашқы телевизиялық хабарлар 1930 жылы пайда болды. Түрлі түсті теледидарды 20 жыл өткен соң ойлап тапты.

*Д.Райан. «Ақпарат және байланыс» кітабынан*

***Сұрақтар:***

1. Радио мен теледидардың байланысы бар ма? Бар болса, қандай?
2. Қай ақпарат құралының қызметі басым деп ойлайсыздар?
3. Өздеріңіз қай ақпарат құралын жиі пайдаланасыздар?

**Бағалау дескрипторы**:
- көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып сұрақтарға жауап жазады. **20 балл**

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Негізгі ақпараттарды тезис түрінде жазыңыздар.

**Қазақтың тұңғыш журналист қыздары**.

1914 жылы «Қазақ» газеті Орынбордан шығып тұрған кезінде редакцияда қазақтың үш қызы: Ғайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова және Гүлайым Балғынбаева жұмыс істеген. Олар туралы Тұрсын Жұртбай:

«Аққағаз Досжанова (1893-1931)– қазақтың ішінен шыққан атақты қыздарының бірі. Ол тұңғыш рет қазақ қыздары арасында толық дәрігерлік курсты бітіріп, «дәрігер, ғалым-зерттеуші» деген атақ алған. Негізінен, медицина тақырыбындағы мақалалар жазды. Одан бөлек, «Әйел теңдігі», «Абай», «Жас азамат» басылымдарына бұратана халықтардың басындағы теңсіздік пен әділетсіздікке қатысты өткір мақалаларын шығарды. 1921 жылдың 11 қыркүйегінде «Степная правда» газетіне Аққағаздың «Түркістанда» деген мақаласы шықты. Осы мақаласында ел ішінде белең алған жұқпалы аурулардың қаупі туралы жазылған. Ал Гүлайым Балғынбаева болса, Германияда оқыған. Ол кезде оқыған қазақ қыздарының «Алаштың» жұмыстарынан тысқары қалуы мүмкін емес еді. Аққағаз да, Гүлайым да, Ғайнижамал да «Алаштың» бүкіл жазуларын қағазға түсіріп отырған», - деп жазды. Нәзипа Құлжанова қазақтан шыққан тұңғыш қазақ журналисі болса, Аққағаз Досжанова тұңғыш дәрігер қыз болды. Сондықтан оның мақалалары, негізінен, осы салаға тікелей байланысты еді. Гүлайым Өтегенқызы да көркем-публицистикалық мақалаларымен көрінді. Ол да өлең жазды. Гүлайымның «Қазақ қыздарына» деген өлеңі «Айқапқа» жарияланғаннан кейін, сол кездің қыз-келіншектері бостандықтарын бағалауға, білім алуға ұмтыла бастады. Ал «Қазақ» газетіндегі үш қыздың біреуі - Міржақып Дулатовтың жары Ғайнижамал еді. «Айқап» журналының ерекшелігі қазақтың тұңғыш журналист қыздарының буынын қалыптастырды.

«Біздің Қостанай» газетінен

**Бағалау дескрипторы**:

- Негізгі ақпараттарды анықтайды және тезис түрінде жазады. **30 балл**

**4-тапсырма**. Демеулік шылауларды қатыстырып, сөйлем құраңыздар.
*-ғана, па, -ау, -мыс, -ді, -ай, бе, -ақ.*

**Бағалау дескрипторы**:

- Сөйлем құрауда шылауларды орынды қолданады. **20 балл**

**Кері байланыс (10 балл):**

- Сабақтан қандай ой түйдіңіздер?
- Қандай тапсырма түсініксіз болды? Неліктен?

## 16-сабақ.
## Тақырып 8.2. Телефон – байланыс құралы. Қазақтың тұңғыш дикторы.

**Мақсаты:**
Мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойын анықтау.

**Бағалау критерийлері:**

- мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды, сұрақтарға жауап береді;
- пікірлерін дәлелдейді және ойларын қорытындылап жазады;
- шылау сөздерді орынды қолданады.
-

**1-тапсырма. Мәтін үзіндісін оқыңыз және сұрақтарға жауап беріңіз.**

***– Телевизияға диктор боп қалай келдіңіз? Бұрын сіз осы саланың маманы ма едіңіз, жоқ әлде..***

– Шынымды айтайын, бұл менің мүлде көрмеген, білмеген жұмысым еді, - деді Ләзиза Аймашева. Студия, камера, микрофон деген сөздерді сол уақытқа дейін тіпті естімеппін де. Өйткені, мамандағым, атқарып жүрген жұмысым басқа салаға қатысты еді. Алматы медицина институтын бітіргенмен сол кезде орталық аптекада фармацевт-провизор болатынмын. 1958 жылғы қаңтар айының соңғы күндерінде міне, осы жерге екі кісі келіп кірді. Менімен қазақша сөйлескен олар: "Қыздарымыздың бәрі мына сіз секілді өз тілін жақсы білсе ғой, шіркін", – деп мақтап, келесі күні мұнда қайтадан бас сұқты. Тағы да әңгімелесті. Бір аптадан соң бұл екі кісі Алматыда Қазақстандағы тұңғыш телестудия ашылғалы жатқанын, соған дикторлыққа адам іздеп жүргендерін айтып, менен соған орай ұйымдастырылған конкурсқа қатысуымды сұрады.

... Мен олардың байқауға түсуге шақырған өтініштерінен ат-тонымды ала қаштым. Себебі, экранға шығу, телекамера алдында отырып текст оқу дегендеріңіз сол сәтте маған мүмкін еместей бір өте қиын шаруа болып көрінді. Бірақ ... көп кешікпей мені өзіміздің аптека басқармасының бастығы Сәлкен Сұбханбердин ағамыз шақырды. Ол жоғары жақтан телефон соғылғанын, мемлекеттік маңызы бар мұндай мәселеден шет қалмай, сарапшылар комиссиясына барып шығуымның қажет екенін ескертті.

***– Ол байқауда сіздерге қандай талаптар қойылды? Үміткерлер көп болды ма? Байқаудан қалай өттіңіздер?***

– Дикторларды таңдап алу сынына 100-ге жуық адам жиналды. Дені – қыз-келіншектер... Сарапшылардың үміткерлерге қойған талаптары: сүйкімді кескін-келбет, ұнамды қимыл-қозғалыс, әуезді дауыс, айтқан сөзді қағып алып, бірден жаттап алатын зеректік, байсалды көзқарас еді. Мен және Нэлли Омарова, Зұлқия Жұматова үшеуміз, міне, осы сынның бәрінен сүрінбей өттік.

Ж.Ауыпбаев. «Диктор» деректі әңгімесінен

**Түсіндірме сөздік**

ат-тонын ала қашу – бас тарту
дені - көпшілігі

**Сұрақтар:**

1. Сұхбат кейіпкері кім?
2. Ол телевизияға қалай қабылданды?

3. Бүгінгі жас дикторлардың ішінен өзіндік үні бар деп кімдерді айта аласыздар?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтін үзіндісін түсініп оқиды және сұрақтарға жауап береді. 30 балл

**2-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде диктор қандай қасиеттерге ие болу керектігін өз сөздеріңізбен жазып шығыңыз. Жазбаңызда шылаулар болсын.**

Бағалау дескрипторлары:
- дикторға тән қасиеттерді біледі. 15 балл
- шылау сөздерді орынды қолданады. 15 балл

**3-тапсырма. Танымал диктор Сауық Жақановамен жүргізілген сұхбатты оқыңыздар. Төмендегі «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы мәтінге өз ойларыңызды білдіріңіз.**

«1921 жылы Қазақ КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 29 қыркүйектегі қаулымен Орынбордағы радиостансыдан күніне 1600 сөзден тұратын хабарлар дайындауға шешім қабылданды.

Міне, сол алғашқы кездегі төрт сағаттық эфирден бастау алған, бүгінде 85 жылдық тарихы бар «Қазақ» радиосы қазақ жұртымен, қазақ қоғамымен бірге жасап келеді. Мұнда кешегі өткен ұлы тұлғалардың он мыңдай дауыс-үндері сақталған. Тіпті Алтын қорда Дина Нұрпейісова бастаған қазақ өнері қарлығаштарының шерткен күйлері мен тарихқа айналып кеткен ағалар мен апалардың дауыстары сақталған. Бұл деген - үлкен рухани байлық», - дейді бүгінгі біздің қонағымыз, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, танымал диктор Сауық Жақанова. «Радио халыққа жылдам таралйтын, жедел жететін ақпарат көзі. Әсіресе, қазақ жұртына теледидардың күні кеше ғана келгенін ескерсек, «Қазақ» радиосы қаншама ұрпақты тәрбиелегенін байқаймыз ...».

*Сұхбатасқан М.Асаутай*

1. *Пікір.* Танысқан мәтін бойынша пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.
2. *Дәлел.* Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
3. *Мысал.* Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

Бағалау дескрипторы:

- Мәтін мазмұнымен танысады және өз ойын білдіреді. 30 балл

**Ойтаразы (10 балл)**

- 3 маңызды ақпарат;

- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

**17-сабақ.**

**IX бөлім. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар.**

**Тақырып 9.1. Тұрмыстық қалдықтар. Өндірістік қалдықтар. Қауіпті қалдықтар. Қайнар Олжай. «Жер мен аспан арасындағы дастан».**

**Мақсаты:**

1. Мәтіндер бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау
2. Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану.

**Бағалау дескрипторлары:**

- мәтіндер бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасайды;
- деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды;
- мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар туралы не білесіздер?
2. Олар адам өміріне қандай қауіп тудыруы мүмкін?

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтінде айтылған қауіпті қалдықтар қандай қалдықтар болуы мүмкін? Болжам жасаңыздар**.

Экология мәселелерінің қоғам өміріндегі маңызы мен мәні айтпаса да түсінікті екені айтпаса да түсінікті.120 миллионнан астамы құмды, тұзды жер болып табылатын, жалпы аумағының 70 пайызында биотүрлілік сарқылып, экожүйесі бұзылған Қазақстан үшін оның маңызы жоғары екені белгілі.

2010 жылғы қантардағы жағдай бойынша елімізде 43 миллиард тоннадан астам өндірістік қалдық, оның ішінде 587,8 миллион уытты қалдық жинақталған. Олардың сақталу жағдайы сын көтермейді. 775 техногендік минералдық түзілімдер объектісі тіркелген. Олардың көлемі жыл сайын өсу үстінде.Бұдан бөлек, республикадағы 6325 елді мекеннің 25 пайызына ғана қалдық жинау және әкету кәсіпорындары қызмет көрсетеді. 4525 қалдық полигонының 6,8 пайызы ғана заңдастырылған. Елде жинақталған қауіпті қалдықтар көлемі шамамен 6 миллиард тоннаны құрайды. Оның басым бөлігі, яғни 86,7 пайызы Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарының тау-кен және байыту кешендерінің еншісінде екен.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды ; 5 балл
- Қалдық түрлерін ажырата алады. 10 балл

2**-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтіндегі термин сөздердің мағынасын ашыңыздар.**

| Термин сөздер | Түсіндірмесі |
|---|---|
| Экожүйе | Бізді қоршаған орта |

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіннен термин сөздерді таба алады; 5 балл
- Термин сөздерің мағынасын түсенеді. 5 балл

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген?**

**Жұмыр жерді мекендейтін сан мыңдаған тіршілік атаулының ішінде ЖЕР-анаға адам баласынан артық қиянат жасайтын жан иесі жоқ екен.**

Қазір қазақ даласында 22 миллард тонна қалдық пен қоқыс жиналыпты. Оның 16 миллиард тоннасы қалдық пен қоқыс қалдықтар болса, 6 миллиард тоннасы адам ағзасына аса қауіпті химиялық қалдықтар екен. Сарапшылар дерегі бойынша, жыл сайын елімізде 700 миллион тонна өнеркәсіптік қоқыс пен қалдықтар жиналатын болса, оның 250 миллионы денсаулыққа қауіпті улы заттар көрінеді. Осы зиянды қоқыс шығаруда Қарағандының тау-кен және кен байыту кешендері (29,4 пайыз) бірінші орынды иеленсе, Шығыс Қазақстан облысы (25,7 пайыз) екінші орынды, ал тиісінше 17,0 пайыз және 14,0 пайыз қоқыс «өндіретін» Қостанай мен Павлодар облыстары үшінші орынды бөліседі.

.

Адам баласының табиғатқа тастайтын қатты тұрмыстық қалдықтары Жер-ананың денесіне жабысқан мерездей, жылдар бойы табиғатқа жазылмас жара салатын дертпен тең. Мынаны қараңыз, адамдар күн сайын тау-тау қылып күл-қоқысқа тастайтын пластмасса құтылар жер бетінде 500 жылға дейін, кәдімгі палиэтилен пакеттері 200 жылдан астам уақыт бойы шірімей, жатып алады екен. Ал консерві қалбырлары мен шыны сынықтары 1 мың жылға дейін жер қойнын ластап, «жегі құртша» топырақ құнарын жеп жатады.

Ж.Жағыпарұлы. «Егемен Қазақстан» газеті

Бағалау дескрипторы:

- Мәтінді оқып, көтерілген негізгі мәселені анықтайды. 15 балл

**4-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемді сөздердің байланысу түрлеріне қарай талдаңыздар:**

Қиысу:
Матасу:
Меңгеру:
Қабысу:
Жанасу:

**Бағалау дескрипторлары:**

- Сөздердің байланысу түрлерін біледі және ажырата алады. 15 балл

**5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктер арқылы анықтаңыздар.**

... Дүкеннен алған тағамдарымызды кемінде он пластик пакетпен көтеріп келеді екенбіз. Аптасына екі рет дүкенге барамыз десек, жиырмасы жиналады. Оған наннан бастап етке дейін жұқа полиэтиленмен оралатынын қосыңыз. Сонымен бірге қаймақтың, ірімшіктің, балмұздақтың, түрлі тәттілердің жеке пластик қораптарын қосыңыз... Баяғы кеңестік замандағы торқалта, кенеп дорба, тіпті шыны бөтелке көзден бұл-бұл ұшып, бәрінің орнын полиэтилен өнімі толықтай басты. Екінші қатарды осындай қалдықтар толтырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Табиғатты сақтау жөніндегі комитетінің мәліметіне жүгінсек, Жердегі пластик қалдықтар кесірінен жылына 1 миллион құс, 100 мың сүтқоректі, 100 миллион балық қырылады екен. Олар пластикті тамақ деп жұтып қояды. Сосын бөтеке, асқазан, ішектері қорыта алмай, іштері түйіліп өледі. Зауалға қатты ұшырап жатқандар тізімінде теңіз тасбақасы, итбалық және кит тұр. Мұхиттарда қалқып жүрген пластик қалдықтары судағы сүтқоректілердің тұқымын толық құртады дейді ғалымдар.

Пластик бұйымдарды жағу - олардың жер үстінде қалғанынан да қатерлі. Ауаға зиянды заттар бөлініп, адамның, жан-жануардың тыныс мүшелеріне у тарайды. Ал күлінде ауыр металдар бар. Одан – шөп, шөптен – мал, малдан – адам ағзасына түскен ауыр металл қатерлі ісікке себепкер деседі...

Қ.Олжай. «Жер мен аспан»

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіннің тілдік ерекшеліктері мен жанрын анықтайды 10 балл

**6-тапсырма. Мәтін мазмұны негізінде пластик қалдықтардың зардабын диаграммаға түсіріңіздер.**

**Бағалау дескрипторы:**

- Пластик қалдықтарының тигізетін зардабын диаграмма түрінде көрсетеді . 15 балл

**7-тапсырма. Пластик қалдықтармен күресуде қандай ұсыныстар айтар едіңіздер? Төрт ұсыныс жазыңыздар**.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Тақырыптқа байланысты мәселені шешу жолдарын, ұсыныстарын жазады және 20 балл

**18-сабақ.**

**Тақырып 9.2.м Думан Рамазан. «Соңғы дем» әңгімесі**.

**Мақсаты:**

1. Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау, өз пікірін білдіру.
2. Шығарманың жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, сұрақтар құрастыру.

**Бағалау критерийлері:**

- Прозалық шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;
- Негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды;
- Мәтіндегі негізгі ұғымдарды анықтай отырып, сұрақтар құрастырады.

**1-тапсырма. Әңгіме үзіндісін оқу бойынша 1 минуттық бейнематериал жазып жіберіңіз**.

... Гүлжан сиырын сауып, табынға қосты. Ошаққа тезек қалап жүрген Қаншайым карияны көріп, қасына келді.

— Есенсіз бе, әжей?

— Шүкіршілік, қарағым. Өз үй-ішің аман ба? Нұрбек баламның денсаулығы жақсы ма? Бара алмай ұятты болып жүрмін, шырағым! Күйбең тірлікпен күннің қалай атып, қалай батқанын білмей қаласың. Бір жағынан немереміз ауырып, берекемізді қашырып жіберді. Түні бойы жағы сембей шырылдап жылай береді.

— Күні құрғыр да бұзылып тұр ғой. Салқын тиіп қалған болар,- деді Гүлжан қарияның сөзін қостаған болып.

— Жоға, құдай! Ол ауырғалы қаш-а-ан... Бөбешігі екіге айырылып, танауының тесігі таңдайынан шығып, жарымжан болып туды ғой, байғұс бала. Аузымен ғана дем алады. Кейде ауа жетпей қала ма, әйтеуір, біреу буындырып жатқандай тыпырлап, қызара ісініп кетеді,- деді қарт ана жанарына іркілген жасты жаулығының ұшымен сүртіп.- Адам бола ма, болмай ма, білмеймін!

— Осының бәрі ай сайын жер-дүниені сілткінтіп жатқан жарылыстардың әсері ғой.

— Иә, жарқыным... Мәдидің қызы биыл жетіге шықты дегенге кім иланады. Әлі тұсауын кеспеген сәби секілді, былқ- сылқ етіп жүре алмайды. Атом емес, ақырзаман болды ғой бізге.

Д.Рамазанов «Соңғы дем» әңгімесінен.

**Түсіндірме сөздік**

**Күйбең тірлік** – күнделікті біиаейтін әрекет
**Жағы сембеу** – тоқтамай жылау
**Бөбешік** – таңдайдың артқы жағындағы кішкене тіл
**Илану** – сену

**Бағалау дескрипторлары:**
- Интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті оқу мәнеріне сай қолданады; **10 балл**
- Кейіпкерлердің сезімін, көңіл-күйлерін жеткізе алады. **10 балл.**

**2-тапсырма. Ауыл тұрғындарының арасында ауру түрлерінің көбеюіне не себеп болды деп ойлайсыз?**
**Бағалау дескрипторы:**
- негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды. **25 балл**

**3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыңыз.**

... Нұрбектің де дерті содан болды ғой деп ойлаймын... Ана жылы шөпшілер бригадасында істегенде “Дегеленңнің” маңынан шөп шапқан еді... Ыстықтаған соң салқындап алайын деп кішкене көлге шомылыпты. Содан ертеңінде жауырын тұсына кішкене жара шығып, іріңдей бастады. Дәрігерге барып көрінсеңші дегеніме құлақ асты ма?! “Қазір науқан кезі. Онсыз да жұмыс бастан асады. Болмашы нәрсе ғой, ештеңе етпес” деп елемеді ғой!.. Ал, жара күннен күнге ұлғайып, қыс түсе Нұрбектің өне бойына түгел қаптады. Сонан қаралмаған дәрігері жоқ, ешқандай ем қонбады. Уақыт өткен сайын аяқ - қолы семіп, қозғалудың өзі күшке айналып барады. Шашы жидіп түсті. Бір қабат терісі құраған теректің қабығы секілді қабыршақтанып тұр,- деді Гүлжан көзіне жас алып...

... Ол ауыл іргесіндегі өзенге қарай беттеді. Айналасындағы шөп сарғайып, қурай бастаған.

Ойы он сақта, өзен жағасымен ілби басып келе жатқан Гүлжан су бетінде қалқып жүрген өлі шабақтарды көргенде әрі - сәрі күйге түсті. “Қайран, “Шаған” бір кездері көздің жауын алатындай мөлдіреп, арнасына симай буырқанып жататын арынды өзен емес пе едің!”

Кенет, қатты жел тұрды. Аспанды қара қошқыл бұлттар қаптап, жаңбыр себезгілей бастады.

... Ауылға тақай бергенде әлденені шоқып жатқан үш құзғынды көзі шалды. Гүлжан жақындағанда олар дүркірей көкке көтеріліп, жерде жүні жұлмаланып, ішек-қарны ақтарылған ақ көгершін жатты. ..

Д.Рамазанов «Соңғы дем» әңгімесінен.

**Түсіндірме сөздік**.

**Шашы жидіп түсу** –шаштың түбі босап түсуі
**Қылтамақ** – тамаққа түскен жаман ауру
**Ойы сан сақта** – әр нәрсені ойлау.

Үлгі: Шаған өзені бұрын қандай еді, қазір қандай?

1. Не?
2. Қалай?
3. Қандай?
4. Қашан?
5. Неге?
6. Кім?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіндегі негізгі ұғымдарды анықтай отырып, сұрақтар құрастырады. 2**0 балл**

**4-тапсырма. Шығармадағы оқиғаны ғаламдық мәселелермен байланыстырып, өз ойларыңызды жазыңыз**.

**Бағалау дескрипторлары:**

- шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды. **10 балл**
- мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстырады. **15 балл**
- мәселеге қатысты өз ойын жазады.**10 балл**

**Ойтаразы.**

- Шығармадан қандай әсер алдыңыз?
- Қандай ой түйдіңіз?

**19-сабақ.**

**Х бөлім. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек.**

**Тақырып 10.1. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар.  Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік.**

**Мақсаты:**

1. Мәтінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.
2. Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- мәтінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды;
- тақырып бойынша мәтін құрайды,  сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді;
- сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін  орынды қолданады.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Өз құқықтарыңыз туралы не білесіздер?
2. Жасөспірімдер құқығын қорғайтын қандай заңдар бар?
3. Қай кезде бала құқығы бұзылды деп танылады?

**Жаңа сөздер түсіндірмесімен сәйкестендіріңіз**:

1) құқын таптау
2) зорлық-зомбылық көрсету
3) меншік
4)  нұқсан келтіру

А) күш көрсету
В) ықтиярынсыз  жұмсау, қалауын ескермеу
С) зиянын тигізу
Д) қожайын

**1-тапсырма. Құжаттан алынған үзіндіні оқыңыздар. Үзінді қай стиль түріне жатады?**

13-бап. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауына құқығы бар.

14-бап. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

15-бап. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

16-бап. Әркімнің өз жекебасының бостандығына құқығы бар.

17-бап. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.
18-бап. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясынан

**Бағалау дескрипторы:**
- мәтіннің стиль түрін анықтайды. 10 балл

**2-тапсырма. Мәтіндерді оқыңыздар. Мәтіндерге ортақ тақырып қойыңыз. Кейіпкерлердің өмір жолы неге әр түрлі болды? Себебін түсіндіріңіз.**
**1-оқушының өмірбаяны**.

Мен Зимбабведе дүниеге келдім. Менің әкем шетелдік компанияда жұмыс істейді. Біз Харарда жеке бассейні бар үлкен үйде тұрамыз. Мен халықаралық дәрежесі бар жекеменшік мектепте оқимын. Ауырып қалсам, дәрігер үйге келеді. Біздің үйде тамақ жеткілікті. Біз арнайы бөтелкедегі суды ішеміз. Болашақта білімімді Еуропада жалғастарамын. Маған және отбасыма зұлымдық жасалса, полиция көмектеседі. Мен өз елімдегі адамдарға қарағанда, ұзақ өмір сүремін деп ойлаймын.

**2- оқушының өмірбаяны**

Мен Зимбабведе дүниеге келдім және сол жерде өмір сүремін. Менің ата-анам фермерлер. Олардың кішігірім жері бар. Мен мектепке бара алмаймын, себебі ата-анама су мен отын үшін жеткілікті ақша табуға көмектесемін. Біз күніне бір рет қана тамақтанамыз және суды өзеннен аламыз, сондықтан көп ауырамыз. Ауырып қалсам, дәрігер келмейді, біздің ақшамыз дәрігерге қаралуға жетпейді.

**3-оқушының өмірбаяны**

Мен Қазақстанда тудым. Атам мен әжемнің қолында, ауылда өстім. Таңертең ұйқыдан тұра сала, әжем дайындаған жылы сүтті ішіп алып жұмысқа кірісемін. Атамның қасында жүріп, малға да қарасып, бақшаға да қолғабыс етемін. Ауылда бәрі жақсы: айран, сүт, құрт, ірімшік және бақша жемістерін армансыз жеймін.

Қазір қалада ата-анамның қолында оқимын. Зәулім үйіміз бар, бәрі жеткілікті. Ауылды қатты сағынамын. Әкемнің су жаңа еөлігімен ауылға жиі барамыз.

Мен ауырған емеспін. Атам секілді ұзақ жасаймын деп ойлаймын. Ауырған жағдайда елімізде тегін медициналық көмек көрсетіледі.

**Бағалау дескрипторлары**:

- Мәтіндерге ортақ тақырып қояды; 10 балл
- Кейіпкерлердің өмір жолының неге әр түрлі болу себебін түсінеді. 15 балл

- Өз ойын жүйелі және анық жеткізе алады. 15 балл

**3-тапсырма. Тірексызба арқылы кедейлікті тудыратын себептерді жазыңыз.**

**Бағалау дескрипторы**:

- Кедейлікті тудыратын себептерді көрсетеді. 15 балл

4-**тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, кедейліктен арылатын, адамдарға рух беретін үндеу мәтінін жазыңыз**.

Керекті сөздер: ***білім алу, еңбек ету, мақсат қою, зиянды әдеттерден бас тарту.***

**Бағалау дескрипторлары:**

- **Үндеу мәтінін талапқа сай жазады; 15 балл**
- **Берілген сөздерді орынды қолданады; 10 балл**
- **Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады. 10 балл**

**Ойтаразы.**
3 маңызды ақпарат;
қиындық келтірген 2 мәселе;
тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

**20-сабақ.**
**Тақырып 10.2. Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер.**
**«Қара пима» поэмасы. «Қара пима» – трагедиялық шығарма.**

**Мақсаты:**
Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.

**Бағалау критерийлері:**
- Поэма үзінділеріне сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сұрақтарға жауап береді, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді;
- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды;
- Ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды;

- Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады.

**1-тапсырма. Поэма үзіндісін түсініп оқыңыздар. Үзінді не туралы? Кейіпкері кім?**

Алай да дүлей ақ боран,
Ысқырып,
Ұйтқып,
Бұрқырап,
Аттаған жанды қақпадан,
Қақпақыл қылар жұлқылап,
Ақ жүзін Жердің қуырып,
Аранын аспан ашқандай.
Ақ бұлттан қылшық суырып,
Алапат күшпен шашқандай.
Мына үй жансыз секілді
Күртікке кеткен көміліп,
Мұржадан шыққан түтінді,
Жұта ма жалмай жел іліп,
Түтектен түк те көрінбес,
Үйшікте жатыр ит бұғып,
Үйдегі бала көз ілмес,
Көңілін көп ой күпті ғып.
Төсектен қолы салбырап,
Қорылдап жатыр әкесі.
Жабағы мұрты жалбырап,
Бораннан келген беті осы.
Келді де міне жығылды,
Атты да бүрісі-ай киімшең.
Сақалын қойған қауғадай
Сықпытсыз көрсең түрін сен.
Түнеріп қыртыс қабағы,
Жөтеліп қояр әредік,
Төсектен жерге тамады,
Етіктің лас қары еріп,
Түймеден түк жоқ, тондағы,
Шалбардың анау жыртығы,
Әйелі қайтыс болғалы,
Ішіп жүр міне күн-түні.
Ішуге сылтау табылар,
«Ішемін»,- дейді күйіктен.
Қызып ап айтар әні бар,
Дүние-ай неткен сүйікті ең?!
Баланың жайын еске алып,

Көршілер күнде келіп тұр.
Жылытып үйін пеш жағып,
Уақытылы тамақ беріп жүр.
Басқалар жуып киімін,
Күтімін алған баланың.
Еденін сүртіп үйінің,
Қарасып қояр сабағын.
Қаршадай болған жетімек,
Өзегін өртер нала-мұң,
Шөлдейді шерлі көкірек,
Мейіріміне ананың,
Әкесі болса, күнде мас,
Қалғалы қашан жұмыстан,
Ақылды ешбір тыңдамас,
Достармен түгел ұрысқан,
Қызып ап кейде «сорлым»,- деп,
Құшақтап ұлын жылайды-ай,
«Арақты енді қойдым»,- деп,
Төсекке барып құлайды-ай,
Әкесін сонда бас салып,
Кемсеңдеп ернін тістелеп,
Көзінен ыстық жас тамып,
Жалынар: «папа-ау, ішпе»,- деп.

**Ұ. Есдәулет. «Қара пима» поэмасынан**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Поэманың үзіндісін түсініп оқиды – 5 балл
- Үзіндідегі негізгі ойды анықтайды – 10 балл
- Кейіпкерлерін анықтайды- 5 балл.

**2-тапсырма. 7 дұрыс мәліметті анықта. Дұрыс сөйлем тұсына [√] белгісін қой.**

[ ] А Далада алай-дүлей боран тұрды.
[ ] Ә Үйдің іші тола жан, жып-жылы.
[ ] Б Үйшікте ит бұғып жатыр.
[ ] В Әкесі киімшең төсегінде жатыр.
[ ] Г Тонының түймесі жалтырайды.
[ ] Ғ Көршілері жиі келіп тұрады.
[ ] Д Бала анасынан ерте айырылды.
[ ] Е Әкесі баласыман бірге мектепке барады.
[ ] Ж Бала анасын түсінде көрді.
[ ] З Кейде әкесі ұлын құшақтап жылайды.

**Бағалау дескрипторы:**

- 7 дұрыс мәліметті анықтайды - 10 балл

**3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. (Дидактикалық материалдарды оқуға болады)**

1. Автор баланы қалай сипаттайды?
2. Автор әкені қалай сипаттайды?
3. Қандай әлеуметтік тақырып қозғалды?
4. Шығарманың идеясы қандай?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Поэманың астарлы ойды анықтайды және сұрақтарға нақты жауап береді және сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады. 20 балл

**4-тапсырма. Поэмада кездесетін мына тіркестерді қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріңіздер**.

| | |
|---|---|
| алай-түлей ақ боран | қайғыру, жанына бату |
| жансыз үй | айнала түтеп, ештеңе көрінбейтін боран |
| күпті ой | ананың жылы құшағын аңсау |
| қаршадай жетімек | қаңыраған үй |
| өзекті өртеу | көңілінде күдік бар |
| ана мейіріміне шөлдеу | жастайынан жетім қалған |

Бағалау дескрипторлары:

- Сөз тіркестерінің мазмұнын дұрыс түсінеді және синоним сөздермен сәйкестендіреді – 20 балл

**5-тапсырма. Дидактикалық материалдармен танысыңыз және сұрақтар бойынша ой бөлісіңіз:**

1. Қалай ойлайсыздар, ұлы әкесінің қателігін кешіре ме? Неліктен?
2. Баланың аянышты тағдырына кім кінәлі? Неліктен?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді . – 20 балл

**21-сабақ.**
**XI бөлім. Жастардың денсаулығы – қоғамның байлығы.**
**Тақырып 11.1. Нашақорлық – қоғамдық дерт. Темекі тарту – зиянды әдет. Саламатты өмір салтын ұстанамын. Денсаулықты сақтау өз қолымызда.**

**Мақсаты:**

1. Көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеу және сұрақтарға жауап беру;
2. Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану**.**

**Бағалау критерийлері:**

- Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып гегізгі ақпаратты анықтайды.
- Көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп сұрақтарға жауап береді.
- Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын талдау арқылы анықтайды және жазба жұмыстарында орынды қолданады.

**. Ойтүрткі**

- Салауатты өмір салты дегеніміз не?
- Салауатты өмір салтын ұстанудың қағидалары бар ма? Бар болса, қандай?
- Спорттан бөлек денсаулықты нығайтудың қандай жолдарын білесіздер?
- Сен өз денсаулығына қаншалықты мән бересің?
- Зиянды әдеттерін бар ма?

**Тірек сөздер**

• саналы ұрпақ
• зиянды әдеттерден арылу
• жат қылық
• семіздікке душар ету

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және негізгі ақпаратты анықтаңыз.**

«Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелесең, ертең соның жемісін көресің» деген бар. Елбасы өз Жолдауларында «Қазақстанның әрбір азаматының денсаулығы шымыр, сергек болуы шарт. Негізгі міндет - зиянды әдеттерден арылту, адамдардың өмір сүру жасын ұзарту. Ол үшін жас ұрпақты бала жастан жат қылықтардан бойын алыс ұстап, жекетұлға болып қалыптасуы үшін, алдымен өз денсаулығына өзі жауапты екендігін сезіндіріп, ұғындыра білгені абзал» деп нақты айтқан.

Бүгінде жастар арасында жүрек-қантамыр аурулары, қатерлі ісік, қант диабеті аурулары басым. Бұның басты себебі - экологиялық ахуал, судың, ауаның ластануы. Екіншіден, 70 пайыздық жағдайда дұрыс тамақтанбау түрлі созылмалы науқастардың себеп-салдары болып табылады.

Қазір жеңіл-желпі тағамдар дүкен сөрелерінде көптеп кездеседі. Оларды жастар мен жасөспірімдердің пайдалануы асқазан-ішек ауруларына,

семіздікке душар етуде. Үшіншіден, қозғалыс белсен- ділігінің аздығы. Артық салмақ - көптеген ауруларға бастайтын бірден- бір себеп. Сонымен бірге жастардың зиянды әдеттерге бой алдыруы, гигиеналық талаптарды дұрыс жасамауы түрлі қатерлі ісік ауруларына себеп болуда.

Әр адам салауатты өмір салтын дұрыс ұстанып, уақытылы жергілікті дәрігерлерге қаралып, сапалы кеңес, ем алып тұрса, ауру-сырқау батпандап кірмеген болар еді.

«Сыр бойы» газетінен

**Бағалау дескрипторы**:
- Мәтінді түсініп оқиды және негізгі ақпаратты анықтайды– 20 балл

**2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз**:
1. Салауатты өмір салтын ұстанудың басты факторларын атаңыз.
2. Салауатты өмір салтын ұстанбаудың салдары қандай?

**Бағалау дескрипторы:**
- Сұрақтарға жауап береді және жазбаларында құрмалас сөйлемдерді қолданады. 20 балл.

3-**тапсырма. Мәтіннен екі құрмалас сөйлемді теріп жазыңыз және олардың түрлерін анықтаңыз**.
**Бағалау дескрипторы**:
- Құрмалас сөйлемдердің ажырата алады. 15 балл

**4-тапсырма. Дұрыс тамақтануға қатысты аралас құрмалас бір сөйлем құрастырыңыз.**

Бағалау дескрипторлары:
- Тақырыпқа қатысты өз ойын еркін жеткізе біледі. 10 балл
- Аралас құрмалас сөйлемдепдің жасалу жолын біледі. 10 балл

**5-тапсырма. Сізге жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында іс-шара өткізу тапсырылды. Қандай шаралар ұйымдастырар едіңіз? Жоспар құрып, себебін түсіндіріңіз.**
**Бағалау дескрипторлары:**

- Тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді 10 балл
- Қорытынды шығарып, шешу жолдарын анықтай алады 15 балл

## 22-сабақ.
## Тақырып 11.2. Бердібек Соқпақбаев. «Он алты жасар чемпион» (әңгіме)

**Мақсаты:**
1. Прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау;

2. Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін білу;
3. Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды;
- ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды;
- жазба жұмыстарында құрмалас сөйлемдерді орынды қолданады.

## Автор туралы ақпарат

Бердібек Соқпақбаев - 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гауһар» секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында (Франция) өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі (Б.Соқпақбаевтың сценарийі) арнаулы жүлдеге ие болды.

**Талқылау сұрақтары**

1) 16 жасында спортта жеңіске жеткен кімдерді білеміз?
2) Спортта чемпион атану үшін қандай қасиеттер керек?
3) Спортшылар туралы қандай киноларды білеміз?
4) Егер жазушы болсаңыздар қай спортшы туралы кітап жазар едіңіздер? Неге?

**1-тапсырма. Бердібек Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен алынған үзіндіні мұқият оқыңыз және жалпыадамзаттық мәселені анықтап, сұрақтарға жауап беріңіз.**

... Сені әскерге ала қоймас, - деді.

Осыны айтып, ары бұрыла берген Садықты Мұрат иығынан тартып қалып:

- Неге? - деді.

- Өйткені әскерлер дәу-дәу (Садық дәу-дәу деген сөзді айтқанда иығын көтеріп, екі қолын ұшатын құстай қомдап қойды). Сен кішкентайсың, арықсың… Екі күннің бірінде ауырып қаласың.

Мұрат нәзік бала болатын. Бүкіл денесіндегі сүйкімді жері - қарақаттай мөлдіреген отты көздері ғана. Жіңішке мойны глобусқа ұқсайтын домалақ басын зорға көтеретін сияқты. Шешініп отырғанда қарасаң, қабырғалары мен төс шеміршектері терісіне ғана жабысып тыржыйып тұрғанын көресің. Қандай киім алып берсе де, иығы салбырап түсіп кетеді, қандай шалбар тігіп берсе де, белі кең келеді.

Садықтың сөзіне Мұрат намыстанып, өз денесінің Садықтай толық, кесек болмағанына іштей кейіп қалды.

- Сені ала ма әскерге? - деді ол.

- Мені алады. Мен сенен үлкенмін, күштімін.

Мұрат өкшесін көтеріп, мойнын созып:

- Екеуміздің бойымыз бірдей-ақ қой, - деді.

- Күресесің бе ендеше? - деді Садық алақанына түкіріп.

Мұрат өзін ешкімнен кем санамайтын. Жүректі, батыл еді. Тәуекелшілдігі мен намысқойлығы да бар болатын.

- Күрессек үстіміз былғанады. Қол қысысайық, - деді ол.

Екеуі шап ұстаса кетті. Садықтың әлді жұмыр саусақтары Мұраттың шидей саусақтарын сығымдап ауыртып жіберді. Қатты ауырсынған Мұрат ойбайлап жібермеу үшін бүгіліп, тістеніп алған…

**Сұрақтар.**

1. Диалог кімдердің арасында өтті?
2. Олардың әңгімесі не туралы болды?
3. Төбелес неден шықты?
4. Мұраттың бойында қандай қасиеттер бар?
5. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қандай баға берер едіңіздер?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Әңгімедегі жалпыадамзаттық мәселені анықтайды – 10 балл
- Сұрақтарға жауап беру арқылы үзіндінің мазмұнын түсінеді. 25 балл

**2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз. Мұраттың сырт келбетін, іс-әрекеттерін салыстырып, боксшының өсу жолы туралы шағын мәтін жазыңыз.**

***Түсіндірме сөздік***

*Сымпиған* – арықтау
*Салалы саусақ* – ұзындау келген саусақ
*Білеуленген* – жуан
*Масаттану* – риза болу

Радио: «Тыңдаңыздар!» - дегенде стадиондағы гулеп отырған адамдар ауыздарын баса қойғандай тына қалды. «Бүгін он төрт жас боксер дүние жүзінің чемпионы атағын алу үшін төбелеске шығады. Бірінші кездесетіндер жеңіл салмақтылардан үздік шыққан Сандерес (АҚШ) пен Мұрат (КСРО).

1. Сандерес бокспен шұғылданғанына бес жыл болды. Жасы он алтыда, салмағы 51 килограмм.

2. Мұрат. Бокспен шұғылданғанына үш жыл болды. Жасы он алтыда, салмағы 48 килограмм.

...Ду етіп шапалақ соғылды. Ақ киінген бірнеше адамның ортасында көк жолақ шапан жамылған екі бала, екі жағына темір қаша орнатып тастаған жіңішке жолмен рингке қарай келе жатыр. Сартылдаған шапалақ жаңғырығы бүкіл Парижды шайқалтқандай...

Мұратқа қарағанда Сандерес бойшаңдау екен. Бірақ оның сымпыйған денесінен гөрі Мұрат иықты еді. Кесек тұлғалы көрінбесе де шымыр, шыйрақ. Әсіресе төрт—бес жылдан бері үздіксіз шынығу, спортпен айналысып, дәрігерлер мен сүйікті ұстазы Николай Трофимовичтің айтқанын қалт етпей, орындап отыру оны осы дәрежеге жеткізді. Салалы жұмыр саусақты, қайыспайтын қабырғалы, бұлшық еттері білеуленген сұлу тұлғаға ие болды. Өз бойындағы дамып жетілгендікті сезіп, көрген сайын масаттанады. Спорт оны әрі батыл, әрі сымбатты, әрі төзімді берік етті. Сақылдаған аяз, жазғы ыстық оған |осы кезде қорқыныш емес. Қызара бөртіп, ажарланып қарсы алады...

Б. Соқпақбаев. «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіндерді салыстыра отырып, боксшының өсу жолы туралы мәтін құрастырып жазады.20 балл
- Жазбаларында құрмалас сөйлемдерді қолданады. 15 балл

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Қандай әсер алдыңыз? Оз ойыңызды білдіріңіз.**

Мұрат қорғана отырып, шегініп барады. Бұрышқа жетті, аркасы арқанға тірелді. Сандерестің соққысы бәсеңдер емес. Мұрат зымп беріп, Сандерестің қолтығының астынан өтіп, лезде артқы бұрышқа жетті. Сандерес те оқыс бұрыла берген. Осы мезетте Мұрат атылып кеп, жақтан соқты. Соққы жойқын еді. Сандерестің жағы қаусағандай боп қалды. Жағын қорғап, сүзе қарай беріп еді, Мұрат оны иектен көтере ұрды. Арқанға асылып барып ол рингтің сыртына құлап түсті, төбесімен шаншыла құлады.

Американдықтардың шу ете түскен үнін, бақырып айтқан әдепсіз сөздерін сартылдаған шапалақ дауысы тұншықтырып жіберді. Мұрнынан аққан қаны екі езуін бояған Сандерес соғылған қасқырша бұралып, шалқасынан жатыр. Төніп келіп, судья санап тұр. «Бір, екі, үш... тоғыз...» жұрттың айқайы мен ұрасы күшейіп кетті:

Сандерес тұрған жоқ.. Ол тұрмастай болып жығылған еді.

Кеудесін кере ентіге дем алып, Мұрат рингтің қақ - ортасында тұр. Жұртқа ақжарқын қарап, шырайы жайнай түсті. Шапалақ қыза соғылып, басылар емес.

— Жеңіл салмақтылар бойынша дүние жүзінің чемпионы атағын Мұрат Батырбаев алды, — деп оның қолын көтерді.

Ду қошамет асқақтап кетті. Жер жүзі үн қосып жатқандай...

Гимннің шалқып шыққан қуатты үні Мұратпен бірге бокс ойнында озық өнер көрсеткен езге жолдастарына да ұлан-байтақ Совет Одағының қуанышты құттықтауындай естіліп кетті. Бүкіл ата-ана мен халықтың қуанышты, мейрімді лебізі осы үнде тұрғандай совет боксшыларын тіпті арқаландырып жіберді.

Жайшылықта сабырлы, салмақты Николай Трофимович балаша секіріп, рингке шықты да, Мұратты құшырлана құшақтап, бетінен сүйді. Масаттанған Мұратқа Николай Трофимовичтің құшағы Отанның аясындай сезілді.

Б. Соқпақбаев. «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолдана отырып алған әсерлерін сипаттап жазады және әңгіме бойынша өз ойларын білдіреді.20 балл
- Құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастырады.10 балл

**Ойтаразы.**

1) Шығарма маған қандай ой салды?
2) Кейіпкерден қандай үлгі алуға болады?

## 23-сабақ.
## XII Бөлім. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік
## Тақырып 12.1. Сандық технология. Сандық теңсіздік. Электронды үкімет.

**Мақсаты:**

1. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.
2. Мәтіндегі негізгі факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.

**Бағалау критерийлері:**

- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді;
- шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдайды;
- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселеге өз ойын біддіреді, қорытынды жасайды.

**«Ой шақыру» әдісі.**

Суреттерден нені көріп тұрмыз?
Ұялы телефонның пайдасы қандай?
Компьютердің пайдасы қандай?
Олардың зияны бар ма?
Олардың ортақ белгісі қандай? (екеуі де ақпарат құралы)
Әлеуметтік желі деген не?
Интернет компьютерлік желісі қайда, қашан пайда болды? (1952, Америкада)
«E-mail пошта» деген не?
Электронды пошта қашан пайда болды? (1965ж.)
Электронды поштаны пайдалану үшін не керек?
Қандай танымал әлеуметтік желілерді білесіңдер?
Электронды поштаны кімдер ойлап тапты? (Ноэль Моррис және То Ван Влек)
Егер компьютер мен интернет болмаса не болар еді?
Компьютерге тіл бітсе не айтар еді?

**Талқылау сұрақтары:**
Қалта телефонсыз, ғаламторсыз өмір сүре аласыздар ма?
Қандай әлеуметтік желілерді білесіздер?
Әлеуметтік желілерге күніне қанша рет кіресіз?

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, сандық технологияның маңызына назар аударыңыз және сөздіктің көмегімен тірек сөздер мен термин сөздердің мағынасын ашыңыз.**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Біз сандық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз», - деп болашаққа айқын бағдар берді. Ол үшін арнайы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – хплықтың өмір сүру салтын жақсарту, яғни тұрғындардың кең жолақты ғаламторға қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның сандық сауаттылығын арттыру және электронды үкіметті одан әрі дамыту. Сандық технологиялар, біріншіден, экономиканың дамуына, қызмет көрсету деңгейін арттыруға септігін тигізеді. Екіншіден, қарапайым тұрғындар сандық технологияларды мейлінше меңгерсе, қажетті ақпаратқа қол жеткізеді, үкіметпен байланыс орнату жағдайында ілгерілеушіліктер орын алады. Үшіншіден, ақпаратпен алмасады. Қарапайым ғана мысал, сымсыз ұялы телефондар, желілік телеарналар - осындай іс-әрекеттердің жемісі. «Цифрлық Қазақстан» тек IT саласын ғана емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру арқылы көптеген әлеуметтік мәселелердің оң шешімін табуға болады.

*Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газетінен*

**Тірек сөздер**
*Сандық технология*
*Өмір салтын жақсарту*
*Ілгерілеу*

*Ұялы телефон*
*Желілік телеарна*

**Бағалау дескрипторлары**

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді және  сөздердің мағынасын ашады; 10 балл
- Термин сөздерді теріп жазады және мағынасын ашады. 10  балл

**2-тапсырма.** *https://www.youtube.com/watch?v=gc3P4MM1MQI* **сілтемесі бойынша бейнематериалмен танысыңыз  және  ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтаңыз.**

| Тұжырымдар | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Біздегі 5,6 миллион адам интернетті жиі пайдаланады. | | |
| 50 миллион тыңдарман жинау үшін радио 38 жыл уақытын сарп етсе, теледидар дәл осынша көрерменді 13 жылда жинапты. Ал, интернет небәрі 4 жылда бағындырған. | | |
| Жаһандағы 30 жастан асқан адамдардың барлығы, ал жаңа ғасырда туғандардың 100 пайызы әлеуметтік желілерге тіркелген. | | |
| Психолог көмегіне жүгінетіндердің көбі 21 мен 29 аралығындағы жастар. | | |
| «Мой мирге» бір күнде 1 миллион 125 мың адам кіреді. | | |
| «Одноклассникиді» күніне 410  мың адам ақтарады. | | |
| «ВКонтактені» күніне 525 мың адам қарап шығады. | | |
| «Facebook»-ті бір күнде 558 мың азамат пайдаланады. | | |
| 1 сыныпта орта есеппен 25 оқушы бар десек, оның бәрінде ұялы телефон бар. | | |
| Балалар күнде кешке «Контр-страйкты», «GTA»-ны, «Дотаны» ойнайды. Сондағы оқ өтпейтін, отқа жанбайтын адамдардай болуды армандайды. | | |

**Бағалау дескрипторы:**

- Тыңдалған бейнематериалдағы ақпараттың дұрыс-бұрысын анықтайды; 30 балл

**3-тапсырма. Көрген бейнематериалдағы негізгі ойға және қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге өз көзқарасыңызды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіріңіз.**

***1. Пікір***. Бейнематериал бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.
***2. Дәлел***. Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
***3. Мысал***. Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
4. ***Қорытынды.*** Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

**Бағалау дескрипторы:**
- тыңдалған материалдағы негізгі ой мен әлеуметтік мәселелерді түсінеді және негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді. 20 балл

**4-тапсырма. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздікке қатысты талқылаулардан үзінді оқыңыз. 1-10 сұрақтар ішінен сәйкес келетінін таңдаңыз. (А, Ә, Б немесе В). Әр әріпті бірнеше рет қолдануға болады**.

1. Ел ішінде өркениет жаңалығын қабылдағысы келмейтіндер де кездеседі.
2. Кей адамдар сандық технологияларды ұлт тәрбиесіне кері ықпал етеді деп қабылдайды.
3. Шалғай жерлердегі адамдар ақпараттық технологияның мүмкіндіктеріне қол жеткізуге асықпайды.
4.Толассыз ақпаратты тиімді саралауды адамдардың бәрі бірдей іске асыра алмайды.
5. Сандық технологиялардың жаңа үлгілері халыққа әрдайым тиімді бола бермейді.
6. Жаһандық байланыс құралдарын дұрыс қолдану туралы түсіндіру жұмыстары қарастырылу керек.
7. Адамдардың сандық сауаттылығын дамыту - маңызды шаралардың бірі.
8. Сандық сауаттылықты арттыру мәселесіне жан-жақты көңіл бөлген жөн.
9. Қазір қартта да, балада да кем дегенде ұялы телефон бар.
10. Халықтың ақпараттық сауатын жақсарту үшін үкімет тарапынан күш салынуда.

**А Жәңгір**

Сандық сауаттылықты меңгерудегі теңсіздіктің бір жақты шешімі жоқ, өйткені үкімет тарапынан, сандық технология қызметін ұсынушы және оны тұтынушы тарапынан бірлескен әрекеттестік қажет. Соңғы уақытта елімізде бұл теңсіздік деңгейін төмендету үшін бірқатар оңтайлы шешімдер де қарастырылып жатыр. Атап айтқанда, кітапхана, сауда орталықтары, автобус сияқты қоғамдық орындарда ғаламторды пайдалану тегін. Бірақ ғаламторға

қолжетімділік тығыз орналасқан мегаполистерде жеткілікті деңгейде болғанымен, алыс аймақтардағы халықтың бұл байланыс құралын пайдалану туралы тек жоспарлары ғана бар.

**Ә Ақерке**

Сандық технологиялардың қолжетімді бола бермеуіне көптеген себептер бар. Қазіргі жаһандық байланыс құралдары қызметі күн сайын жаңарып жатыр. Бұл бір жағынан көптеген адамдардың оларды пайдаланудағы сауаттылық деңгейін төмендетіп, материалдық мұқтаждығын да туындатады. Сонымен қатар, сандық сауаттылықтың теңсіздігі қоғамның кейбір топтарының жаңаша өмір сүруге талпынбауынан да болады. Бұл тұста ақпараттық қоғамның артықшылықтарын сипаттайтын үгіт-насихат жұмысын жүргізу өте маңызды.

**Б Мая**

Қазіргі кезде адамдардың барлығы бірдей сандық технологияны сауатты қолданып жатыр деп ойламаймын. Бірақ халықтың қандай да бір әлеуметтік жасерекшелігіне қарамастан қолында сандық технология бар. Бір отбасының өзінде ол техниканың бірнеше түрі бар. Алайда бұл заманауи тұрғыда жетілген деп қабылдауға кепіл бола алмайды. Себебі ақпаратты сауатты түрде табу, оны сұрыптау, ұйымдастыра білу деңгейлері халықта әртүрлі деңгейде дамып жатыр. Сол үшін әлеуметтік ортада толыққанды түсіндіру жұмыстары жүргізілгенде ғана сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздікті жою туралы пікір қалыптасады деп ойлаймын.

**В Ерқанат**

Қазір жалпы сандық сауаттылықа деген қоғамда екіге жарылған көзқарас бар. Біреулері оны тиімді, ұтымды деп қарастырып жатса, екінші бір адамдар оны халықтың дүнитетанымына, тәрбиесіне, рухани құндылықтарына балта шауып жатыр деп те түсінеді. Ал менің пікірімше, егер оның функцияларын белгілі бір мақсатқа сәйкес қолданатын болса, ол ешқандай да рухани құлдырауға алып келмейді, керісінше адамдарды дамуға алып келеді. Ол үшін сандық технологияны дұрыс қолданудың сауаттылық жолдарын меңгеру керек.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Пікірлерді түсініп оқиды; 10 балл
- Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді; 10 балл
- Дұрыс жауаптарымен сәйкестендіреді. 10 балл

## 23-сабақ.
## Тақырып 12.1. Мұхтар Шахановтың «Компьютер басты жарты адамдар» концепциясы. «Өркениеттің адасуы» (романнан үзінді)

**Мақсаты:**

1. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.
2. Әртүрлі графиктік мәтіндердегі  ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру.

Бағалау критерийлері:

- мәтін бойынша болжам жасайды, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады;
- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді;
- әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді;

**Суреттер арқылы сабақтың тақырыбын болжау.**






**1-тапсырма. Берілген сұрақтарға өз ойларыңды жазыңыздар.**

Осы күні біздің өмірімізді компьютерсіз елестету мүмкін бе?
Біз қазіргі таңда компьютерсіз жұмыс жасай аламыз ба?
Сабақ барысында бұрынғыдай тек тақта мен борды пайдаланып жұмыс жүргізе аламыз ба?

**Бағалау дескрипторлары:**

- сұрақтарға өз сөздерімен жауап бере алады. 20 балл

**2-тапсырма. Поэмадан  берілген үзінді оқып, негізгі ойын анықтаңыз**

1) Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан
Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі жарты адам!
Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?
Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.

2) Өз халқының тілі, ділі - зор адами парқына,
Тамыр жалғай алмағандар не сыйламақ халқына?
Бұл қазаққа көз өткен бе,
Тілдің мұңын сөз еткенде

Кей басшылар нақ бір жылан көргендей боп қалтырар...
Ұлтсыздардың бәрі - рухани мүгедектер, жартылар.

**Бағалау дескрипторлары.**

- негізгі ойды анықтай алады 20 балл

**3-тапсырма.** "Өркениеттің адасуы" романынан келтірілген үзінді мен танымал суретші Аңсаған Мұстафаның жоғарыда көрсетілген екі туындысын салыстыру. Графиктік мәтіндердегі ақпараттардың негізгі идеясын түсіндіріп, поэма үзіндісімен салыстырады.







**Бағалау дескрипторлары:**

- әртүрлі графиктік мәтіндердегі ақпараттарды салыстырады. 20 балл
- әртүрлі графиктік мәтіндердегі ақпараттардың негізгі идеясын түсіндіреді. 20 балл

**4-тапсырма.Тақырыпқа байланысты сөздер және терминдерді қатыстырып сөйлем құрастырыңдар.**

Сандық технология, 3Д модель, табысты болашақ, ғаламтор, даму, инновациялық технологиялар, ірі жоба, операциялық технология, жетістік, тиімділік, шырмаушы тор.

**Бағалау дескрипторлары:**

- тақырыпқа байланысты сөздер және терминдерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыра алады. 20 балл

**Ойтаразы:**

1. Нені жақсы түсіндіңіз?
2. Нені түсінбедіңіз?
3. Қандай сұрағыңыз бар?

**XIII бөлім. Қоғам және заң.**
**Тақырып 13.1. Тәртіпке бағынған ел құл болмайды. Тәртіпсіздік неден басталады? Құқық бұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды. Ермек Өтетілеуұлы Ата Заң.**

**Мақсаты:**

Көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу.

Бағалау критерийлері:

**Қызығушылықты ояту**




**Түрткі сұрақтар:**

Суреттен нені аңғардыңыз?
Ата заңның ел үшін маңызы қандай?

**1-тапсырма.Ұсынылған сөздердің синонимін тауып, сөйлем құрастырыңыздар.**

Құқық
Мирас
Тәуелсіз
Мемлекет

**Бағалау дескрипторлары:**
Сөздердің синонимдерін таба алады – 10 балл
Олармен сөйлем құрастырадыс – 10 балл

**2-тапсырма. Кестені толтырыңыздар.**

| Мәтін | Көтерілген мәселе | Автордың ұстанымы қандай? | Автор үшін құндылық не? | Көтерілген мәселеге оқушы көзқарасы |
|---|---|---|---|---|
| 1- мәтін | | | | |
| 2- мәтін | | | | |

**Бағалау дескрипторлары:**
Көтерілген мәселені 1 сөйлеммен анықтайды 10 балл
Екі мәтіндегі автордың ұстанымын 10 дәлел келтіру арқылы салыстырады;
Құндылықтарды мысал келтіру арқылы салыстырады; 20 балл
Көтерілген мәселеге өзіндік көзқарасын 1 аргументпен негіздейді. 20 балл

**«Ата Заң» өлеңі**

Азат елдің басталған айқын жолы тәрізді,
Ата Заң деп аталған Конституциямыз бар біздің.
Ата Заңмен бекіткен дербестігін еліміз,
Ата-баба мұра еткен, тұтастығын жеріміз.
Халық сенген заңымыз әділдікті қолдайды,
Жақсарсын деп халіміз адам құқын қорғайды.
Дейді заңы мемлекет үлкенге де,балаға:
“Оқу оқы, еңбек ет, кәсіп жаса қалаған!”
Әрбір бабы маңызды, әр көңілдің жыры бір,
Бізде 30 тамыз – Ата Заңның күні бұл.

Ермек Өтетілеуұлы.

**«Ата заңым - айбыным» өлеңі**

Бастайтын болашаққа бақ кемені,
Осы жол халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып Ант береді.

Болғанмен бұл Өмірде айлаң күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!
Еліңнің дамуы мен дағдарысы
Ол-дағы Ата Заңға байланысты!

Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей өсер еткен ғұмырына
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісім-шарт жасасқан барлық шет ел
Қазақтың Ата Заңын мойындайды!

Айбатыр Сейтақ

**3-тапсырма. «Бес жол өлең» әдісін қолданып,** *әділдік* сөзіне өлең құрастырып жазыңдар

Зат есім _________.

Сын есім ________ , _____________

Етістік _________ , ___________, __________

Сөйлем _________ __________ ________ __________.

Синоним _________.

**Бағалау дескрипторлары**:

«Бес жол өлең» әдісі бойынша өлең құрастыра алады - 20 балл

**Кері байланыс «3-2-1»**

1. Мен үшін 3 жаңа ақпарат...
2. Бұрыннан білетін ақпарат...
3. 1 қиындық келтірген тапсырма не сұрақ...

## 25-сабақ
## XIV бөлім. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік.
## Тақырып 14.1. Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер.
## Отбасы – құндылық. Қоғамның әлеуметтік құрылымы.

Мақсаты.
Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру.

***Бағалау критерийлері:***
- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады, күнделікті өмірмен байланыстыра алады.
- Ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданады, өз ойларын дәлелдеп, қорытынды жасай алады.

**Қызығушылықты ояту:**
*Болжау.*





**Миға шабуыл.**

Берілген сұрақтарды талқылаңыз.

- Қазіргі қоғамда әлеуметтік теңсіздік бар ма?
- Қоғамдағы әлеуметтік топтарды қаншаға жіктер едіңіз?
- Әлеуметтік жағдайы төмен болу дегенді қалай тарқатып түсіндірер едіңіз?
- «Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес» деген пікірдің мағынасын қалай жеткізер едіңіз?

**Тыңдалымалды тапсырмасы**

Жұптар «Әлеуметтік теңсіздікке» анықтама жазып, оның негізгі себептерін жазады. *«Әлеуметтік теңсіздік өмірде қалай көрінеді?»* деген сұраққа жауап береді.

<u>*Әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуының басты 3 себебін анықтаңыз:*</u>

***негізгі себептері :***

- *саяси, экономикалық және демографиялық жағдайлар;*
- *саяси-экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық;*
- *жалақы мен зейнетақының күнкөріс минимумынан төмендігі;*

*/жұпта талдайды/*

/әлеуметтік теңсіздіктің  себептерін, аргументтерді тізіп, жазып шығады/

**Тапсырма дескрипторлары:**

- «Әлеуметтік теңсіздік» ұғымына 2 сөйлемнен тұратын анықтама жазады; 5 балл
- Әлеуметтік теңсіздіктің 3 себебін анықтайды. 5 балл

***1-тапсырма***

«Бразилия: Әлеуметтік теңсіздік» тақырыбындағы бейнежазбаны тыңдаңыз.



Мәтіндегі дұрыс және бұрыс ақпараттарды табыңыз.

| Тұжырымдар | | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1 | Бразилияда әлемдегі ең үлкен экономикалық теңсіздік байқалады. | | |
| 2 | Бразилия халқының ең бай 10 пайызы елдегі 40 пайыз ең кедей тұрғындардың бірігіп табатын табысынан 50 есе көп қаражат табады. | | |
| 3 | Ауқатты бразилиялықтар негізінен қаржыгер сияқты табысы жақсы кеңсе қызметтерін атқарады | | |
| 4 | Бразилияның бай тұрғындары өздері тұрғызған үйлерді мекен етеді, сонымен қатар, көбінесе фавелаларда тұрады. | | |
| 5 | Сан-Паулоның орталық көшелерінде ауқатты үйлердің құны мыңдаған фунтқа жетеді. | | |
| 6 | Тұрғын үй, еңбекпен қамтылу, денсаулық сақтау мен білім алуға қатысты теңсіздіктер бразилиялық таптық бөлініске түрткі болып, келер ұрпақ алдында үлкен мәселе тудырып отыр. | | |
| 7 | Қоршаған ортаның ластануы тек кедейлерге ғана әсер етеді. | | |
| 8 | Бразилияның кедей халқы үйлерін көшеден тапқан үйлерін кез келген материалдан өздері салуға мәжбүр. | | |
| 9 | Кедей халық қауіпті әрі ыңғайсыз қоғамдық көлікпен қатынайды. | | |
| 10 | Бразилияда барлық адамдар тең дәрежеде білім алып, денсаулықтарын сақтай алады | | |

***Бағалау дескрипторлары:***

- *Бейнежазбаны тыңдайды және мазмұнын түсінеді; 5 балл*
- *Отбасын асырауына қатысты өз ойын жазады. 10 балл*

***2-тапсырма***

Мәтіндегі ақпараттарды күнделікті өмірмен байланыстырыңыз.

- Қалай ойлайсыз, Леандраның 13 жасынан жұмыс істеп, отбасын асырауы дұрыс па?
- Қазақстан мен Бразилия арасында әлеуметтік теңсіздік бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар ма?

**Бағалау дескрипторлары:**

- 13 жасар Леандраның жағдайын сипаттайды; 5 балл

- Отбасын асырауына қатысты өз ойын жазады; 5 балл
- Бразилия мен Қазақстандағы әлеуметтік теңсіздікті сипаттайды; 5 балл
- Екі елдің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді. 10 балл

***3-тапсырма.*** Берілген сұраққа «ПОПС формуласы» бойынша жауап беріңіз.
**Сұрақ:** *«Әлеуметтік теңсіздікті болдырмау ел үшін қаншалықты маңызды?»*
**«ПОПС» формуласы**
•Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »
•Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін… »
•Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »
•Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»
**Бағалау дескрипторлары:**

- Берілген мәселеге қатысты өз ойын жазады; 10 балл
- Өз ойын дәлелдейді; 10 балл
- Тыңдалым мәтінінен мысал келтіреді; 5 балл
- Ойын қорытындылайды. 10 балл

***Рефлексия***
**«3-2-1» стратегиясы**

- Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;
- Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;
- Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.

**Үй тапсырмасы: 13-бет, 3-тапсырма. Автордың ойымен келісесіздер ме? Мәтін мазмұны бойынша дәлелдер келтіріп, автордың ойын дамытыңыздар.**

***Бағалау дескрипторлары:***

- Дәлелдер келтіріп, өз ойларын ашық айтады – 15 балл

## 26-сабақ.
## Тақырып 14.2. Ерболат Әбікенұлы. «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі. «Жігітті намыс өлтірер...»

**Оқыту мақсаты**:
- мәтін үзінділері бойынша тиісті ақпаратты анықтай білу;
- грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- Әңгіме мазмұнын түсінеді;
- Сұрақтарға дұрыс жауап береді;
- Көтерілген мәселені анықтай алады;
- Грамматикалық омонимдерге жазбаша мысалдар келтіреді.

**1-тапсырма. Үзіндіні мұқият оқыңыз және төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

**ПӘТЕР ІЗДЕП ЖҮР ЕДІК (әңгімеден үзінді)**

Алматыны алты айналып, жетім бұрышты жеті айналғанда өкшем опырылып түсті. Енді маймақ жүріске бастым, аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік...

Құмырсқаның илеуінше қайнаған жетім бұрыштан бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті маклер саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің.

— Пәтер бар ма, апай?

— Бір қыз керек.

— Пәтер бар ма, ағай?

— Бір жігіт керек.

— Апай, пәтер керек еді.

— Екі қыз керек.

— Келіншегім екеуміз тұрсақ бола ма?

— Болмайды, келіншегіңнің қасына бір қыз қос, өзің басқасын жалда.

— Пәтер керек еді.

— Жас отау керек.

— Біз жас отаумыз, – қуанып кетіппін, дауысым қатты шығып кетті.

— Онда естіп ал, елу мың теңгеден, жүз елу мың теңге үш айдың ақшасын алдын ала тапсырасың.

— Бөліп тапсырса ше?

— Онда барыңдар ары.

Сасқанымнан келіншегіме қарадым, маған жаны ашыған болу керек, естісе де, естімеген боп тұр. Аппақ бетінің ұшына аздап қан шапши қалыпты, көзінен мұң байқалады, қасынан алыс тұруға тырысып, тағы бір маклерге қарай жүгірдім.

— «Шаңырақта» бір үй бар, жас отбасын тұрғызады, – деді семіз қара келіншек. Кеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.

— Қанша болады?

— Он мың теңге, үш бөлмелі жаңа үй.

— Шаңырақ алыс па? – дедім келіншегіме бұрылып.

— Өте алыс қой...

— Амал жоқ, шамамыз соған жетеді, үш бөлмелі үй болса болады екен.

— Жарайды, келістік.

— Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

— Мінеки, мың теңгеңіз.

Қалыңдығы бір елі, тозығы жеткен, іші шимайға толы дәптеріне үңіле түсті.

— Мынау телефоны мен аты-жөні. Сұлушаш тәте жіберді дейсіңдер.

— Қожайынмен бірге тұрмайтынымыз қандай жақсы болды, – деді келіншегім жол-жөнекей құлағыма сыбырлап, бұрынғы жәбір-жапаны ұмытқан адамдай өте көңілді, жымың-жымың етеді, еріксіз жымиып күлген болдым.

Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіре түсіп, телефон құлағын бұрадым. Ар жағынан ер адамның барылдаған жуан дауысы шықты.

— Ало, кім?

— Ало, ассалаумағаликум, Сәкен аға ма екен?

— Иә, мен.

— Сұлушаш тәте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік..

— Қайдағы пәтер, өткізіп жібергенбіз үш күн бұрын.

— Сұлушаш тәте он мың теңгеге үш бөлмелі пәтер бар деген болатын.

— Он мың теңгеге тауық кепе де жалдай алмайсың, бауырым, – деді де телефон тұтқасын тастай салды.

Ашудан жарылардай мелшиіп тұрдым да қалдым.

*Ерболат Әбікенұлы*

1. Мәтінде қандай әлеуметтік мәселе көтерілген?
2. Кейіпкерлер қайда келді?
3. Олар пәтерді қалай іздеді?
4. Пәтер іздеушілер қандай жағдайға тап болды?

**Бағалау дескрипторлары:**

- үзіндіні мұқият оқиды және мазмұнын түсінеді; 5 балл
- мәтінде көтерілген әлеуметтік мәселені анықтайды; 10 балл
- кейіпкерлерді анықтайды; 5 балл
- пәтерді қалай іздегендерін сипаттайды 5 балл
- қандай жағдайға тап болғандарын баяндайды 5 балл

**2-тапсырма. Мәтіндегі фразеологизмдердің мағынасын сәйкестендіріңіздер:**

| | |
|---|---|
| құмырсқаның илеуінше қайнаған | бір орнымнан қозғала алмадым |
| әкесінің құнын сұрайды | үмітім артып, сенім пайда болды |

| | |
|---|---|
| үміт оты жарқ еткендей болды | құдайға сиынып |
| ішімнен иманымды үйіре | адамдардың көп жиналған жері |
| мелшиіп тұрдым да қалдым | өте қымбат |

**Бағалау дескрипторлары:**

- мәтіндегі фразеологизмдердің мағынасын түсінеді және сәйкестендіреді; 15 балл

**3-тапсырма.Мәтінді оқыңыз. Әңгімедегі автордың идеясын анықтаңыз.**

Тозығы жеткен маршрутканың ішіне есіктен ытқып шығардай сығылып әрең сыйдық... Барахолкадан бір-ақ шықтық. Көше бойымен әр дарбазаға жалтақтай қарап, барлап келемін. Бір кезде пәтер жалдаймын деген жазу көзіме шоқтай басылды. Қуанғаннан айқайлап жібере жаздадым...

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші қараңғы дәліз екен. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Тақтай төсек. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден әрең асатын кішкентай үстел қойылыпты. Ырғап көріп едім, билеп тұр. Енді байқадым, үлкен бір тар бөлмені екіге бөле салған екен. Тақтаймен бөлген. Арғы бетте қараң-қараң етіп пәтершілер жүр. . Сәбидің шырқырап жылаған ащы үні естілді. Қабырға мен төбенің арасындағы қуысқа жалғыз ған шырақ орнатыпты. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сөнсе, екі жақ та жарықсыз қалады...

— Мына үйде бір нәрсе жетіспейді, – деді келіншегім, аналар кеткесін сылқ-сылқ күліп.

— Телевизор ма?

— Жоқ.

— Айна...

— Қойшы, айна біздің не теңіміз. Өзің соқырмысың. Көзіңді ашып қарасайшы.

— Өзің айтшы ал.

Кенет жарық жалп етіп сөне қалды.

— Өй, жарыққа не болды, – деп сасып қалдым.

— Не нәрсе жоқ екенін тапсаң жағам.

— Терезе жоқ, – деген әйел дауысы шықты қырсық қабырғаның ары жағынан. Шырақ жарқ етіп жана қалды..

Қырсықтың көкесін жатарда көрдік, екі адам еркін айнала алмайтын куықтай бөлме, Мен келіншегіме суық тиіп қалмасын деп түпкірге жаттым.

Ұйқы келер емес. ..Бөлмелер бөлек-бөлек болғанымен ауасы ортақ екен. Терезенің пайдасын енді білдім. Ауа жетпей барад, бір кезде ұйықтап кетіппін. Қай мезгіл екенін білмеймін, ояна кетсем, терлеп жатыр екенмін...

Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүрмін» әңгімесінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- **м**әтін үзіндісін түсініп оқиды 5 балл
- әңгімедегі автордың идеясын анықтайды 10 балл

***4-тапсырма***. Берілген сөздер мәтінде қандай мағынада қолданылып тұр? Олардың қайсысы омоним бола алады? Сөйлем құрау арқылы дәлелдеңіздер.

*Шық, жаз, бетте, жақ, қойшы.*

**Бағалау дескрипторлары:**

-сөздердің мағынасын түсінеді ; 5 балл
грамматикалық омонимдерге жазбаша мысалдар келтіре алады. 15 балл

**Үй тапсырмасы**: Елімізде баспана жетіспеушілігін жою мақсатында қандай іс- шаралар жүзеге асырылуда.? Ой бөлісіңіздер.

**Бағалау дескрипторлары:**

- қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, нақты іс-шараларды атап көрсетеді 20 балл

**Кері байланыс :**

Мен оқыған үш факт

Жеңіл болған ақпарат

Қиын болған ақпарат

Алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат

**27-сабақ.**
**XV бөлім. Экология. Мұнай және атомдық индустрия.**
**Тақырып 15.1. Табиғатты аяла. «Жасыл ел» бағдарламасына қатысамын. Мұнай – еліміздің шикізат байлығы.**

**Мақсаты:**
Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау.

**Бағалау критерийлері:**
1) Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдерді ажыратады, ауызша мәтін құрауда дұрыс қолданады;
2) Кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпараттардың (деректер, сипаттамалар, сандық көрсеткіштер, сілтемелер) қолданылу мақсатын айқындайды

**Талқылау сұрақтары:**
1. Туған өлкеңізде қандай экологиялық мәселелер бар?
2. Қазіргі кезде қоршаған ортаға не зиян келтіреді?

**1-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Сұрақтар дайындап, автордың көзқарасын анықтаңыздар.

Қазақстанда қазіргі кезде 25 миллион тонна радиоактивті қалдық жинақталған.

1946-1996 жылдар аралығында елімізде 500-ден аса ядролық қару сыналды. 20 миллион гектар жер экологиялық апатты аймаққа, тіршіліксіз экожүйелерге айналды. Бұл апат 3,4 миллион адам тұратын елді мекендерді қамтыды. Сондағы тұрғын халықтың бүгінгі және ертеңгі жағдайы қандай болмақ?

Алматы, Шымкент, Өскемен сияқты қалаларда да ауаның ластану мөлшері өте жоғары. Шығыс Қазақстан өңірінде экологиялық проблемалар жеткілікті. Түсті металлургия, вольфрам, қорғасын, мырыш өнеркәсіптері елдімекендер мен қала тұрғындарына зардабын тигізіп жатыр.

Каспий теңізінің 268 миллион гектар жағалауы мұнай өнімдерімен ластанып жатыр. Қазақстанның қай аймағына барсаңыз да экологиялық ахуал күрделі. Сарыарқаның төскейі де жетісіп тұрған жоқ. Байқоңырдан ұшырылатын космос кемелерінің қалдығы осы аймаққа құлайды. Жергілікті тұрғындарға төбеден төгіліп жатқан гептилден экологиялық апат төніп тұр. Ғарыш қалдықтары мен өндірістік ластану топырақтың құнарсыздануына, жайылымдардың тозуына әкелді.

*«Айқап» газетінен*

**Бағалау дескрипторлары:**
- Мәтіннің мазмұнын түсінеді 5 балл
- 3 сұрақ дайындайды 10 балл

- Автордың көзқарасын анықтайды. 10 балл

**2-тапсырма**. Мәтіннен экологияға қатысты терминдер мен күрделі сөздерді табыңыздар.

**Бағалау дескрипторлары**:
-Мәтіннен термин сөздерді табады және мазмұнын ашады. 10 балл
- күрделі сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіреді.10 балл

**3-тапсырма**. Үш топқа бөлініп, әр азат жолдағы айтылған ойға өз ойларыңызды білдіріңіздер.
1. Қазақстандағы ядролық сынақтардың зардабы.
2. Қазақстандағы өнеркәсәп орындарының елді мекендерге тигізіп жақан зияны.
3. Мұнай өнімдері мен гептилден туындаған экологиялық апат.

**Бағалау дескрипторлары:**
- Айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді және дәлелдейді. 20 балл

**4-тапсырма**. Өздеріңіз тұратын аймақта экологиялық жағдайды жақсарту үшін қандай шаралар жасалып жатыр? Таныстырылым жасаңыздар.
**Бағалау дескрипторлары:**
- Таныстырылымда нақты іс шараларды көрсетеді; 10 балл
- Талапқа сай безендіреді 5 балл

**Үй тапсырмасы. 26-бет, 2-3тапсырмалар.**
**Бағалау дескрипторлары:**
- Мәтінде көтерілген мәселені анықтайды; 10 балл
- Ғалымдардың пікірін салыстырып, баға береді. 10 балл

**Кері байланыс:**
Маған ... қиын болды.
Мен ... тапсырмаларды орындадым.
Мен .... екенін түсіндім.
Мен ... таңғалдым.

**28-сабақ.**
**Мақырып 15.2. Гүлжауһар Сейітжан. «Қара алтыны халқымның...»**

**Мақсаты:**
Мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау.

**Бағалау критерийлері:**

1) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді;
2) Мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдайды, негізгі ойды табады

**Қызығушылықты ояту.**
**«Суретті сөйлет» әдісі**
Суреттерге қатысты кіріспе ой қозғалады, сабақ тақырыбы болжанады




**Тыңдалымалды сұрақтар:**
- Ұлттық байлық дегеніміз не? Оған нелер жатады?
- Мұнайды "Қара алтын" деп атаудың себебін түсіндіріңіз.
- Қазақстанның қай өңірлерінде мұнай өндіріледі?
- Мұнайдан қандай өнімдер алынады?

**«Бинго» ойыны**

**Тыңдалым** кезінде берілген сөздерің қайсысын естисіз, сол сөздерді сызып тастап отырыңыздар. Сөздердің синонимдерін атаңыз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қара алтын | Байлық | Мұнай | Қазына | Құбыр |
| Наз | Қолын созған | Әлемдік | Бейнет | Сый |

**Сөздік**

| **Сөз** | **Аудармасы** |
|---|---|
| Қара алтын | Черное золото |

| | |
|---|---|
| Байлық | Богатство |
| Мұнай | Нефть |
| Қазына | Сокровище |
| Құбыр | Труба |
| Наз | Обида |
| Қолын созған | Протянувший руку |
| Әлемдік | Мировой |
| Бейнет | Страдание |
| Сый | Подарок |

**1-тапсырма**. ГүлжауҺар Сейітжанның «ҚАРА АЛТЫНЫ ХАЛҚЫМНЫҢ» өлеңінің аудиожазбасын тыңдаңыз. Негізгі ойды анықтап, бір сөйлеммен жазыңыз.
Бағалау дескрипторлары:
- мәтінді тыңдап түсінеді; 5 балл
- тірек сөздерді, деректерді анықтайды; 5 балл
- мәтіндегі негізгі ойды анықтайды. 10 балл

**2-тапсырма**. Автордың позициясы туралы сіздің пікіріңіз қандай? ПОПС формуласы арқылы жауап беріңіз.

Менің ойымша, ..........................................................................
Себебі ...................................................................................
Мысалы ..................................................................................
Сондықтан ..............................................................................

Клише:
- автор позициясы анық, ...
- автор позициясы анық емес, алайда біз сөйлеушінің әңгімесі арқылы ...

Бағалау дескрипторлары:
- Автордың позициясына өзз пікірлерін білдіреді және әлелдейді 20 балл

**3-тапсырма.** Автор қазба байлығын қалай сипаттайды?
Бағалау дескрипторлары:
- Мәтіннен қазба байлықтардың қалай сипатталғанын тауып жазады 10 балл.

**4- тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, тапсырманы орындаңыздар.**

Әр соғыс майданындай, Маңғыстау мұнай майданының да өзінің маршал, генералдары, полковник, лейтенанттары, солдаттары болды. Ал біздің сөз еткелі тұрған кейіпкерлеріміз — оның маршал, генералдары, полковниктері де емес, қатардағы солдаттары мен ортан қолдай өндіріс командирлері.

Әрине, Маңғыстауда ешкім қан төгіп, жау қолынан шаршы метр жер аламын деп жанталасқан емес. Бірақ Каспий теңізінің солтүстік-шығыс аймағын алып жатқан, солтүстік - шығысында Үстіртке жеткен, ал оңтүстігінде Қарабұғазбен шектескен, мол сулы бір өзені жоқ тек жусан, ақселеу, бұйырғын, ебелек өскен сонау шөлейт, құмайтты, сортаң жапан даланы игеру совет адамына ешбір соғыс майданынан кем тимеген. Ұлы дала өзінің ен байлығын, әрбір шаршы метр жерін орасан қиындықпен берген. Сондықтан да бұл арада бір кезде басталған мұнай тартысын Маңғыстау майданы деп атадық...

Бұл өлкенің адамдары сонау ерте заманда түйе бағып келген. Түйенің еті, сүті — қорегі, тері-терсегі, жүн – жұрқасы — киімі, көшсе — көлігі, жауға аттанса— мінері болған.

Көне заманда бұл арада сонау Солтүстік мұхитпенен ұштасқан Сармат теңізі болған. Көл тартылса – қарасу, дария тартылса өзен қалады. Сол тартылған Сарматтан Каспий теңізі қалған.

Бұл бір ғажап өлке! Асты лықылдаған су, үсті күн жеп, жел суырған су жетпей әбден қаңсыған, қартайған кәрі шалдың бетіндей әжім-әжім боп қатпарланып кеткен өңсіз кеңістік! Қысы қақыраған суық, жазы шыжыған ыстық. Сол қаттырақ жел тұрса, алай-түлей боран. Құмды боран, шаңды боран. Осындай бір заманда құлан мен киік жортқан, кесіртке жүгіріп, тасбақа мен жылан жылжыған сұрғылт даланы ежелден жайлап келген қазақ елінің жаны қандай сірі десеңдерші!

**Тапсырма.**

***Түйенің еті, сүті — қорегі, тері-терсегі, жүн – жұрқасы — киімі, көшсе — көлігі, жауға аттанса— мінері болған***» деген сөйлемнің мәнін ашыңыздар. Өнімдерді **диаграммаға** салып, әрқайсысына **сипаттама** беріңіздер.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді; 5 балл
- Сөйлемнің мәнін ашады. 10 балл
- Диаграммаға түсіріп, өнімдерге сипаттама береді. 10 балл

**Рефлексия. Тақтадағы сөйлемдерді аяқта...** Оқушылар кестеде көрсетілген сөйлемдердің біреуін таңдап, оны ары қарай жалғастырып аяқтайды:

-мен мынаны білдім...

-маған қызық болғаны...

-маған қиын болғаны...

-мен мынаны сезіндім...

-мен мынаны жасадым...

-мынаған таң қалдым...

-мен мынаны жасағым келеді...

**Үй тапсырмасы:** Мұнайды өңдеу туралы қосымша ақпаратпен танысып, постнр құрыңыздар.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Қосымша ақпараттарды оқиды – 10 балл
- Ақпарат бойынша постер құрастырады. 10 балл

**29-сабақ.**

**XVI бөлім. Тіл. Өнер. Әдебиет.**
**Тақырып 16.1. Екі тілді білген – екі адам. Қазақ тілі – қандай тіл? Шешендік сөз өнері.**

**Мақсаты:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;
- Сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- Мәтіндегі негізігі ойды анықтайды;
- Сын есімдерді анықтайды, синонимдік қатарын береді
- Қарым-қатынасқа еркін түсе алады;
- Өзіндік көзкарасын еркін жеткізе алады.

**ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Достарыңызбен қай тілде сөйлесесіздер?
2. «Сөйлеу мәдениеті» дегенді қалай түсінесіздер?
3. Достарыңыз сөйлеу кезінде тіл тазалығын қаншалықты сақтайды?

**1-тапсырма. Төмендегі мәтінді түсініп оқыңыздар. Ғалым қандай мәселені көтеріп отыр**?

Атақты түркітанушы академик В.В.Радлов XIX ғасырдың екінші жартысында: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады... Кез келгені, тіпті оқымаған қараңғы қазақ сөйлеп кеткенде, тілдің ондай күшін Еуропада тек французлар мен орыстардан байқаймыз... Ал қазақ әңгіме шерте қалса, сөздері мөлдір бұлақтан құйылып, жаныңа жайлы тиеді», - деп жазған.

Топ алдында ауызша сөз айтқанда, әрбір адам осындай жауапершілікті сезінсе, ана тілін құрмет тұтуды ұлттық намысым деп санаса, қазақ тілінде жақсы сөйлеу қолдан келмейтін іс емес екен. Бүгінде ауызша сөйлеу кезінде

қазақ тілінің табиғи заңдарын сақтама айту етек алп барады. Әсіресе, диктор, комментатор, хабар жүргізуші, жергілікті тілші, журналист дегендердің сөздер жеке тұрғанда қалай дыбысталатын болса, солай айтып немесе мәтінде жазылғнан түрі қалай болса, солай оқып жатқандары құлаққа түрпідей тиеді.

Әрине, орфоэпиялық норманы, яғни сөйлеу актісіне сөздерді бір-бірімен үндестіріп, үйлестіріп айту заңдылықтарын білу, дұрыс қолдану жеке адамдарға байланысты. Сөз айту сазы құлаққа жағымды дикторлар жоқ емес.

Радио мен теледидар – тек хабар тарату мен көңілашар құралы емес, көпшілік қауымды ана тілін жақсы меңгеруге баулитын тәрбиеші іспетті көрнекі құрал. Сондықтан, радио,теледидар, баспасөз сияқты каналдар халқымыздың өнерінің алды – қызыл тілінің сөз қолдану мен сөзді дұрыс айту заңдылықтарын саналы түрде меңгергендігін қалаймыз.

Рабиға Сыздық.

**Түсіндірме сөздік:**

Етек алу – кең тарау
Құлаққа түрпідей тию- сөзі өрескел естілу
Сөз айту сазы – дауысы, әуені

**Бағалау дескрипторлары:**
- Мәтінді түсініп оқиды 5 балл
- Көтерілген мәселені анықтайды. 10 балл

**2-тапсырма. Берілген тұжырымдардағы ойды дамытып айтыңыздар.**

| Тұжырымдар | 1-дәлел | 2-дәлел | 3-дәлел |
|---|---|---|---|
| Сөйлеу мәдениеті тек тілшілерге, журналистерге ғана қажет. | Себебі, олар басқаларды талапқа сай сөйлеуге үйретеді. | | |
| Еліміздің әрбір азаматы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру керек. | Өйткені әрбір адам өз ойын анық, еркін жеткізуі керек. | | |

**Бағалау дескрипторлары:**
- Тұжырымдардағы ойды дамытады 5 балл
- Өз ойы мен көзқарасын дәлелдейді. 10 балл

**3-тапсырма**. Топтық жұмыс. Берілген нақыл сөздер мен мақал-мәтел қандай тілдік жағдаятта қолданылады? Мысал келтіріңіздер.

- Өнер алды- қызыл тіл.
- Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады.
- Бірауыз сөз қасіретті тыяды,
  Бірауыз сөз айықпас дерт жияды,
  Бірауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
  Бірауыз сөз жаманатқа қияды.

**Бағалау дескрипторлары:**
- Нақыл сөздер мен мақал-мәтелдің мағынасын түсінеді; 5 балл
- Өмірмен байланыстырып, қандай тілдік жағдаятта қолданылатынын түсінеді. 10 балл

**4-тапсырма**. Ерекшеленіп берілген сөздерді қандай сын есімдермен ауыстыруға болады? Синонимдік қатарын беріңіздер.

*Қызыл тіл, аталы сөз, киелі өнер, жақсы сөйлеу, құлаққа жағымды диктор.*

**Бағалау дескрипторлары:**

- Берілген сөздерге синоним болатын сөздерді жазады 10 балл

**Ойтаразы**.

**5-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты қорытындылаңыздар.

**Пікір**. Оқыған мәтін бойынша пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

**Дәлел**. Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

**Мысал.** Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

**Қорытынды**. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.

**Бағалау дескрипторы**:

- Ақпаратты жүйелеп, қорытынды шығарады. 10 балл

**Үй тапсырмасы: 41-42** бет, 1-2 тапсырма.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Қазақтың би-шешендері туралы ақпараттармен танысады 10 балл

- Мәтінді оқып, негізгі идеясын анықтайды. 10 балл

**30-сабақ.**
**Тақырып 16.2.Қазақ поэзиясының сұлу сарайы.**
**Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасы (үзінді)**

**Мақсаты:**

1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын дәлелді жеткізу;
2) Мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

1) Мәтінді оқып, түсінеді;
2) Тірек сөздерді анықтап, негізгі ойды ашады;
3) Күйшіге баға беріп, өз көзқарасыфн дәлелдейді;
4) Күрделі сөздерді анықтап, жасалу жолдарын түсіндіреді.

**Талқылауға арналған сұрақтар**

1. Күй сөзі қандай мағына береді?
2. Күйді кім шығарады?
3. Күйді қандай аспаптарда орындайды?
4. Қандай күйшілерді немесе күйлерді білесіздер?

**1-тапсырма**. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар. Өлеңді оқу кезінде көз алдарыңызға кімнің бейнесі елестеді? Сипаттап айтыңыздар.

Қобызшы - Молықбай шал Матайдағы,
Матайда - Кенже, Тұңғат Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы...

Еңкейіп, екіндідей күні кеткен,
Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.
Қобызшы ол «Аққөбікті» аңыратқан,
Боздатып, «Бозінгенді» күңіренткен.

Қобызшы ол «Көк көбекті» күрілдеткен,
«Дүлдүлін Ерәлінің» дүрілдеткен.
«Оңсан мен Орманбеттің айрылғанын»,
«Жыласқан ноғай-қазақ» күйін шерткен.

Қобызшы ол «Қорамжанның» күйін тартқан,
Зарлы қыл қыр қиялын қиындатқан.
Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,
О баста сырмайлатқан, күміс шапқан...

## Түсіндірме сөздік

**Жорға еді маймаңдаған бақайшағы** – шебер орындаушы
**Аңырату** – тамылжыту
**Күңіренту** – зар жылату
**Күрілдету** – күшті дыбыс шығару
**Дүрілдету** – ағызу

**Бағалау дескрипторлары:**
- мәтінді түсініп оқиды, сұрақтарға жауап береді; 5 балл
- мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; 10 балл
- мысалдар келтіріп, өз көзқарасын білдіреді. 5 балл

2-тапсырма. Тапсырмаларды орындаңыздар:
1) 3 тірек сөзді атаңыздар.
2) Үзінді кейіпкері кім?
3) Үзіндіде қандай күйлер аталды?
4) Күйшінің күй тарту шеберлігін әңгімелеңіздер.
5) Қобыздың үні қалай суреттелген?
6) Күйшіге баға беріңіздер.

**Бағалау дескрипторлары:**
- Үзінді бойынша берілген тапсырмаларды орындайды; 10 балл
- Жұпта өзара талқылайды. 5 балл

**3-тапсырма**. Үзіндідегі етістіктерді пайдаланып, төмендегі сұраққа жауап беріңіз.

Не істеді

Қобызшы



**Бағалау дескрипторлары:**

- Үзіндіден етістіктерді табады; 10 балл
- Мазмұнын еркін әңгімелейді. 5 балл

**4-тапсырма**. Үзіндіден күрделі сөздерді тауып, жасалу жолдарын анықтаңыз.

**Бағалау дескрипторлары:**
- күйге қатысты күрделі сөздерді анықтайды; 10 балл
- олардың жасалу жолдарын түсіндіреді 5 балл

**5-тапсырма**. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, сабақ бойынша пікірлеріңізді жазыңыздар:

Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем
Дәлел- екі сөйлем
Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем
Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал - екі сөйлем.
Қорытынды - екі сөйлем

**Бағалау дескрипторлары:**

Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды жазады. 20 балл

**Үй тапсырмасы: 45-бет, 2-тапсырма.**

**2-тапсырма. Поэма үзіндісін оқыңыздар. Мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар. 15 балл**

Ескіге, ертегіге ертер үшін,
Тамырын тартып шердің шертер үшін.
Қолқалап «Бозінгенді» сұрағанда,
Былайша бастайтын шал ертегісін:

... Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты,
Бай дағы, бақташы да білмей қапты.
Ботаны ел аулаққа буып тастап,
Енесін керуенге әкеп сатты.

Ақшамда апақ-сапақ сауда біткен,
Інгенді тіркеп керуен жүріп кеткен.
Артына қарай-қарай, боздай-боздай,
Құба құм, қоңыр түнді күңіренткен.

Боздаған ботасына зар илеген,
Қозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,
Төрт табан құмды қосып нан илеген.

Сыр суы көңілі босап сыңқылдаған,
Аспанда қаз бенен қу қыңқылдаған.
Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей,
Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған...

Сатылған, саудаланған құл да ашулы,

Айрылған ботасынан бұл да ашулы.
**Басы бір-біреуі адам, біреуі айуан,**
**Білсін бе бірақ бұлар мұңдасуды...**

Ілияс Жансүгіров

**Түсіндірме сөздік**

Інген – қос өркешті түйе
Қолқалау –өтініп сұрау
Ел аулаққа – елден алыс жерге
Ақшамда апақ-сапақ – күн батып, қараңғы түсе бастаған кез

## 31-сабақ.
## XVII Бөлім. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі
## Тақырып 17.1. Жұмыс және табыс. Жұмыс табу – мәселе. Сан есім. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Кедейлік неден туады?

**Мақсаты:**
- Көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді оқу және негізгі ойды анықтау, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;
- Сан есімдердің мағыналық түрлерін ажырата білу және стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану.

**Бағалау дескрипторлары.**
- мәтіндегі негізгі ойды анықтайды,
- ақпаратты жүйелейді;
- көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелді жеткізеді;
- сан есімдердің қолданулу аясын түсінеді.

**Талқылауға арналған сұрақтар:**
1. Еңбекті неліктен материалдық және рухани байлықтың көзі дейміз?
2. Еңбек адамның дамуына қалай әсер етеді?
3. Жұмыссыздық қандай себептерден туындайды?
4. Қалай ойлайсыздар, жаңа технологиялардың жұмыссыздыққа әсері бар ма?

**1-тапсырма. (54 бет) Мәтінді түсініп оқыңыздар. Әр азатжолда айтылған ойды анықтаңыздар**.
**Тірек сөздер:**
- ғылыми техника
- серпін
- қысқарту
-жұмыскер
- тіркелу
- алаңдау

Қазір еңбекпен айналысудың мөлшері мен құрамына ғылыми-техникалық революция ықпал ете бастады. Бұл, бір жағынан, жаңа салалардың дамуына серпін берсе, екінші жағынан өндірісті және қызмет көрсету саласының артуына әсерін тигізеді. Ғылым мен техника жетістіктерінің пайдасымен бірге зияны да айтарлықтай сезіле бастады.

Бүгінде өндірістердің барлығы автоматтандырылған. Мұндай техниканың дамуына байланысты адамдардың көпшілігі қысқартуға ұшырап, жұмыссыздар саны көбеюде. «2017 жылы әлемде 191 миллион адам жұмыссыз қалса, осы жылы 200 миллионға жуық адам жұмыссыз деп тіркелген. 2020 жылы 218 миллионға жетеді» деген болжам жасайды Халықаралық Еңбек ұйымы. Демек, жұмыссыздық қарқынды дамып келеді. Ал роботтар саудасы жылдан жылға 20 пайызға артып отыр. 2016 жыды 400 мыңдай өндірістік робот сатылса, қызмет көрсету аясы үшін 4,7 миллион робот сатылған. Cartnet сараптамалық агенттігінің болжамы бойынша, 2025 жылға қарай жұмыс орындарының үштен бір бөлігі осы роботтардың еншісіне тимек. «Сол жылдары шамамен 5 миллион адам жұмыссыз қалады», - дейді сарапшылар. Осыған алаңдаған әлем ғалымдары арасында Дүниежүзілік экономикалық форумда үлкен пікірталас туындаған-ды.

«Егемен Қазақстан» газетінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды 5 балл
- Әр азатжолда айтылған айтылған негізгі ойды анықтайды 10 балл
- Көтерілген мәселеге баға беріп, өз көзқарасын жеткізеді 10 балл

**2-тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді тауып, семантикалық картада көрсетіңіз**.

| Сан есімдер | есептік | реттік | жинақтық | болжалдық | топтау | бөлшектік |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Неше? Қанша? | Нешінші? Қаншасыншы? | Нешеу? | Қай шамада? Нешеге жуық? | Нешеден? Қаншадан? | Неше? Қанша? Қаншасы? |
| 2017 жылы | | + | | | | |
| | | | | | | |

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіннен сан есімдерді анықтайды 10 балл
- Мағыналық түрлеріне қарай семантикалық картада көрсетеді 10 балл

**3-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтап жазыңыз.**

1. Ғылыми техника жетістіктері ... ... .
2. Техниканың дамуына байланысты ... ... .
3. Роботтар саудасы ... ... .

4. Адамдардың зияткерлік жұмыстарын ... ... .

**Бағалау дескрипторы:**

- Сөйлемдерді аяқтап жазады 15 балл

**4-тапсырма. (61- бет) Мәтінді түсініп оқыңыз және мазмұны бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойыңыз.**

**Шағын және орта кәсіпкерлік – қоғамның тұрақты дамуының негізі.**

**Тірек сөздер:**

- кәсіп
- асырау
- дөңгелету
- жұмыспен қамту
- үлес
- азаматтық нысан

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – Қазақстанның XXI ғасырдағы индустриалдық және әлеуметтік жаңаруының басты құралы. Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингісінің нәтижелері бойынша 2019 жылы Қазақстан алдыңғы жылмен салыстырғанда, өз позициясын 8 тармаққа жақсарта отырып, 189 елдіңі арасында 28 орынды иемденген. Бұл «Өнімділік -2020», «Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020», Агробизнес 2020» секілді бағдарламалар арқылы кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың кешенді шараларын жүзеге асырудың арқасында орн алды.

Шағын кәсіпкерлік – атадан балаға кәсіп болып келе жатқан отбасылық бизнес. Үлкен көлемде пайда әкелмесе де, ай сайын отбасын асырауға жететін материалдық қажеттілік әкеліп тұрады. Шағын кәсіпкерлікті дөңгелету арқылы әрбір отбасы өзін ғана асырап қоймайды, жанындағы адамдарды жұмысқа ала бастайды. Яғни, өзгелерге де жұмыс тауып беріп, жұмыспен қамту жағын шешуге септігін тигізеді.

Ортакәсіпкерлік дегеніміз – үлкен компания, бірлестік. Бұл мемлекеттің тікелей экономикалық жағынан өсуіне көмектеседі.

Ел экономикасы сыртқа тәуелді болмауы үшін, дамуы үшін шағын және орта кәсіпкерлік үлесі 50 пайыздан асуы керек. Бұл көрсеткіш елімізде әзірге төмен.

Шағын және орта кәсіпкерлік сауда, аяқкиім, зергерлік, қолөнер, қоғамдық тамақтану, азаматтық нысандар құрылысы, техника мен машиналарды ұсақ жөндеу, ауылшаруашылық салаларында шоғарланған.

«Алматы ақшамы» газетінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Маңызды ақпаратты ақпаратты анықтап, сұрақтар дайындайды. 10 балл
- Қарым-қатынасқа еркін түседі, бір-бірін тыңдайды, 10 балл

**5- тапсырма. Мәтінде кездескен мына терминдерге анықтама беріңіздер**.

| Шағын кәсіпкерлік | Орта кәсіпкерлік | Азаматтық нысандар құрылысы |
|---|---|---|
| | | |

**Бағалау дескрипторлары:**

- Термин сөздердің мағынасын түсінеді 10 балл
- Термин сөздерге анықтама береді 10 балл
-

Ойтаразы:

- Сабақ сізге қандай ой салды?

**32-сабақ**

**Тақырып 17.2. Ыбырай Алтынсарин. «Атымтай Жомарт» әңгімесі. Қазіргі заманның атымтайлары**.

**Мақсаты:**

- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және салыстыру; көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп айту.
-

**Бағалау критерийлері:**

- Мәтінді оқи отырып, негізгі идеяларды анықтайды;
- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе жайында өзіндік пікір білдіреді және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады;
- Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлейді.

**Талқылау сұрақтары:**

1. Жомарт, кем-кетік деген сөздерді қалай түсінесіздер?
2. Синонимдік қатарын беріңіздер.
3. Жомарт адамға тән қасиеттерді айтыңыздар.

**1-тапсырма.** Әңгімені рөлге болып оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген?

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

- Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа - тамақ, жалаңашқа - киім, үйсіздерге - үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? - деп. Жомарт айтты дейді:

- Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі, әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі, бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі, күн сайын өз бейнетіммен таңнан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі, Құдай Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын,- деді.

Ыбырай Алтынсарин

**Түсіндірме сөздік**

**Есепсіз** – өте көп
**Дәулет** – байлық
**Кемшілікке салу** – кем санау
**Көңілге жел кіру** – менсінбеу, тәкаппар болу
**Кем-кетік** – жарлы, кедей
**Тұтыну** – пайдалану

**Бағалау дескрипторлары:**
- Рөлге бөліп оқып, әңгіменің мазмұнын түсінеді 5 балл
- Көтерілген  мәселені анықтайды  15 балл

**2-тапсырма.** Атымтай жомарттың жұмыс істеуінің себептерін сәйкестендіріп, ойды кеңейтіп айтыңыздар.

| Себептер | Дәлелдер |
|---|---|
| Бірінші себеп | Күнәлі болу |
| Екінші себеп | Еңбектің дәмі |
| Үшінші себеп | Үлгі, өнеге болу |
| Төртінші себеп | Көңілге жел кіргізу, даңдайсу, мастану |

**Бағалау дескрипторлары**:
- Атымтай жомарттың жұмыс істеу себептерін сәйкестендіреді 10 балл
- Өз ойларын айтып, көзқарастарын білдіреді  10 балл

**3-тапсырма.** Әлем әдебиетінде Атымтай жомарт секілді кейіпкерлер кездесе ме? Өздеріңіз оқыған орыс әдебиеті немесе әлем әдебиетінен мысал келтіріңіздер.
**Бағалау дескрипторлары**:
- Оқыған орыс немесе әлем әдебиетінен мысал келтіреді 10 балл
- Кейіпкерлерді Атымтай жомартпен салыстырады  10 балл

**4-тапсырма**. **Берілген сұрақтар бойынша шығармаға өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.**

- Шығарманың негізгі идеясы не?
- Шығармадан қандай әсер алдыңыз?
- Қандай мақалмен түйіндер едіңіз?

**Бағалау дескрипторлары**:

- Шығарма бойынша негізгі идеяларды анықтап, ақпараттарды жүйелейді 10 балл
- Мақал-мәтелдерді орынды қолданады 10 балл

**5-тапсырма. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, Атымтай жомарттың сөзі бойынша өз пікірлеріңізді жазыңыздар:**

Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем
Дәлел- екі сөйлем
Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем
Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал - екі сөйлем.
Қорытынды - екі сөйлем

**Бағалау дескрипторлары:**

Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды жазады. 20 балл

## 33-сабақ.
## XVIII бөлім. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі
## Тақырып 18.1. Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана» (хикаят).

**Мақсаты:**

Мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау.

**Бағалау критерийлері:**

- мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтайды.

**«Болжап көр» әдісі**

   

**Талқылау сұрақтары:**

- Суреттегі тұлғалардың сабаққа қандай қатысы бар?
- Сабақта біз қай тақырыпты қарастырамыз?
- Тұлғаларға қатысты қандай да бір ақпаратты білесіз бе?

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Негізгі ойды анықтайтын сөйлемді табыңыздар. Қалай ойлайсыздар, оқиғаның шындыққа қатысы бар ма? Өз ойларыңызды білдіріңіздер**

«-Бісміллә деп бастайын сөзімді!»

Мұны айтқан Жәмила анам еді. Алыста қалған жастығын, келіншек күнін көз алдына елестеткендей болып, үні іріп, тосылыңқырап отырып қалды...

«Сонымен атам қазақтың өткен ғасырда басынан өткізген тауқыметін, қызыл төңкеріс дейсіз бе, ұжымға ұйысу дейсіз бе, одан берідегі аққалпақ көтерілісін, адам басы арзандаған қан-жоса қырғынды, Голощекин қол қойған мүйіз салығы мен тұяқ салығын, қаратабан жұтты, ашаршылықты, одан берідегі үндеместер үкідей үрпитіп бір түнде ұстап алып кететін зұлмат жылдарды тәспінің тасындай жіпке тізіп жазып жүрсіңдер ғой...

Сендерше ұлы Отан соғысы, бізше гәрман соғысы басталар алдында, біраз жыл бұрын Сарыұлы Досжанның шаңырағына бұратылып түскен келіншекпін. Отағасын жасының орта жастан асқанын сылтау етіп соғысқа алмаған. «Екі тау арасында жатқан «Ынтымақ» колхозының жаны мен малына иелік етіңіз, тозып кетпесін, заманында облыс бәйгесінің алдын бермеген сәйгүлік ақалтеке тектілердің тұқымын сақтаңыз» депті...

Тылда да соғыстағыдан еш кемдігі болған жоқ. Елдегі некен-саяқ еркектер көктем шыға өгізге жер-ағаш, соқа тіркеп жоннан жер жыртады, ақ егіс салады, қыстың қамын жеп, шалғысын қайрап, өзен, бұлақ қабағынан шөп шабады. Әлгілердің бейнетінің ауырлығы сонша: сорғалаған тері жүзін жуып, ... белінен бел қалмайтын...

Біз болсақ, күніге желіге тізіп, жүзге жуық құлын байлаймыз, бұл дегенің күніге кемі - асауы бар, көнбісі бар, үрпісі шіреген жүз биені екі мезгіл сауып шығу деген сөз. Сауыншы аз. Жас әйелдер асау бие теуіп өлтіреді деп жылқышы ауылдан айналып қашады. Әкең болса аттан түспей түздің шаруасымен жүреді: қарашаның сүмелегі саулаған күз күніндей қабағын ашпай ел жата оралады...

Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана»

**Түсіндірме сөздік:**

**Кейуана** – жасы ұлғайған ана

**Мүйіз салығы мен тұяқ салығы** – 30 жылдары орын алған ашаршылық кезінде мал қырылса, малдың сүйегін, тұяғын, мүйізін өткізіп отырған салық түрі.

**Бағалау дескрипторлары:**

- мәтінді оқып, мазмұнын түсінеді 10 балл
- негізгі ойды анықтайды 10 балл
- өз ойларын білдіреді 10 балл

-

**2-тапсырма. Мына тіркестердің мағынасын қалай түсінесіздер? Сөйлем құрау арқылы дәлелдеңіздер.**

*Аққалпақ көтерілісі, қызыл төңкеріліс, қаратабан жұт, үндеместер үрпитіп бір түнде ұстап әкету*.

**Бағалау дескрипторлары:**

- сөз тіркестерінің мағынасын ашады және сөйлем құрайды. 20 балл

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мазмұнын екі-үш сөйлеммен жеткізіңіздер.**

Апта өте, ырғалып-жырғалып Мәскеуге апаратын пойызға отырдым. Үстімде аппақ қардай көйлек, енімнің көзі деп сандыққа тығып жүрген қынама қамзолды кидім. Әлгінің қос өңіріне алтын жіппен өңіржиек тіккен, түнемесі шамша жарқырайды. Басымда ақ жібек шашақты орамал, аяғыма ыңғайлы мәсі сұққан едім, «мәсі – ескіліктің киімі», -деп аупартком хатшысы қонышына зер салып тіккен шоңқайма кигізді. Қолымда өрмектен жаңа шыққан тоқыма қоржын. Аупартком хатшысы: «Қоржындағы мейіз, құрт, қауынқақ, өзге де тәтті-құттыны төгіңіз, жолазықты шабаданға салыңыз, қазақы қоржынның бір басына Ленин, Сталиннің кітабын, келесі басына аудан көрсеткіштері жазылған қағазды салыңыз», - деп кеңес берді. Кейінше ойлаймын ғой: сонша алысқа көсемнің кітаптарын арқалап неге сорладым, аудан көрсеткіштерінің қаншалық қажеті бар еді... зіл қағазды екі иығым тесіліп көтеріп... барғанша — қағаз арқаладым, қайтқанша - қағаз арқаладым...

*Дүкенбай Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана*»

**Бағалау дескрипторлары:**

-мәтіннің мазмұнын түсінеді 10 балл

- негізгі ойды жеткізеді 10 балл

**4-тапсырма. Мәтіннен ұлттық дүниетанымды көрсеттеін сөздерді тауып, оларға түсініктеме беріңіздер.**

| Киім-кешек, әшекей | Бұйымдар | Өнімдер |
|---|---|---|
| | | |

**Бағалау дескрипторлары**:

- ұлттық дүниетанымды көрсететін сөздерді табады 10 балл
- оларға түсініктеме береді 10 балл

Ойтаразы: **10 балл**

- 3 маңызды ақпарат;
- Қиындық келтірген 2 мәселе;
- Тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе

**34-сабақ.**
**XIX бөлім. Ұлттық театр – өнер ордасы**
**Тақырып 19.1. Қазақ театрының қайнары. Көсемше. Сахна – өмір айнасы. Ұлттық өнердің тарландары.**

**Мақсаты:**
- Ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымы мен ресімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау
- Мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап,оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**
- Ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды;
- Көсемше оралымдарын сөйлемдер құрауда тиімді қолданады.

**Талқылауға арналған сұрақтар:**
1. Елімізде қандай театрлар бар?
2. Отандық қандай театр актерлерін білесіздер?
3. Олар қандай қойылымдарда өнер көрсетті?
4. Қаладағы қай театрда болдыңыз?

**Тірек сөздер**
Шымылдық
Қойылым
Тұсаукесер
Өнер тарландары
Қошемет
Маусымдық

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы анықтаңыздар.**

2013 жылы елордада «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры ашылды. 2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы шымылдығын ашып, қазақ музыкасының жауһары – М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» қойылымымен көрерменге жол тартты. Сол жылдың күзінде театр әлемдік тұсаукесерін жасап, Дж.Вердидің «Атилла» операсын ұсынды. Қазіргі кезде «Астана опера» театрының репертуарында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары, Ғ.Жұбанованың музыкасына қойылған «Қарагөз» балеті сынды шығармаларымен қатар әлемдік опера және балет классикасы: Дж.Вердидің «Аида», «Травиата», Ж.Бизенің «Кармен», П.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Щелкунчик», Р.Петидің «Париж Құдай-ана ғибадатханасы» қойылымдары бар. Әр маусым сайын театр репертуары жаңарып, классикалық шығармалармен толықтырылуда. «Астана Опера» сахнасында Бибігүл Төлегенова, Айман Мұсаходжаева, Жания Әубәкірова, Нұржамал Үсенбаева, Майра Мұхамедқызы, Алан Бөрібаев сынды әйгілі қазақстандық өнер тарландарымен бірге әлемдік опера әншілері: Пласидо Доминго, Елена Образцова, Хосе Каррерас, Анна Нетребко және т.б. өнер көрсетіп, көрерменнің қошеметіне ие болды. Бұл сахнада белгілі қазақстандық артистер мен ұжымдар, сонымен қатар неополитандық «Сан-Карло», генуялық «Карло Феличе», санкт-петербургтік «Мариин» сияқты айтулы театр ұжымдары гастрольдық сапар шеңберінде өнерлерін паш етті.

«Алматы ақшамы» газетінен.

**Бағалау дескрипторлары:**

- мәтінді түсініп оқиды 10 балл
- тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіннің стилін анықтайды. 10 балл

**2-тапсырма**. Мәтінде аталған өнер тұлғалары мен қойылымдар туралы не білесіз? Оның ішінде қандай қойылымды көрдіңіз.

**Бағалау дескрипторлары:**

- өз ойын еркін жеткізеді 10 балл
- қосымша ақпарат көздерін пайдаланады 10 балл

**3-тапсырма**. Мәтінді түсініп оқыңыздар және мазмұны бойынша еліміздегі театрлар қай жылы қандай қойылыммен ашылғанын анықтап, кестені толтырыңыздар

Драмалық қойылымдар Қазақстанда алғашқы рет ХХ ғасырдың басында пайда болды. Әуесқойлардың қазақ тіліндегі тұңғыш спектаклі 1910 жылы Шымкентте көрсетілді. Қазақтың бірінші драмасы – «Жетесіздік құрбаны (1915).

Тұңғыш кәсіби Қазақ музыкалық театры 1933 жылы Алматы қаласында музыкалық студия ретінде құрылған. Қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры.

Бірінші кәсіби қазақ театры 1926 жылы Қызылорда қаласында жұмысын бастады. Бірінші қойылым М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасынан үзінді және Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинасы» болды. 1928 жылы театр Алматыға көшіріліп, 1937 жылы Академиялық драма театры атағы берілді.

Алматы 1935 жылы бірінші рет Қуыршақ театры құрылды.

Ең көңілді театр – сатира және әзіл-оспақ мемлекеттік театры тұңғыш рет Қазақстанда 2008 жылы Шымкент қаласында ашылды.

«Ақсарай» театр-мюзиклі – Қазақстандағы және Орталық Азиядағы осы тектес жалғыз театр.

«Қазақстан рекордтары» кітабынан

| жылы | Театрдың атауы | Қойылымның аты |
|---|---|---|
| | | |

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды 10 балл
- Кестені толтырады 10 балл

**4-тапсырма**. Берілген тірек сөздермен сөйлем құрастырыныздар. Сөйлемде көсемше оралымдарын дұрыс қолданыңыздар.

*Театр, репертуар, қойылым, маусымдық, өнер тарландары, көрермен.*

**Бағалау дескрипторлары:**

- Сөйлемдер құрастырады.10 балл
- Сөйлемдерде көсемшелерді қолданады 10 балл

**5-тапсырма. «**Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, «Адам театрға өзін көру үшін келеді» деген нақыл сөзге өз ойларыңызды жазыңыздар.

1. Өзіндік пікір (идея) - бір сөйлем.
2. Дәлел - екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір - бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлем.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Өз ойларын еркін жеткізіп, қорытынды жасайды.   20 балл

**35-сабақ.**
**XX Туризм: Экотуризм**
**Тақырып 20.1. Туризм тарихын білесің бе? Туризмнің түрі көп...**

**Мақсаты:**

- Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, орынды қолдану.
- Мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап,оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтап, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады;
- Көсемшеге жазбаша сөйлемдер құрайды.

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

- Туризмнің қандай түрлері бар?
- Экотуризмнің ерекшелігі неде?

**Бөлім тақырыбын суреттер арқылы болжау.**





**Тірек сөздер:**
Экотуризм
Кіріс
Сақтау
Қорық
Ұлттық саябақ
Мәдени ошақ

**1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Әр азатжолда не туралы айтылған? Автордың көзқарасын анықтаңыздар.**

Экотуризм - соңғы онжылдықта бүкіл әлем бойынша кең тараған, қазіргі заманға сай туризмнің жаңа бір бағыты. Дүниежүзілік туристік ұйымның соңғы мәліметтеріне қарағанда, осы саламен айналысатын мемлекеттер қазынасына сырттан түсетін инвестицияның 10 пайызға жуығы тек экотуризм саласына тиесілі екен. Сондықтан да туризмнен түскен кіріс дүниежүзі бойынша мұнай экспорты мен көлік сатудан кейінгі үшінші орынды иеленіп келеді.

«Экотуризм деген не? деген сұраққа келсек, мамандар экотуризмнің анықтамасын табиғат аясындағы демалысқа жауапкершілікпен қарап, қоршаған ортаны сақтау және оны жақсарту деп түсіндіреді. Саяхаттың бағыты – адам қолы тимеген немесе күнделікті қолданыстан аман қалған жерлер. Мысалы, қорықтар, ұлттық саябақтар, ауылды мекендер. Экотуризмнің мақсаты – табиғи және мәдени ошақтармен, жабайы табиғат ортасымен немесе жергілікті мекеннің өмір салтымен танысу. Туристік үрдіс қоршаған ортаға зиянын тигізбеуі, ал жергілікті тұрғын үшін табиғатты сақтау маңызды. Өйткені табыстың басым көбін сол аймақтың адамдары алады: хостел, қонақүй, дәмхана мен жалға берілген кез келген тауар. Қоршаған ортаны таза ұстау олардың табыс көзінің тұрақты болуына әсер етеді. Әрине, бірнеше адам жүретін жерді таза сақтау қиынға соғатыны анық. Соған қарамастан, бабын тауып жүргендердің барын ескерсек, табиғат аясында демала отырып, оның тазалығын сақтау адамның өзінен басталады.

Т.Есқали

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды 10 балл
- Әр азатжолда не туралы айтылғанын жазады 10 балл
- Автордың көзқарасын анықтайды. 10 балл

**2-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздер мен термин сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары**:

- Мәтіннен күрделі сөздер мен терминдерді табады 10 балл
- Олардың жасалу жолдарын көрсетеді 10 балл

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Автор қандай мәселені көтеріп отыр? Автордың ойымен келісесіздер ме? Өз ойларыңызды білдіріңіздер**.

Этнотуризм біздің басты бағдарымыз болуы керек. Шыны керек, қазір туризм саласында білікті мамандар жетіспейді. Этно деген – киіз үй құрып, ішін дүниеге толтыру емес. Киіз үйдің басты ерекшелігі – тез жиналып құралатынында. Бірақ оны өз көзімен көрмеген адамға жай ғана әңгіме сияқты. Қалай тез жинап, тез құруға болатынын шоу қылып көрсету керек. Сонда ғана адамды тартады. Сонда ғана көңіл бөліп, қызығады. Ерттеулі атқа бір айналдырып, 1000 теңге алып қана қоймай, ерттеуді көрсету керек. Өз қолдарымен ерттету қажет. Кез келген адамға өз қолымен істеп көрген

қызығырақ. Қымызды сіміртіп ішкізе бермей, «2000 рет піссең, бір шара қымыз сіздікі» десеңіз жұрт ағылады. Қазіргі саяхатшыларға экзотика керек. Бұл – жай ғана мысалдар. «Тарихымыз бай, этнографиямыз одан да бай» деген жалаң сөзді іске айналдырған дұрыс.

Динара Болат

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды  10 балл
- Көтерілген мәселені анықтайды 10 балл
- Өз ойларын білдіреді 10 балл

**4-тапсырма. Мәтінде кездескен мына етістіктерге көсемшенің тиісті жұрнағын жалғап, сөйлем құраңыздар.**

Тез жинау, тез құру, көрсету, адамды тарту, көңіл бөлу, қызығу, қоймау, жұрт ағылу.

**Бағалау дескрипторлары:**

- көсемше оралымдарын дұрыс қолдана отырып, сөйлемдер құрайды. 20 балл

**Ойтаразы:**

3 маңызды ақпарат
Қиындық келтірген 2 мәселе
Тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе

## 36-сабақ.
## Тақырып 30.2. Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы. Ілияс Жансүгіров. «Жетісу» суреттері.

**Мақсаты:**

- Көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен  (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау;
- Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- Көркем шығарманы тыңдап, басқа өнер туындыларымен  (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды;
- Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтап, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.

**Талқылау сұрақтары:**

- С.Сейфуллин туралы не білесіздер?
- Оның қандай шығармаларын оқыдыңыздар?
-

**1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын айтыңыздар. Мәтіннің қай стильде жазылғанын анықтаңыздар.**

Поэманы Көкше табиғатының сұлу көркін суреттеуден бастаған ақын ол туралы ел ішінде толып жатқан аңыз-әңгімелер бар екендігіне назар аударады.

Сәкен Көкше аңыздарының ішінен «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпіс», «Жұмбақтас» туралы әңгімелерді бөліп алады. Бұл аңыз-әңгімелер Көкшетудағы бірнеше жердің жоғарыдағы аттарға ие болуы жайын шертеді. «Жеке батыр» тауының аты қарауылда тұрған батырдың қалғып кетуімен байланысты туса, «Бурабай» сол көлді мекен еткен ақ бас бура тарихымен байланыстырылады. Сәкен жырлауындағы ел аңызында Бурабай көлін мекендеген ақ бас бура - ардақты ел күзетшісі, соның жақсылық, жаманшылығына ортақ жануар болып суреттеледі. Мұның өзі тіршілігі төрт түлік малмен байланысты болған халықтың сол малды «аруақты» деп табынуы кезіндегі ұғымның әсері болуы ықтимал. Ақ бура ел өміріне қатысы бар елеулі жайларды алдын ала сезетін болған деседі. Оны елге білдіруге тырысып, бақсыдай азынап тауды кезген.

Поэманы оқып отырғанда, Сәкеннің негізгі ойы – Көкшенің сұлу табиғатын жырлау болғандығын байқау киын емес. Ол қандай оқиғаны әңгімелесе де, Көкшетаудың табиғат байлығымен, көлінің, тауының әсем көріністерімен байланыстырып, соған меңзей отырады. Кейде ол өзінше тауға, шыңға, көлге портрет, мінездеме береді.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды және мазмұнын айтады 10 балл
- Мәтіннің стилін анықтайды. 5 балл

**2-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Күрделі сөздерді табады және жасалу жолдарын анықтайды; 10 балл

**3-тапсырма. Үзіндіні мәнерлеп оқыңыздар. Үзіндіден детальды ақпараттарды анықтаңыздар.**

Тағы бір ақ бас бура, - емес атан,
Жүріпті Көкшетауды  қылып Отан...
Тағы екен жанға ұстатпай жүрген қашып.
Күркіреп тұрады екен көбік шашып,
Бір көлді мекен қылып күнде келіп,
Су ішіп кетеді екен алшаң басып.
Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,
Себеппен қойған бәрі елдің аты;
Бурабай атаныпты содан бері
Ақ бура мекен қылған көлдің аты.
Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс...
Ақ бура көп жыл тауды қылған мекен,
«Бір үлкен іс боларда сезеді екен».
Ол істі елге айтқандай маңайдағы
Бақсыдай тауды азынып кезеді екен...
Білген соң бураның бұл қасиетін...
Бураға болмапты енді жұрт тиетін.
Баласы Абылайдың Қасым төре,
Жасынан сотқарлығы басым төре.
Бір күні тау ішінде келе жатты
Өзіндей бір топ жігіт қасында ере.
Бәрінің асынғаны қару-жарақ,
Соқтыққан өңкей сотқар жалақ-жалақ.
Найзамен неше түрлі ат үстінде
Ойын ғып келе жатқан өткір садақ.
Бураны Қасым төре сөз қылыпты,
Кез келсе атпақ болып төстен қадап...

**Бағалау дескрипторлары:**

- Үзіндіні мәнерлеп оқып, мазмұнын түсінеді; 10 балл
- Детальды ақпаратты анықтайды              10 балл

**4- тапсырма.** Көлдің Бурабай атануының себебі неде? Үзіндіден бураның ерекше қасиеті айтылатын тұсты тауып оқыңыздар. «Бура» сөзіне «бес жолды өлең» құрастырыңыздар.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Өз ойларын еркін жеткізе алады 10 балл
- «Бес жол өлең» құрастырады  10 балл

**5-тапсырма. Қасым төре қандай адам? Автордың төрені мінездеуіне мән беріңіздер. Оқиға қалай аяқталады деп ойлайсыздар? Болжам жасаңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Қасым төреге мінездеме береді; 10 балл
- Болжам жасап, оқиғаны әрі қарай дамытады. 5 балл

**6-тапсырма. Үзінді мазмұнын қарасөзге айналдырып жазыңыздар. Көсемше оралымды сөйлемдерді қолданыңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Үзінді мазмұнын қара сөзге айналдырып жазады; 10 балл
- Көсемше оралымды сөйлемдерді қолданады; 10 балл

**37-сабақ.**

**XXI бөлім. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі.**

**Тақырып 21.1. Әкеге қарап ұл өсер... Үстеудің мағыналық түрлері.**

**Мақсаты:**

- Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу.
- Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну.

**Бағалау критерийлері:**

- Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды.
- Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ерлер мен әйелдер теңдігі» дегенді қалай түсінесіңдер.
2. Елімізде гендерлік саясат қалай орын алған?

**1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Үзіндінің мазмұнын ашатын тірек сөздер мен термин сөздерді дәптерлеріңізге жазыңыздар.**

Қазіргі кезде бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарсыз қоғамды елестету мүмкін емес.

2003 жылы «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасына» қол қойылды. Тұжырымдамада Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары, басымдықтары мен міндеттері белгіленген. Ал гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық саласында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары гендерлік саясатты дамытуда қыруар жұмыс атқарды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Осы комиссияның ұйытқы болуымен 2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Съезде сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті.

Бүгінде экономика саласындағы жұмысшылардың жартысына жуығы – әйелдер. Олардың ішінде дәрігерлер, мұғалімдер, мемлекеттік қызметкерлер, шағын кәсіпкерлік, қызмет көрсету, мәдениет, спорт, саласының өкілдері бар. Менеджерлер, оның ішінде мемлекеттік қызмет басшылары арасысында әйелдер көп. Қазақстандықтардың қоғамдық санасында ерлермен қатар бизнесті бағындырған іскер әйелдің бейнесі қалыптасып келеді.

«Алаш айнасы» газетінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды 10 балл
- Термин сөздер мен тірек сөздерді анықтайды, олардың мағынасын түсінеді 10 балл

**2-тапсырма. Төмендегі тіркестерді қатыстырып, мәтін мазмұны негізінде диалог құрыңыздар.**

Гендерлік саясат, Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұйым, отбасы мен қоғам жүгін қайыспай көтеру, іскер әйелдер бейнесі.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Диалог құрастырады 15 балл

**3-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыздар. Жоспар бойынша мазмұнын айтыңыздар.**

Аққағаз Досжанова (1893-1932) қазақтың тұңғыш әйел дәрігері. 1914 жылы Орынбор қыздар гимназиясын үздіктер қатарында бітірген алғыр қыз Мәскеудегі медицина курсына түседі. Ол Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде жаралы кеңес әскерін емдеді. Алаш партиясының мүшесі ретінде ұлттық мүддеге қызмет етті, елдің жоғын жоқтап, қайраткерлігімен өз ортасынн суырылып алға шықты.

Хиуаз Доспанова (1922-2008) – қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш қызы. Екінші дүниежүзілік соғыста Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина,

Германияны жаудан азат еткен. «Қызыл Жұлдыз», ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және ерлігі үшін көптеген медальмен марапатталды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, 2004 жылы Елбасының басшылығымен Хиуаз Доспановаға көз тірісінде «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Күләш Байсейітова (1912-1957) – қазақтың әйгілі әншісі, қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері. КСРО халық артисі, КСРО Мемлекетік сыйлығының лауреаты. Жастайынан өнерге жақын болды. Қазақ педагогика институтына түскеннен кейін көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысады. 1930 жылы Қазақ тұңғыш драма театрына қабылданады. Театрда Бейімбет Майлиннің «Майдан», Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» сынды қойылымдарында өнер көрсетеді. Небәрі бір-екі жылдың ішінде әнші – артистік шеберлігімен көрініп, театрдың белді өнерпаздарының қатарынан орын алады.

Патшайым Тәжібаева (1920-1991) – қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш геолог әйел-ғалым. Ол ғылыммен қоса, қоғамдық қызметтерге де белсене араласты. Геология ғылымының ішіндегі іргелі сала – литологияның негізін қалаған. Осы табысымен-ақ Кеңес Одағы халқын таңғалдырған. Ташкенттегі Орта Азия университетін бітірген. Қаныш Сәтбаевтан тәлім алған.

Қазақ энциклопедиясынан

**Бағалау дескрипторлары:**
- Мәтінді оқып, жоспар құрады 10 балл
- Мәтіннің мазмұнын айтады 10 балл

**4-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты INSERT стратегиясы бойынша талдаңыздар. Төмендегі белгілермен азатжолдарды немесе сөйлемдерді белгілеңіздер. Өз ойларыңызды білдіріңіздер.**

| «V» | « - » | « + » | «?» |
|---|---|---|---|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағаныма қайшы, кереғар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |
| | | | |

**Бағалау дескрипторлары:**
- Мәтіндегі ақпаратты талдап, өз ойларын білдіреді. 20 балл

**5-тапсырма. «Әйелдердің қоғамдағы орны» тақырыбында шағын эссе жазыңыздар**.
Бірінші сөйлем. Менің ойымша, ... .
Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.
Үшінші сөйлем. Мен оны ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.
Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

**Бағалау дескрипторлары:**
- Өз ойларын анық білдіреді және дәлелдейді 25 балл

**Ойтаразы:**
- 3 маңызды ақпарат
- Қиындық келтірген 2 мәселе
- Тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе

## 38-сабақ.
## Тақырып 21.2. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 1-кітап. Қайтқанда

**Мақсаты:**
- Мәтінде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру;
- Мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану

**Бағалау критерийлері:**
- Негізгі ақпараттарды жазып, мәтіндегі ойды ажыратады;
- Мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданады.

**Талқылау сұрақтары:**
1. Абай Құнанбаев туралы не білесіздер?
2. Қандай шығармаларын, өлеңдерін білесіздер?
3. «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыдыңыздар ма?

**1-тапсырма.** Мәтінмен танысып, «Абай жолы» романы туралы тест сұрақтарын құрастырыңыздар.
*Үлгі: М.Әуезовтың дүниежүзіне белгілі романы қалай аталады?*

Мұхтар Омарханұлы Әуезов (1897-1961) – қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым.

«Абай жолы» - М.Әуезовтың бас кітабы, қазақ әдебиетіндегі бірінші роман-эпопея. Бірінші кітабы 1942 жылы, екінші кітабы 1947 жылы жарыққа шықты. 1949 жылы эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО мемлекеттік сыйлығы берілді. 1952 жылы «Абай жолы» романынның үшінші кітабы, 1956 жылы төртінші кітабы басылып шықты. 1959 жылы «Абай» жолының тұтас төрт кітабына Лениндік сыйлық берілді. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы дүниежүзі әдеби классикасының шырқау шыңына шықты. Өйткені «Абай жолы» бірнеше шет тіліне аударылды. Сол арқылы әлем қазақ халқын, оның ұлы ақыны Абай туралы біледі.

«Абай жолы» романы тарихи тақырыпқа жазылған. Романда XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Абай образы арқылы қазақ даласна келген жаңалықтар, теңсіздіктер, халықтың әділетсіздікке қарсылығы баяндалған.

Бағалау дескрипторлары:

- Мәтін мазмұнымен танысады 10 балл
- 5 тест сұрағын құрастырады 10 балл

**2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (оқыңыздар). Негізгі ақпаратты тезис түрінде жазып алыңыздар**.

... – Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

- Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сұп-сұр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан төрт-бес атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар тәрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болуы керек. Ол соларға қарап тұр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып, сәлемдерін алды да, қысқаша ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай какыт Абайға қарап алып:

- Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме? Жоқ, күдік пе?

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағына қарап өскен. Әкесі де бұл баласының сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

- Шүкіршілік, әке, - деп біраз тұрды да, - ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын алып қайттым, - деді.

Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте әзірлеген жауабы еді...

*Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясынан*

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды. 10 балл
- Негізгі ақпаратты тезис түрінде жазады 10 балл

**3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Мәтін не туралы?
2. Абай алдымен кімге барды?
3. Шешесі Абайға не деді? Оның сөзінен қандай қорытынды шығарар едіңіздер?

4. Құнанбай бойындағы салқындықты қалай түсіндіресіздер?

Бағалау дескрипторы:

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.  20 балл

**4-тапсырма. Мағынасына қарай қажет үстеулерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыздар. Үстеулерге сұрақ қойыңыздар.**

1. Бала көп ішінен, алдымен өзінің шешесін көріп, (ілгері/артқа қарай) жүре беріп еді. 2. Абай әкесіне қарай (ақырын/тез) бұрылды. Байтас пен Жұмабай да аттарынан түсіп, (жаяу/жылдам)  Құнанбайға қарай келді. 3. Олар – Құнанбайдың (бүгін/биыл) ерекше күткен, (қасақана/әдейі)  тосып отырған адамдары. 4. Үшеуі бірдей (жамырай/салмақты үнмен) сәлем берді. 5. Абай тіпті (жас балаша/ересек адамша) сөйлеп қапты.

**Бағалау дескрипторы:**

- Үстеудің  мағыналық түрлерін орында қолданады 20 балл

*Үй тапсырмасы:*

**5-тапсырма.  «Абай жолы» роман-эпопеясынан («Қайтқанда» тарауы) үзінді оқыңыздар.**

... Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес. Жайлауға қарай Шыңғыс асқалы беттеп келе жатқан елдің үш-төрт ауылы қоныпты.

Бұның бәрі «Құнанбай ауылы» деп аталады. Өзінің ауылы мен жақын туыстарының ауылдары.

Бұлақтың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ыю-қию араласып жатқан сияқты. Жерошақтардан шыққан түтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкшіл мұнардай тарайды. Үрген иттер, мал қайырған айқайлар, маңыраған қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін іздеп шапқан жас айғырлар дауыстары болсын – барлығы да осы отырған ауылдардың кешкі тіршілік-тынысын білдірген сияқты.

Баланың барынша сағынған көрінісі. Қазір жүрегін аттай тулатып, соншалық қуантып, еркін алған көрінісі. Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Ортасында бес үлкен ақ үй бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы.

Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды. Әсіресе қорының ортасында қосақталған қойды сауып отырған әйелдер бұрын көрген екен. Етектерін белдеріне қаырып түріп алған, алжапқыш тартқан қалыптарымен, қолдарына шелектерін ұстасып, жүргіншілерге қарап:

- Анау Абай ғой, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, - деді.
- Бәсе, Телғара ғой ... жаным-ау, мынау ... Телғара! Әпкеме айтайыншы, - деп үлкен үйге қарай ұмтылысқан ...

Мұхтар Әуезеов «Абай жолы» роман эпопеясынан
(Қайтқанда», 1-кітап)

**6-тапсырма. Мәтін мазмұнының құрылымын ретімен орналастырып, әңгімелеңіздер.**

1. Үш атты адам.
2. Құнанбай ауылы
3. Көлқайнардағы кешкі тіршілік көрінісі.
4. Сауыншы әйелдердің үлкен үйге ұмтылуы
5. Бала сағынышы

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтін мазмұнымен танысып, негізгі ойды анықтайды. 10 балл
- Құрылымын ретімен орналастырып, әңгімелейді. 10 балл

## 39-сабақ.

## Тақырып 21.3. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы, 2-кітап. Тайғақта

**Мақсаты:**

- Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

**Бағалау критерийлері:**

- Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

**Талқылау сұрақтары:**

1. Құнанбай кім?
2. Оның ел ішінде билік айту ісінен не білесіздер?

**1-тапсырма. Үзіндіні түсініп оқыңыздар. Үзінді бойынша сұрақтар құрастырыңыздар.**

... Есігі түрулі, түндігі шалқия ашылған кең үйге көктем сәскесінің бар тыныс, бар үні мол кіріп тұр. Биік төсек жанында дөңгелек үстелге шынтақтап оңаша ғана отырған Абайға есіктен кірген самал да жайлы.

Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтамен үңіледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы тіпті бөлек. Ол ықылас кітап пен оқушы Абай арасында туған жақсы бір ұғынысудан еді. Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғашқы рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі – осы. Ұғымды болған кітап бірінші өткел болды. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп тырмысып созылған арманын жағаға шығаратын өткел.

Биылғы өткен қыс бойы Абай неше алуан «тәпсірлерді» серік етіп, жалғыз табандап қадалғаны орыс кітабы еді. Аяғында осы көктемде, жаңа дүние саңылауы шын жарқырап ашыла бастағандай болған соң, Пушкинге ауысқан. Қарасөзінен бастаған. Қазірдегі өздігінен оқып, ұғып келе жатқаны – Пушкиннің ұзақ әңгімесі «Дубровский». Тілін берген «Дубровский» хикаясы өзегін де берді...

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясынан («Еңісте», 2-кітап)

**Бағалау критерийлері:**

- Мәтінді түсініп оқиды, оқу барысында сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады 20 балл
- Үзінді бойынша сұрақтар құрастырады: 10 балл

**2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, құрылымына қарай талдаңыздар (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Үзінді кімдерге арналған? Қандай әсер алдыңыздар?**

... Қыстың ортасы ауып, енді қаладан елге қайтар кез жеткенде, тағы бір сенбінің кешінде Абай Баймағамбетті жарым күндей жүргізді. Қаланың әр жерінде тұрған оқушы балалардың барлығын өз пәтеріне шақырып алды. Соларға өз алдында еркіндетіп ән салдырды. Кешкі ет алдында ғана: «Балалар!» - деді. Жас қонақтарын, өз балаларын салмақты үнмен өзіне қаратып алды. Бүгін күндіз жазып қойған бір табақ қағазды алып, балаларға бір өлең оқып берді:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім...

Бұл жиында бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес, осы бүгін туған өлеңін оқыды. Арасында:

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім... –
деген жолдарын қайталап оқып беріп, балаларға қысқа ғана тіл қатты.

-Міне, балаларым, інішектерім. Біз сияқты аға, әкелерің мезгілінде өсе алмай, қылтанақ жарып, сарғайып қалған шөптейміз. «Ғылымнан макрұм қалдық» деп енді өкінеміз, опық жейміз. Сол – біздің мұң. Ал сендер үшін тілегім, айтарым жаңағы. Бұл аға батасы! Сендерден дәрмен күткен даланың, еліңнің тілегі! Адам болам деп оқыңдар. Аймағыма жақсылығым жетеді, адал азамат болам деп, халықтың қамқоры болам деп оқыңдар!

«Осы отырған балалардан жаңа төл өсірем, жаңа буынның жаңа азаматын шығарар болсам, менің ендігі жұбанышым, үміт етер қанатым да солар болмас па еді? Ендігі етер еңбегім мен көмегім, пайтар өсиет, ақылым болса – көзі ашық, оқыған жаңа қауым туғызуға арналсын. Ел ішін көгертетін кез жетті ғой», - деп ойлады Абай ...

*Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясынан («Тарауда», 2-кітап).*

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқып, құрылымына қарай талдайды; 15 балл
- Мазмұнын айтып, алған әсерлерімен бөліседі; 15 балл

**3-тапсырма. Өлеңді түсініп оқып, кестені толтырыңыздар**

| Өлең жолдары | Неге байланысты жазылған? | Менің ойым |
|---|---|---|
| Жасымда ғылым бар деп ескермедім,<br>Пайдасын көре тұра тексермедім...<br>Баламды медресеге біл деп бердім,<br>Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім... | | |

**Бағалау дескрипторлары:**

- Өлеңді түсініп оқиды 10 балл
- Кестені толтырады 15 балл

**4-тапсырма. Ақын неге өкінеді, неден үміт күтеді? Өзара диалог құрыңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Диалог құрастырады; 15 балл

**Кері байланыс:**

1. Мәтіндердің мазмұнын талқылауда қандай қиындық болды? Неге?

2. Мәселені анықтауда кедергілер болды ма? Неліктен?

**40-сабақ.**
**XXII бөлім. Жастар мәселесінің түйткілдері.**
**Тақарап 22.1. Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері. Талаптыға нұр жауар. Наноспутник жасаған жас ғалымдар. Септеулік шылаулар.**

**Мақсаты:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу.
- Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері**:

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға береді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді;
- Ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтап, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады.

**1-тапсырма. Қазіргі жастарды не қызықтырады? Олардың мақсат-мүдделері қандай? Ой бөлісіңіздер.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Өз ойларымен бөлісіп, бір-бірін толықтырады; 10 балл
-

**2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Әр азатжолдағы негізгі ойды анықтаңыздар.**

Қазіргі жастар бәсекеге қабілетті, жаңаша ойлайтын азат ойлы азаматтар. Олардың әрқайсысы қайталанбас бірегей тұлғалар. Жаңа технологиялар қарыштап дамыған заманда олар кез келген ортаға жылдам бейімделуде. Жастар кез келген шыңды, тіпті әлемді бағындыруға дайын. Ақылды да тапқыр, жас та бастамшыл қазақстандықтар өз идеяларын жүзеге асырып жатыр. Олар әлемге танымал режиссер, ғалым, дизайнер болуда. Робот техникасын зерттеп, керемет фильмдер түсіруде, өнер туындыларын жасап, теңдессіз идеяларды тудыруда.

Дамыту мен құлшыныс туғызу үшін мемлекет жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп келеді. Жастардың алдында осының барлығын игеріп, өз әлеуетін тиімді пайдалану міндеті тұр. Өйткені еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-

бабамыздан мұра болып келе жатқан құндылығымызды, тарихи дәстүрімізді жаңартып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, ел үшін еңбектенуге міндетті. Жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл жастары болмаған елдің болашағы қараңғы.

«Қазақ әдебиеті» газетінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді түсініп оқиды 10 балл
- Негізгі ойды анықтайды 10 балл
-

**3-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріп, өзара пікірлесіңіздер.**

1. Мәтін не туралы?
2. Елімізді бүкіл әлемге танытып жүрген қандай жастарды білесіздер?
3. Өздеріңіз кімді үлгі тұтасыздар?
4. Қандай адам идеал болуға лайықты? Кез келген адам «идеал» бола ала ма?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Өз ойларын еркін жеткізіп, сұрақтарға жауап береді 20 балл

**Шылау сөздер.**

Шылаудың толық лексикалық мағынасы болмайды, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады немесе сөзге қосыша мән үстеп тұрады. Шылаулар түрленбейді, сөйлем мүшесі бола алмайды. Шылаудың негізгі үш түрі бар:

| Жалғаулықтар | Септеуліктер | Демеуліктер |
|---|---|---|
| Сөздер мен сөйлемдерді салаластыра байланыстырады. | Белгілі бір септікте тұрған сөзбен тіркесіп келіп, сөздерді сабақтастыра байланыстырады. | Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырмайды. Өзі тіркескен сөзге мағына үстейді. |
| және, әрі, мен, бен, пен, да, де, та,те, я, яки, кейде, бірде, не, немесе, болмаса, біресе, себебі, өйткені, сондықтан, егер, онда | үшін, сайын, туралы, жөнінде, арқылы, кейін, бұрын, соң, қатар, бірге, қоса, дейін, таман, тарта | Ма, ме, ба, бе, па, пе, да, де, та, т, ғой, ғана, тек, түгіл, -ау, -ай, -ақ, -мыс, -екеш |

**4-тапсырма. Мағынасына қарай тиісті шылауларды қойып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.**

1. Абай (мен/пен) Мұхтар – қазақ әдебиетіндегі біртуар тұлғалар.
2. Сіз «Абай жолы» романын оқыдыңыз (па/ба)?
3. Марат (та/те), Әсел (да/де) бір колледжде оқиды.
4. Олар (не/яки) бүгін келеді, (не/яки) ертең келеді.

5. Жастар (ғана/үшін) ең басты міндет білім алу (немесе/және) жұмысқа орналасу болу керек).
6. Оның анасы дәрігер (-ау/-мыс).
7. Алманың жалғыз (-ақ/-ай) арманы бар, ол – оқуға түсу.

**Бағалау дескрипторлары**:

- Шылаулардың мағыналық түрлерін орынды қолданады 15 балл

**5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін кейіпкері өз замандастарынан несімен ерекшеленеді? Оның басты зерттеу нысаны не?**

**Жас дарын**

Алматылық Тимур Рысбеков – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тізіміне енген тұңғыш оқушы. Дарынды жастың әлеуметтік, медицина және ғарыш саласы бойынша көптеген өнертабысы бар. Жақында өнертапқыш оқушы Америкаға аттанғалы отыр. Онда NASA ұйымдастыратын байқауға қатысады.

Қазір Тимурдың 72 өнертабысы бар, оның 28-і патенттелген. Ол өзінің ерекше өнертабысын ғарыш саласына арнап жасапты. Қалта телефоны арқылы басқарылатын робот ашық ғарышта кез келген тапсырманы орындай алады.

«Тамыз айында біз тобымызбен халықаралық платформаға шықтық. Әлемнің сарапшылары жобамызды жоғары бағалап, NASA ұйымдастыратын үлкен байқауға шақырту алдық. Оған әлемнің 30 елінен үздік өнертапқыштар келеді. Мен бұл байқауға көлемді мәліметтер қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ерекше бағдарламаны ұсынбақпын. Сонымен қатар оянуы мүмкін вулкандарды анықтай алатын құрылғыны апарамын», - дейді жас өнертапқыш.

Тимур Рысбеков 2017 жылы халықаралық байқауға қатысып, 77 химиялық реактивті анықтай алатын роботты жасап ұсынған еді. Сол кезде NASA сарапшылары баланың өнертабысына қатты қызығушылық танытқан. Тіпті әріптестік байланыс орнатуға ұсыныс білдірген.

«Түркістан» газетінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді 5 балл
- Сұрақтарға жауап береді 10 балл

**6-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Күрделі сөздерді табады және жасалу жолдарын анықтайды 15 балл

**Ойтаразы: 5 балл**

- 3 маңызды ақпарат
- Қиындық келтірген 2 мәселе
- Тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе

**41-сабақ.**
**Тақырып 22.2. Жастар мәселесінің түйткілдері. Демеулік шылаулар. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» (романнан үзінді), 3-кітап**

**Сабақтың мақсаты:**
-көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді оқу, өз ойын ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;
- мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**

- Көркем шығарманы оқып түсінеді;
- Өз ойларын дұрыс, дәлелді жеткізеді;
- Мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолданады.

**1-тапсырма. Жастар деген кім? Тәуелсіз елдің жастары қандай болуы керек?**




**Бағалау дескрипторлары:**
- сұрақтарға жауап береді – 5 балл
- кластер толтырады – 5 балл

**2-тапсырма. 16-27 жас аралығындағы жастар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың қорытындысына назар аударыңыздар. Қандай ой түйдіңіздер?**

1) Компьютерлік ойындарға тәуелділік – 77%
2) Әлеуметтік желілердің кері әсері - 75%
3) Ішімдік -14%
4) Бұзақылық – 17%

**Бағалау дескрипторлары:**

- қорытындыларды салыстырып, өз ойларын еркін жеткізеді 10 балл

**3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген?**

Дегенмен қазіргі кезде жасөспірімдер арасында түйткіл мәселелер өте көп кездеседі. Оларға психикалық мәселелер, зиянды әдеттер, жасөспірімдер арасындағы қылмыс және т.б. жатқызылады.

Жасөспірімдер кез келген жаңа нәрсені тез қабылдауға дайын тұрады. Жора-жолдастарынан қалмауға тырысып, сол қатарда абыройлы, беделді болуы үшін бәрін істейді. Жеткіншектерге құрбы-құрдастарының айтқан ойы, әсері үлкен. Осыған байланысты оларда еліктеушілік пайда болады. Әсіресе жастардың батыс мәдениетіне, әр түрлі сән үлгілеріне, әуендеріне, субмәдениетке еліктеушілігі белең алуда. Субмәдениет дегеніміз – қоғамнан оқшауланған, өзіндік өмір сүру дағдысы бар, өмір сүріп жатқан қоғамдағы мәдениеттен өзгелеу, тіпті кейде оған наразы жастардың белгілі бір тобы жасаған мәдениет. Мұндай топтар өздерінің сөйлеу әдебімен, киім киісімен және басқа да белгілерімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар жасөспірімдер әділетсіздікке шыдай бермейді. Әр түрлі жағдайлар, отбасылар арасындағы әлеуметтік теңсіздік олардың тағдырына, тіпті ойлау жүйесіне де әсер етеді. Осындай себептермен олар зиянды әдеттерге: темекіге, ішімдікке әуестенеді.

«Астана ақшамы» газетінен

**Бағалау дескрипторлары:**

- Көтерлiген мәселенi анықтайды 10 балл

**4-тапсырма. «Кубизм» әдісін пайдаланып тапсырмаларды орындаңыздар.**

1. Баяндаңыз. Мәтін мазмұнын баяндаңыз. 5 балл
2. Қолданыңыз. Шылаудың мағыналық түрлерін қолданыңыз. 5 балл
3. Салыстырыңыз. Алдыңғы сабақтағы мәтіндермен салыстырыңыз. 5 балл
4. Топтастырыңыз. Жастардың бейнесін топтастырыңыз. 5 бал
5. Зерттеңіз. Қазіргі жастар арасындағы мәселелерді зерттеңіз. 10 балл
6. Қорытындылаңыз. «Жастар – ұлт келешегі» тақырыбында қорытынды жасаңыз. 10 балл

**Бағалау дескрипторлары:**

- берілген тапсырмаларды орындайды 40 балл

**5-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген?**

Абайдың ойлағаны ел уайымы, ер зары еді. Сол жайды ойланып, тағы да өзінің қағазына үңіле бергенде, енді тың бір хал елең еткізіп, жұмысын тоқтатты. Терезенің түбінен тасырлатып өткен аттылар дүбірі осы қақпаға, осы үйге оқтала келгендей. Абайдың аңғаруында үш-төрт салт атты. Жүргіншілер асығып келген тәрізді.

Бұларды Абай «Неғылса елден келді, жүрістері қатаң екен, суық хабармен келген болмаса игі еді! - деп, үйге кірулерін асыға күтті. Ойлағанындай, енді аз уақытта Абайдың үстіне дауыстап сәлем беріп, өңі қашқан Дәрмен кірді. Көптен көрмеген іні досы, аса жақсы көретін жас досы, ойда жоқта кіргенде, әуелі Абай қуанып еді. Сол сәтте және де Дәрменнің түсінен өзгеше жайды аңғарып, сескеніп қалды.

-Япыр-ай, қалай келдің? Немен келдің? Не жаймен жүрсің? – деп, Дәрмен отырып болмастан, асыға сөйлеп қарсы алды. Жазып отырған қағаздарын жаба салып, көзінен көзілдірігін де алды. Анығында, Дәрменнің келісі тым асығыс-ты.

- Абай аға, екі-ақ сөз айтып, қазір-ақ жөнелгелі келдім. Артым – қуғын, алдым – өрт!

- Не дейсің? Не айтып отырсың?..

Мұнан арғы сөзге Абайдың демі жетпегендей.

- Қасыңызға ергелі қасықтай салмағымды салып, бейнетімді тартқызбаспын деп едім. Амалым жоқ. Жастық отымен тұтандым да, түстім бір жалынға. Ендігінің бәрін өзіңіз біліңіз. Өзіңіз біліңіз, Өзіңіз билесің, не десеңіз де көндім. Жете алмай титығым құриды ғой деп ем. Алдыңызға жетіп өлдім, міне, арманым жоқ! – деп сөзін аяқтады.

Абай оның жайын енді түсіне берді...

*Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясынан («Түн түнекте», 4-кітап)*

**Бағалау дескрипторы:**

- Мәтінді оқиды және түсінеді 5 балл
- Көтерілген мәселені анықтайды 10 балл

**2-тапсырма**. «**Жастық оты»** дегенді қалай түсінесіздер?

1. ***Қайда?*** Бұл тіркесті бұрын қайда және қандай мағынада кездестірдіңіз?
2. ***Қалай?*** Өзіңіздің немесе таныстарыңыздың өмірінде осы тіркесті қолданған мысалдар кездесті ме?
3. ***Қандай?*** Мәтінде бұл тіркес қандай мағынаны білдіреді?

**Бағалау дескрипторы:**

- Берілген сөз тіркесінің мағынасын ашады 5 балл
- Сұрақтарға жауап береді  10 балл

**Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріңіздер**.

- Мәтінде көтерілген мәселені анықтай алдыңыз ба?
- Жұппен бірлесіп жұмыс істеу қиын болды ма?
- Не нәрселер қиындық келтірді?
- Қай студентке баға беруге болады?

**42-сабақ.**
**XXIII бөлім. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты.**
**Тақырып 23.1.  «Жаһандық миграция» деген не?**
**Иммиграция – үздіксіз процесс. Көші-қон тарихы.**

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;
- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты «деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау.

**Бағалау критерийлері:**

- Мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты анықтайды;
- Мәтіндегі ақпараттың қолданылуын ажыратады;
- Берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды.

**Талқылау сұрақтары:**
«Көші-қон» деген сөзді естігенде көз алдарыңызға не келеді?

**1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Сіздерге қандай ой салды? Көші-қон үдерісі неліктен жаһандық мәселе болып табылады?**

Кеңес дәуірі кезіндегі Қазақстанда жүрген көші- қон үдерісі одақтық маңызы бар мәселелердің бір бөлігі ретінде қаралды

*Бірінші кезең*. Кеңес үкіметі орнаған 1917-1918 жылдар және 1921-1922 жылдар. Бұл кезеңде ашаршылық орын алды. Сондағы ірі ерекшелік: жергілікті халықтың көші-қоны Қазақстаннан сыртқа қарай бағытталса, керісінше өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанға көшіп-қонуы жалғасты.

1917-1918 жылдары Түркістанда орын алған ашаршылық қазақтардың қарама-қарсы бағыттардағы көші-қонын күшейтті. Сонымен бірге патша өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатының нәтижесінде Қазақстанға өз бетінше көшіп-қонуға тыйым салынды. Соған қара- мастан, орыс, украин және т.б. ұлт өкілдерінің қазақ жеріне көші-қоны тоқтаған жоқ. Бұл кезеңде қазақтар халық құрамындағы артықшылық үлесін сақтап қалды. 1926 жылғы санақта қазақтар 58,5 пайыз болды.

*Екінші кезең.* 1926-1939 жылдар - кеңес дәуірі кезіндегі Қазақстанға көші-қонның қайтадан жандануы және Қазан төңкерісінен кейінгі көші-қонның қайта өрлеу кезеңі. Ұжымдастыру мен өндірістендіруге байланысты Ресейден көшіп-қонушылар патша кезеңіндегідей ағылып келіп жатты. Өндірістендіруге байланысты Түрксібке, Қарсақпайға, Қарағандыға Ресейден көші-қоншылар әкелінді. 1929 жылдан бастап саяси жазаланғандар, арнайы қоныстанушылар, бұрынғы кулактар келе бастады. Бұл кезеңде республикадағы қазақтардың үлесі 38 пайызға төмендеді.

Ішкі көші-қонда тың жерлерді игеру көзделді. Мысалы, Қазақстанның оңтүстігіндегі Мырзашөлді игеру қарастырылды.

«Отан тарихы» журналынан

**Бағалау дескрипторлары:**
- мәтінді түсініп оқиды- 10 балл
- сұрақтарға жауап береді – 20 балл

**2-тапсырма**. Мәтіннен деталдьді ақпараттарды анықтаңыздар. Көтерілген мәселелер бойынша 4-5 сұрақ құрастырыңыздар.

**Бағалау дескрипторлары:**
- Мәтіннен детальды ақпараттарды анықтайды – 15 балл
- 4-5 сұрақ құрастырады – 15 балл

**3-тапсырма. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, берілген ұғымдарға анықтама беріңіз.**

| Көші-қон үдерісі | Ашаршылық | Отарлау | Ұжымдастыру | Жер аудару | Антигумандық сипат | Репрессия | демобилизация | Ғаламдану үдерісі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

**Бағалау дескрипторы**:
- берілген ұғымдарға анықтама береді – 25 балл

**4-тапсырма. Мәтінді оқып шығыңыздар. Қай кездегі оқиғалар баяндалған? Мәтін бойынша хронолиялық кесте жасаңыздар.**

| | |
|---|---|
| 1939-1945 жж | |
| | |

*Үшінші кезеңге* 1939-1945 жылдар жатады. Бұл кезеңде Қазақстандағы көші-қонға әсер еткен негізгі фактор - Ұлы Отан соғысы және оның құрамдас бөлігі - Екінші дүниежүзілік соғыс. Мұнда саяси факторлар шешуші рөл атқарды. Осы кезеңдегі көші-қон қозғалысы антигумандық сипатқа ие болды. Адамзат тарихында болмаған ірі репрессиялар, мәжбүрлі, күштеп қоныс аударулар халықтарды этникалық белгісіне байланысты жер аударумен жалғасты. Соғыс жылдарында республикаға 1257,6 мың адам келіп, оның 20,3 пайызы Қазақстанды тұрақты мекен етіп қалды.

*Төртінші кезең* - 1946-1959 жылдар. Соғыстан кейінгі демобилизация, отбасылардың бірігуі, халықшаруашылығын қалпына келтіру, жаңа өндіріс орындары (шикізаттық бағыттағы), көлік жолдарының түрлерін іске қосу, жаңа қалалар мен қала типтес поселкелердің құрылуы, ауылшаруашылықтағы реформалар, тың және тыңайған жерлерді игеру негіздегі көші-қондар. 1959 жылғы санақта жергілікті тұрғындар 29,7 пайызға кеміді. Қазақтар өз Отанында азшылық ұлтқа айналды.

*Бесінші кезең* - 1959 жыл. Қазақ тарихында «алтын кезең» деп бағаланды. Қазақ жеріндегі қазақтар үлесі 32,6 пайызға жетті. 1991 жылдан бергі тәуелсіздік жылдарын қамтитын кезеңдегі көші-қон үдерісінің өзіндік ерекшеліктері болды. Тәуелсіздік жылдарында тағдыр тәлкегімен Қазақстанға қоныс аударушылардың негізгі бөлігі тарихи Отанына қайтуына және елден кеткен отандастарымыздың оралу көші-қонына қарай республикадағы қазақтар үлесі 1989 жылы 39,7 пайыздан 2009 жылы 63,1 пайызға өсті. ХХ ғасырдың аяғында әлем ғаламдану үдерісіне енді. Бұл кезеңде тәуелсіздігін алған Қазақстанда көші-қонның жаңа түрлері пайда болды.

«Отан тарихы» журналынан

**Бағалау дескрипторы:**
- Мәтінді оқып, мазмұнын түсінеді – 10 балл
- мәтін мазмұны бойынша хронолиялық кесте жасайды – 15 балл

**6-тапсырма.** Ойтаразы. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазыңыздар.
Маған ... қиын болды.
Мен .. тапсырмаларын орындадым.
Мен ... екендігін түсіндім.
Мен ... үйрендім.
Мені ... таңғалдырды.

## 43-сабақ.
## Тақырып 23.2. Қабдеш Жұмаділов – қаламгер.
## «Қаздар қайтып барады» повесі

**Сабақтың мақсаты:**

- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру;
- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау.

**Бағалау критерийлері**:
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;
- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді;
- Мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтайды, олардың қолданылу мақсатын талдау.

**1-тапсырма. Берілген ақпаратпен танысып, парталас досыңызға тірексызба арқылы әңгімелеңіз.**

Қабдеш Жұмаділов (1936 ж.) - жазушы. Ол Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағындағы Малдыбай ауылында дүниеге келген. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің фило логия факультетін бітірген. 1968 жылы «Қаздар қайтып барады» атты ал ғашқы әңгімелер жинағы, 1969 жылы «Көкейкесті» романы жарияланды. «Қаздар қайтып барады» әңгімесінде патша өкіметінің отарлық саясатына шыдамай, туған жерін тастап, отбасымен шегара асып кеткен қарттың қырық жылдан кейін өз еліне оралуы суреттеледі. Жазушы қаламынан көптеген әңгіме-хикаят, он шақты роман туды. Романдарының көпшілігі тарихи тақырыпқа арналған. Оның екі кітаптан тұратын «Соңғы көш», «Атамекен», «Тағдыр» романдарында Шыңжаң қазақтарының өмірі туралы жазылған. «Соңғы көш» дилогиясына 1983 жылы М. Әуезов атындағы әдеби сыйлық, ал «Тағдыр» романы үшін 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

**Бағалау дескрипторы:**
- Бір-біріне сұрақтар дайындайды 10 балл
- Тірексызба құрып, бір-бірін толықтырады 10 балл

**2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Қандай мәселе көтерілген? Қарттың сезімін екі-үш сөйлеммен жеткізіңіздер.**

**Атасы мен немересі**

Өзінің бұл сапарға жалғыз шыққанын ойлағанда, жігері құм болып, ет жүрегі езіліп кетті. Тағдыр бұл жолы да оның алдын кес-кестеп, аяқтан шалды. «Қапыда қалдым ғой... Қайтейін, қайтейін, - деп күбірлей берді. – Төлеутайымды қалай сақтай алмадым екен?.. Қайран құлыным, сенен қалай ғана тірі айырылдым екен? Тірі болсам, тууған жерді бір көрсетуші деп едім. Ол күнге құдай жеткізбеді ғой. Қайтейін!..»

Төлеутай деп отырғаны – қарттың жалғыз немересі. Осыдан он шақты жыл бұрын бүкіл елді жайлаған қалың сүзектен ұлы мен қызы, кемпірі мен келіні қайтыс болғанда, осы Төлеутайы қалып еді қасында. Жасқа жетпей

жетім қалған сәбиді қолынан түсірмей, жалаңаш қойнына салып жүріп баққан-ды.

Бұл жаққа келгелі қарттың кәсібі аң шылық болатын. Көнелеу берденке мылтығы бар еді. Қанжығасы майланып, табысы тәуір болған жылдары көрші жарлы-жақыбайға да қайырымы тиіп жүрді. Ауылдастарын да сорпа- судан кенде қылмаған. Түзге шықса, қара мылтығын, үйге келсе, қара домбырасы мен немересін ермек етті.

Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қара суға үйрек атуға ертіп барған. Көктемгі құс келетін уақыт. Шал бара сала, екі үйрек атып алды. Бір кезде қанаттары сартылдап, су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды.

- Ата, мына қазды атып алайықшы, - деді Төлеутай қуанып.
- Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, - деді қарт басын шайқап. Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.
- Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңырқап.
- Туған жеріне кетіп барады ...
- Туған жері қайда?
- Алыста, сонау таудың ар жағында, - деп қарт, қазір өзі жатқан асуды нұсқап еді сонда.

Айтқанындай-ақ, қайтқан қаздар бұлардың төбесінен тағы бір айналды да, солтүстік қайдасың деп тартып берді ...

*Қабдеш Жұмаділов.«Қаздар қайтып барады»*

**Түсіндірме сөздік**

*Жігері құм болу – көңіл-күйі түсу*
*Аяқтан шалу – кедергі жасау*
*Қапыда қалу – өкінішін білдіру*
*Сүзек – жұқпалы ауру*
*Берденке – шағын мылтық*
*Қанжығасы майлану – олжалы оралу*
*Кенде қылмау – аш қалдырмау*

**Бағалау дескрипторы:**
- Мәтіннің мазмұнын түсінеді 10 балл
- Көтерілген мәселені анықтайды 10 балл
- Қарттың сезімін 3 сөйлеммен жеткізеді. 15 балл

**3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.**
1. Қарт кімді ойлап күйзеліске түсті?
2. Қарттың отбасынан айырылуына не себеп болды?
3. Қарт немересін және ауылдастарын аштықтан қалай алып қалды?
4. Әңгіме неліктен «Қаздар қайтып барады» деп аталады?
5. Қалай ойлайсыз, бұл қай кезеңде болған оқиға?

**Бағалау дескрипторлары:**

- Сұрақтарға жауап береді 20 балл

**4-тапсырма. Мәтінді әсерлі жеткізіп тұрған сөздер мен тіркестерді теріп жазыңыздар. Олардың мағынасын анықтаңыздар. Түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерді қолданыңыздар.**

**Бағалау дескрипторы:**
- Тұрақты тіркестер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді 15 балл
- Сөздіктерді қолданады 10 балл

**Ойтаразы**. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңыздар.

| Қандай ой пайда болды? | Нені сезіндім? | Не ұнады? |
|---|---|---|
| | | |

**44-сабақ.**
**XXIV бөлім. Толерантылық – ел бірлігі.**
**Тақырып 24.1. Толеранттылық – бейбітшілік кепілі. Оқшау сөздер. Береке басы бірлікте. Ел бірлігін сақтау – бабалар аманаты.**

**Сабақтың мақсаты:**
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу.
- оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

***Талқылау сұрақтары:***
- *Толеранттылық* деген сөзді жиі естисіздер ме?
- Ол нені білдіреді?

**1-тапсырма. Мәтіндерді түсініп оқыңыздар және өз ойларыңызды білдіріңіздер.**

**А.** Толеранттылық (лат. tolerantia - төзімділік, көнбістік) - басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім- күйге, идеяларға төзімділік көрсете білу қасиеті. Ол орыс тілінде төзімділік, шыдамдылық; қытай тілінде өзгелермен көркем қарым-қатынас; ағылшын тілінде шыдамды деген мағыналарды білдіреді. Қарапайым түсінікпен қарасақ, басқа саяси көзқарастағы адамдардың пікіріне шыдамдылық көрсету.

*Энциклопедиядан*

**Ә.** Төзімділік бар, толеранттылық бар. Төзімділікті өзіме ұнамайтын адамнан көремін, мен оған төзімділік танытамын. Яғни, адамның проблемаға пассивті

қарым-қатынасы. Ал толеранттылық - адамның активті қарым- қатынасы. Толеранттылық - төзімділік емес. Бұл - өзара түсіністік, ынтымақтастық. Толеранттылық бір күннің ішінде тумайды. Ол тарихи қалыптасады.

*Н. Назарбаев*

Б. «Толеранттылық» атауы халықаралық термин сөз болғанымен, мағынасы - төзімділік дегеннің баламасы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті, ымыраласуды білдіреді.

*«Сыр бойы» газетінен*

**Бағалау дескрипторы:**

- Мәтіндерді түсініп оқиды – 5 балл
- Өз ойларын ашық айтады – 10 балл

**2-тапсырма**. Қалай ойлайсыздар, толеранттылық пен төзімділіктің айырмашылығы бар ма? Мәтін мазмұны бойынша сыни тұрғыдан сұрақтар дайындаңыздар.

**Бағалау дескрипторы:**

- қосымша ақпарат көздерін қолданады – 5 балл
- бір-біріне сыни тұрғыдан сұрақтар дайындайды – 10 балл
- сөйлеу этикеті формаларын қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас жасайды 10 балл

**3-тапсырма**. *Толеранттылық* сөзіне бес жолды өлең құрастырыңыздар.

1. Толеранттылық
2. 2 сын есім
3. 3 етістік
4. 1 сөйлем
5. синоним

**Бағалау дескрипторы**:

- «Толеранттылық» сөзінің мағынасын біледі 5 балл
- бес жолды өлең құрастырады – 5 балл

***Оқшау сөздер*** - *сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, дауыс ырғағы арқылы ерекшеленетін сөздер мен сөз тіркестері. Оқшау сөздер сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды, сөйлемде ойды нақтылай түсіп, басқа сөздермен мағыналық қарым-қатынаста болады. Өзге мүшелермен қабыса, матаса, меңгеріле, қиыса байланыспай, оқшауланып тұрады.*

*Оқшау сөздер мағыналық белгілері мен жасалу жолдарына қарай қаратпа, қыстырма, одағай сөздерге жіктеледі:*

| ***Қаратпа сөз*** | ***Қыстырма сөз*** | ***Одағай*** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| *Сөйлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру не оған басқаның назарын аудару мақсатында жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі. - Балақай, сурет сала білесің бе?* | *Айтушының пікіріне өз көзқарасын білдіреді, Меніңше, бүгін Алматыда жаңбыр жауады.* | *- Көңіл күй, сезім тол- - - қынысын білдіру мақ сатында қолданылады. - - Апыр-ай, сөзің сүйектен етті-ау!* |

**4-тапсырма. Кім жылдам? Оқшау сөздерге мысалдар келтіріңіздер.**

**1-топ**. Тыңдаушының назарын өзіне аударатын (құрметті жолаушылар, апай, інім, кешіріңіз, замандастар).
**2-топ.** Көңіл күйді білдіретін (қап, бәрекелді, апыр-ай, шіркін, уһ).
**3-топ.** Айтушының пікіріне өз көзқарасын білдіретін (шынымды айтсам, меніңше, ең алдымен, кім біледі, біріншіден).

**Бағалау дескрипторы:**
- Оқшау сөздерге мысалдар жазады; 15 балл

**5-тапсырма. Сыйластық, түсіністікке қатысты мақал-мәтел айтыңыздар. Олардың қандай жағдаятта қолданылатынын постер құрып анықтаңыздар**.

**Бағалау дескрипторы:**

- Мақал-мәтелдерді айтады; 5 балл
- Қандай жағдатта қолданылатыны анықтап, постер құрастырады; 10 балл

**6-тапсырма. 1 мамыр – халықтар бірлігі күні мерекесіне арнап құттықтау сөз жазыңыздар. Берілген сөздер мен оқшау сөздерді пайдаланыңыздар:**

*Керек сөздер: отандастар, біріншіден, ауызбірлік, құт-қазына, сенімділік, бағымызға қарай, олай болса.*

**Бағалау дескрипторы:**
- Құттықтау сөз жазады; 10 балл
- Оқшау сөздерді орынды қолданады; 10 балл

**Шығу парағын толтырыңыздар.**

- Бүгін не білдіңіз?
- Сөздік қорды қанша сөзбен толықтырдыңыз?
- Сабақ бойынша қандай сұрағыңыз бар?
- Келесі сабақта қандай мәселеге баса назар аудару керек?

**44-сабақ.**

**Тақырып 24.1. Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға.**
**«Тегі өскен ұл» повесі**

**Сабақтың мақсаты**:
- мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау;
- оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері**:
- Тірек сөздер арқөылы мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады;
- Мәтінне автор позициясын анықтап, тыңдаушыға әсерін талқылайды;
- Оқшау сөздердің қызметін біледі және орынды қолданады.

**Талқылау сұрақтары:**
- Мәтін кейіпкері қайда бара жатыр?
- Не мақсатпен бара жатыр?

**1-тапсырма. Бұрын Сайын Мұратбековтің қандай шығармаларын оқыдыңыздар? Тірексызбаға салып, ой бөлісіңіздер.**

Сайын Мұратбеков (1936-2007) - жазушы. 1936 жылы 15 қазанда Алматы облысының Қапал ауданындағы Қоңыр ауылында туған. 1957-1963 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін сырттай оқыған, 1971 жылы Мәскеудегі Жоғары әдеби курсты бітірген.

Жазушының алғашқы шығармалары 50-жылдардың аяғында жариялана бастаған. Содан бері «Менің қарындасым», «Ауыл оты», «Көгорай», «Отау үй», «Жабайы алма», «Дос іздеп жүрмін» жинақтары жарық көрген. «Қалың қар» (1989 ж.), «Өліара» повестері (1995 ж.) бар.

Сайын Мұратбеков шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылып, үлкен сұранысқа ие болған. «Жусан иісі» повестері мен әңгімелері жеке кітап болып шыққан.

Жазушының сценарийі бойынша «Телі өскен ұл» атты көркем фильм жарық көрген (режиссері - Ш. Бейсенбаев, 1976 ж.).

Аударма саласында Әнуар Әлімжановтың белгілі роман-повестерін, сондай-ақ Г.Толмачевтің Д. Қонаев, Н. Назарбаев туралы деректі повес- терін қазақшалаған.

2003 жылы «Жабайы алма» повесі үшін тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанған. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

**Бағалау дескрипторы:**
- Тірексызба салады және әңгімелейді 10 балл

**2-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша жоспар құрыңыз. Сол жоспарға сүйеніп, үзінді мазмұнын өз сөзіңізбен айтып беріңіз.**

…Көк түсті аэрофлот формасын киген қыз темір шарбақты есікті ашып, жолаушылар сыртқа қарай шыққан. Жуан жігітті бір ап-арық әйел жүгіріп кеп асыла құшақтады. Басқа жолаушыларды құшақтап сүйіп қарсы алушылар ығы-жығы. Тарамыс арықты да екі адам қарсы алыпты. Тек Евдокияны ғана қарсы алған жан болмады…

Осы мезетте репродуктордан самбырлаған ащы дауыс естілген.

- Филиппова Евдокия Филипповна, сізді балаңыз аэровокзалдан шығаберіс есікте күтіп тұр. Қайталаймын…

- Маған айтқан сияқты ма мынаны, - деді дегбірсізденген Евдокия. - Ол шығатын есігі қай жақта?

- Жүріңіз, мен сізді ертіп апарайын, - деді тарамыс арық.

Бұлар аэровокзалды қақ жарып өтіп, шығар есікке таяған.

Дәл шығаберісте Евдокия:

- Сәл кішкене аялдайықшы, - деп өтінген. - Жүрегім орнықсын, өзі кідірістеп біраз тұрды да, жүрегі орны қандай болған соң, шығуға беттеді.

Есіктің шығаберісіндегі баспалдақтарда гүл ұстаған көп адам тұр екен, орысы да, қазағы да бар, бәрі аралас. Евдокия олардың бәрін тез ғана бір шолып қарап өтті де, өзіне күлімсірей қарап тұрған аласа бойлы, арықтау сары жігітке қарай жүрді. Бірақ қарсы алдынан ұзын бойлы, кең иықты басқа бір жігіт кес-кестеп шыға берді. Евдокия оған жалт қараған, екеуінің көздері бір-бірімен ұшырасқан сәтте, ана жүрегі дір ете түсіп, өзінен туған, өзінен нәр алған жанарды қалтқысыз таныды. Уақыт деп солғаны болмаса, бір кезде өзінің жанары да дәл осындай болатын…

Сайын Мұратбеков «Телі өскен ұл" повесінен

**Бағалау дескрипторы:**

- Мәтінді оқып, мазмұны бойынша жоспар құрады; 10 балл
- Үзінді мазмұнын өз сөзіңізбен айтып береді; 10 балл

**3-тапсырма. Үзінді не туралы? Көптен күткен кездесу қалай өтті? Ана жүрегі неге дір етті? Екеуара диалог құрыңыздар**.

Бағалау дескрипторы:

- диалог құрастырады. 10 балл

**4-тапсырма. Төмендегі сөздердің антонимдерін тауып, олармен сөйлем құраңыздар.**

Жуан, қарсы алушы, шығаберіс есік, аласа бойлы, ығы-жығы.

**Бағалау дескрипторы**:

- сөздердің антонимдерін табады және сөйлем құрастырады. 10 балл
-

5-**тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Мәтінді құрылымына қарай неше бөлікке бөлуге болады?**

... Үйден Қалиша шықты. Бұл – жасы жетпіске таяп қалған, кескін-келбеті қартайса да, кесектігімен көрікті, мінезі де түріне сай кесек адам. Бірақ дәл

қазіргі күйі оның қатты толқу, абыржу үстінде екенін танытады. Өзі сыр бермеймін дегенімен, дауысы жарықшақтанып дірілдей шығады.

- Көрінбей ме? – деп сұраған ол үй төбесінде қарауылда тұрған немересі Сапардан.
- Көрінбейді, - деді Сапар.
- Не боп қалды екен, мұнша кешігетіндей? Әлде шешеңмін дегені басқа бір бөтен боп шығып, соның әлегімен әбігер боп жүр ме екен бәрі де?! Ондай да болады ғой, - деген Қалиша өзін-өзі жұбатқандай.
- Әй, әже-ай, неге бүйтіп күдіктене бересіз. Жазған хатында да, телеграммасында да біздің Сергейдің шешесі екенін ап-анық етіп айтқан ғой, - дейді Сапар.

Сапар – Қалишаның немерелерінің үлкені, жасы он алтылар шамасында, өзі әжесінің бауырында өскен, еркелігі басылмаған, шолжаңдығы бар жасөспірім бозбала. Әжесіне басқалардан гөрі өктемдеу сөйлейді.

- Сергейдің шешесі дейді ғой, әй, боқмұрын, сен де білгішсіне қалдың-ау, ә! – деп тістене сөйлеген Қалиша немересінің сөзіне өкпелегендей үйге қайта кетеді.

Үй ішінде көзінің жасын ірке алмай өзінен-өзі күңкілдей сөйлеп жүр: «Әдіре қалғыр, ержетіп, азамат болған балаға дап-дайын шеше бола қалуын». ... – Ескі кебеже сандықты көп ашып, ішін ақтарыстыра бастайды. Кішкентай баланың бір сыңар бөтеңкесін және сарғайған бір суретті тауып алады. Бұл – самолет үстінде Евдокия көрсететін бала суретінің түпнұсқасы еді. «Әй, Серке, Серке, қалай ғана көзім қиып, мен сені бөтен бір әйелге жетектетіп жіберем... Соның саған тіпті еш туыстығы да жоқ шығар, ә?! Іздеп тапса баяғыдан бері қайда жүр ол?»

Суретке қарап отырған Қалишаның көзі жасқа толған.

Мәшинеден түскен Евдокия, әуелі, сәл абдырап тұрып қалды да, өзіне Қалиша таяп келген кезде, екеуі де көздері жасқа толып бір-біріне құшақтарын аша берді. Бірі орысша, бірі қазақша сөйлеген күйі екі ана біріне-бірі мұңдарын шаққандай ... көздерінің жастарына ерік берген еді.

*Сайын Мұратбеков «Телі өскен ұл» повесінен*

**Бағалау дескрипторлары:**

- Мәтінді рөлге бөліп оқиды және мазмұнын түсінеді; 10 балл
- Мәтінді бөліктерге бөледі. 10 балл

**6-тапсырма. Үзіндідегі Қалишаның сезімін, көңіл-күйін үш-төрт сөйлеммен сипаттап жазыңдар.**

**Бағалау дескрипторы**:

Қалишаның көңіл-күйін сипаттап жазады; 15 балл

**7-тапсырма. Мәтінне оқшау сөздерді тауып, түрлеріне қарай ажыратыңыздар.**

**Бағалау дескрипторы**:

- Мәтіннен оқшау сөздерді табады және түрлеріне қарай ажыратады; 15 балл

**Ойтаразы.** «Менің сабақтан алған әсерім» кестесін толтырыңыздар.

| Қандай ой пайда болды? | Нені сезіндім? | Не ұнады? |
|---|---|---|
| | | |

**45-сабақ.**
**XXV бөлім. Ұлт мұраты – ұлттық қауіпсіздік.**
**Тақырып 25.1. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болғым келеді. Отан қорғау – парызым. Сағадат Нұрмағамбетов – халық қаһарманы**

**Мақсаты:**

- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;
- оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

**Бағалау критерийлері:**
- мәтіндегі термин сөздерді біледі
- өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді
- оқшау сөздердің қызметін біледі, жазба жұмыстарында орынды қолданады.

**Талқылау сұрақтары:**

- *Бейбітшілік, тұрақтылық, қауіпсіздік* ұғымдарын естігенде қандай ой келеді?
- *Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз не?*
-

**1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін не туралы?**

Аймақтық қауіпсіздік және татулық дегенде, жұдырық болып жұмылған, ынтымақ-бірлігі жарасқан ұлттар мен алаауыздығы жоқ ел еске түседі. Қай ұлт, қай ел болсын, бейбітшілік пен ашық аспанды, терезесі тең, керегесі кең бақуатты ел болуды аңсайды. Өйткені татулық пен келісім, бейбітшілік пен тұрақтылық бар елді бақыт өзі іздеп келеді.

Қазақстан - бүгінде өзіндік саяси және экономикалық жүйесі қалыптасқан, әлем елдері мойындаған егеменді, тәуелсіз мемлекет. Біздің елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бастауы - Қазақстан халқының ортақ тарихы. Ғасырлар бойы тағдыр талқысына ұшыраған, халықтарды құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айналды.

Егемен еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ өзекті мәселелермен бетпе-бет келді. Сыртқы күштердің ықпалына түскен кейбір топтар сепаратистік, қоғам дамуын тығырыққа тірейтін пиғыл байқатты. Аталған күрделі жағдайға қарамастан, ел билігі бейбітшілік пен келісім саясатын басты ұстаным ретінде жариялады. Қазақстан халықаралық қауымдастықтың сеніміне ие болды.

*«Ақ жол» газетінен*

**Бағалау дескрипторы:**

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді 10 балл
- Негізгі ойды анықтайды 10 балл

**2-тапсырма. Түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерді пайдаланып, мәтінде кездесетін тіркестердің синонимдік қатарын беріңіздер. Осы тіркестерді қатыстырып сөйлем құраңыздар**.

*Жұдырық болып жұмылу; алаауыздық; терезесі тең; тағдыр талқысына ұшырау; пиғыл байқату; тығырыққа тіреу.*

**Бағалау дескрипторы:**

- Тіркестердің синонимдік қатарын анықтайды 10 балл
- Сөйлемдер құрастырады 10 балл

**3-тапсырма. Мәтінді студеттердің оқуынан тыңдап, тірек сөздер мен термин сөздерді теріп жазыңыздар**.

Қауіпсіздік - азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіп-қатерден қорғалғандығы. Ұлттық қауіпсіздік өзара байланысты үш деңгейден тұрады: жеке адамның (оның құқықтары мен бостандықтары), қоғамның (ұлттық, рухани құндылықтары) және мемлекеттің қауіпсіздігі (конституциялық құрылымы, егемендігі, аумақтық тұтастығы).

Ұлттық қауіпсіздіктің мемлекет пен қоғам қауіпсіздігі өзіндік мақсат емес, жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметіне айналған жағдайда толық жүзеге асырылады.

Сыртқы ұлттық қауіпсіздік - ұлттық мүдденің, ұлттық құндылықтардың, байлықтың және өмір салтының сырттан келетін қауіп-қатерден қорғалуы. Ұлттық қауіпсіздік әскери жолмен, басқа да әдістермен бұзылуы мүмкін. Мысалы, шегара арқылы заңсыз шикізат, ресурс, валюта, көркем және өзге де құндылықты енгізу, алып өту, өнеркәсіптік немесе өзге де тыңшылық, рухани

баса-көктеу, іріткілік ақпарат тарату және т.б. Қазақстанның сыртқы қауіпсіздігі халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарын мойындап, қорғауға негізделеді және белсенді сыртқы саяси және өзге де әрекеттермен жүзеге асырылады.

Ішкі ұлттық қауіпсіздік – жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің тұрақты қызмет етіп, дамуына әсер ететін қауіп-қатерден қорғануы.

*«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясынан*

**Бағалау дескрипторы:**

- Мәтінді түсінеді, тірек сөздер мен термин сөздердің мағынасын анықтайды – 15 балл

**4-тапсырма. Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлікте айтылған мәселелерді өз сөзіңізбен жүйелі жеткізіңіз**.

**Бағалау дескрипторы:**

- Мәтінді құрылымды бөліктерге бөледі және әр бөліктегі мәселеге өз көзқарасын білдіреді 15 балл

**5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген тұжырымдамалардың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыздар.**

| **Тұжырымдар** | **дұрыс** | **бұрыс** |
|---|---|---|
| 1. Ұлттық қауіпсіздік деген – сыртқы және ішкі қауіп-қатерден қорғану. | | |
| 2. Ұлттық қауіпсіздік азаматтың, қоғамның және шет мемлекетердің қауіпсіздігінен тұрады. | | |
| 3. Сыртқы қауіпсіздік іштен келетін қауіпсіздіктен қорғануды білдіреді. | | |
| 4. Ішкі қауіпсіздік деген – сырттан келетін қауіпсіздіктен қорғау. | | |

**Бағалау дескрипторы:**

- Дұрыс және бұрыс ақпаратты анықтайды 10 балл

6**-тапсырма. «Ұлттық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады? деген сұраққа өз пікіріңізді жазыңыз. Қыстырма сөздерді қолданыңыз.**

**Бағалау дескрипторы**:

- жинақы мәтін құрастырады– 10 балл
- қыстырма сөздерді орынды қолданады 10 балл

**Ойтаразы.** Көп нүктенің орнына керек сөзді қойып, «Шығу парағын» толтырыңыздар.

Маған ... қиын болды.

Мен ..... тапсырмаларын орындадым.

Мен ... екенін түсіндім.

Мен ... үйрендім.

Мен ... таңғалдым.

**46-сабақ.**

**Тақырып 25.2. Несіпбек Айтұлы. «Бәйтерек» поэмасы**

**Сабақтың мақсаты:**
- Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;
- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру

**Бағалау критерийлері:**
- Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтайды.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға береді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді.

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар және мазмұнын баяндаңыздар.**

Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы 1950 жылы 22 қыркүйекте Шығыс Түркістанның Тарбағатай аймағында дүниеге келген. 1969 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1974 жылы бітіреді. Еңбек жолын Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастайды. «Әке туралы сыр», «Жаңбыр әні», «Түнделеп ұшқан тырналар», «Бәйтерек» және т.б. көптеген жинағы бар.

Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасы Арқа төсінде бой көтерген Бәйтеректі жырға қосқан. Оған тұтастай дастан арнау арқылы ақын өзінің елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін таныта білді. Азаттықты, тәуелсіздікті ата-бабамыз сан ғасырлар бойы көксеген, сол үшін қан майданда құрбан болған. Сол ба балар арман еткен тәуелсіздік туы желбіреп, жаңа астанамызбен жаңа ғасырға қадам басқан тұста « «Бәйтерек» дастаны дүниеге келді. Елдің елдігін, қол жеткізген тәуелсіздікті жырлау, елге тұтқа болған тұлғалар туралы толғану өміршең тақырып. Несіпбек Айтұлы ұлтының азаматы, ақыны ретінде көзі көрген ақиқатты жырлай білді. Күннен-күнге құлпырған елорданың сәні мен салтанаты - соның дәлелі. Халық мәртебесінің бәйтеректей асқақтауын мұрат тұтқан ақынның ойы мен ниеті, сезімі мен ықыласы осы поэмасында барынша суреттелген. Елдіктің, ерліктің жыршысы болған ақын тәуелсіз елінің әрбір жетістігіне осылай қуанып, шабытқа бөленіп келеді.

*«Қазақ әдебиеті» газетінен*

**Бағалау дескрипторы:**
- Мәтінді түсініп оқиды және мазмұнын айтады -10 балл

**2-тапсырма. Берілген тапсырманы орындаңыздар.**

Негізгі стильді анықтап тұрған ақпаратты жазыңыз

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар

Мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазыңыз




«Бәйтерек» поэмасының идеясы не?

**Бағалау дескрипторы**:

- кестені толтырады – 15 балл

**3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар. Осы үзіндіге қандай атау қояр едіңіздер? Үзіндіде айтылған ойға баға беріңіздер.**

Жаныма жақындасаң мұңдасыңмын,
Келмейді енді ешкімнен сыр жасырғым.
Не пайда дүниенің кеңдігінен,
Болмаса бостандығы бір басыңның?…
Айығып ой тұманнан, сана бұлттан,
Жазылды ескі жара жан ауыртқан.
Азаттық аясында қандай бақыт
Тәуелсіз тыныс алып, ауа жұтқан…
Халқымның санғасырлық ғұмыры да,
Уақыттың жұқ болмапты жұмырына.
Армысың, Азаттығым, қыран қанат,
Қалықтап қайта қонған тұғырына!
Қаймықпай тас қамалдан, мұз бөгеттен,
Жарқ етіп түскендейсің бізге көктен.
Жолында жорық салып бабаларым,
Арыстар аласұрып іздеп өткен.

*Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» поэмасынан*

**Бағалау дескрипторлары**:

- үзіндіге ат қояды – 10 балл
- айтылған ойға баға береді – 10 балл

**4-тапсырма. Тәуелсіздік бізге қалай келді? Ой бөлісіңіздер.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- өз ойларын жазады – 15 балл

**5-тапсырма**. «Бәйтерек» монументінің символдық мәні неде?



**Бағалау дескрипторы:**

-«Бәйтерек» монументінің символдық мәнін ашады – 10 балл

**6-тапсырма. Поэма үзіндісін мәнерлеп оқыңыздар.**

…Ақмола кеше ғана басқа қала,
Айналды Бәйтеректі Астанаға!
Еміреніп өз анасы емізбесе,
Сәбиге шайнап берген ас бола ма?
Бақытым басымда тұр талай күткен,
Сеземін келмегенін оңайлықпен.
Үзіле жаздап еді өндіршегім,
Өзекке тепкілеген өгейліктен.
Көңілге сәуле құяр Сарай нұры,
Астана - ел тірегі, ел айбыны!
Кемері шалқып жатқан Қазақстан –
Мұхиттың аласұрған көк айдыны.
Тіршілік түзегенде көркін жаңа,
Сұрапыл соқпаса екен толқын жара.
Армысың, Азаттықтың астанасы –
Талпынған арманына еркін қала!
Жаһанның жанарында жаңа қала,
Жұлдыздай туы қалған өліарада.
Бес жылда бой көтерген ғимараттар,
Жайнап тұр шомылғандай самалаға!…

Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» поэмасынан

**Түсіндірме сөздік:**

**Өндіршегі үзілу** – елжіреу, үмітін үзбеу

**Өзекке тебу** – мейірімсіздік көрсету
**Сұрапыл** – алай-дүлей; қиян-кескі
**Самала** – нұр, сәуле

**Бағалау дескрипторлары:**
- Поэма үзіндісін мәнерлеп оқиды – 10 балл

**7-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр шумақтағы негізгі ойды анықтаңыздар. Автордың мақтанышын көрсететін өлең шумағын тауып оқыңыздар. Өздеріңізге ұнаған өлең шумағын жаттап алыңыздар.**

**Бағалау дескрипторлары:**

- Әр шумақтағы негізгі ойды анықтайды және автордың мақтанышын көрсететін өлең шумағын тауып оқиды 10 балл
- Ұнаған өлең шумағын жаттайды 10 балл

**Ойтаразы.** «ҚҚҚ» кестесін толтырыңыздар.

| Қызық | Қиын | Құнды |
|---|---|---|
| | | |

**47-сабақ.**
**XXVI бөлім. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші.**
**Тақырып 26.1. Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш. Демалыс мәдениеті.**

**Сабақтың мақсаты:**
- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;
- айқындауыш мүшелелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану

**1-тапсырма. Уақыт деген сөзді естігенде, ойларыңызға не келеді? Уақыт сөзімен тіркес жасаңыздар.**




**Бағалау дескрипторы:**
- Сұраққа жауап береді – 5 балл

- Сөз тіркестерін жасайды -10 балл

**2-тапсырма. Уақытты қалай тиімді пайдалану керек? Кеңес жазыңыздар.**
***Бағалау дескрипторы:***
- Кеңес жазады – 10 балл

***3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып шығыңыздар. Бір-біріңізге сұрақтар қойып, автордың көзқарасын анықтаңыздар.***

Адамдарды уақытты қадірлейтіндер және уақытты қадірлемейтіндер деп екі үлкен топқа жіктеуге болады. Біріншісі - уақытты қадірлейтіндер. Мұндай адамдар уақытпен жарысады Оларда мейлі қандай іс болсын, алдын ала дайындаған айқын мақсаты, соған жету үшін белгілеген жоба-жоспары, өзіне қойған қатаң талабы болады. Олар күн мен сағатты былай қойып, минут не секундты санап, соған сай іс тындыруға құлшынады. Күнделікті өмірде қажырлы, қарапайым, үнемшіл болып, көп іс тындырады. Өзін алдайтын, уақытты босқа өлтіретін баянсыз, мән-мағынасыз іспен айналыспайды.

Сіз өзіңізге «Бойымда өзіме тән қандай кемшілігім мен артықшылығым бар? Қай бағытта, нендей кәсіпке ыңғайым келеді? Оған қалай ұмтылғаным жөн және осы кәсіптен нәтиже шығара аламын ба, жоқ па?» деген сияқты сұрауларды үнемі қойып жүргеніңіз жөн. Адам баласы әрқашан уақытты босқа өткізбей өзіне және қоғамға пайда келтіретін іспен айналысуы қажет. Уақытты дұрыс пайдаланған адам өзінің рухани жан дүниесін одан әрі кемелдендіріп, өмірде көздеген мақсатына тез жете алатын болады.

*«Алматы ақшамы» газетінен*

**Тірек сөздер:**
*Жіктеу*
*Қадірлеу*
*Құлшыну*
*Қажырлы*
*Үнемшіл*
*Баянсыз*

***Бағалау дескрипторы:***
- мәтіннің мазмұнын түсінеді 5 балл
- автордың көзқарасын анықтайды 10 балл

**4-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліңіздер. Әр бөліктегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жеткізіңіздер.**
**Бағалау дескрипторы***:*
- Мәтіндерді бөліктерге бөледі және әр бөліктегі негізгі ойды анықтайды. 15 балл

***5-тапсырма. Автордың ойымен келісесіздер ме? Уақытты дұрыс және тиімсіз пайдаланатын адамдар қандай болады? Кестеге салып, анықтама беріңіздер.***

| Уақытты дұрыс пайдаланатын адамдар | Уақытты тиімсіз пайдаланатын адамдар |
|---|---|
| | |

**Бағалау дескрипторы**:

- Кестені толтырады 15 балл

*Айқындауыш мүшелер*

*Айқындауыш - айқындайтын сөзінің жетегінде қосарлана айтылып, оның мазмұнын ашып тұратын сөз не сөздер тобы. Айқындауышқа тән белгілер: а) зат есімнен жасалады; ә) айқындайтын сөзінің соңында келіп, оны ерекшелеп көрсетеді; б) айқындайтын сөзімен сөз тіркесін құрмайды, оны мағыналық жағынан айқындайды; в) сөйлемдегі қызметі нақты емес, өзі айқындап тұрған сөзбен қатарлас келіп, сол мүшенің қызметін атқарады. Айқындауыштың үш түрі бар:*

| *Оңашаланған айқындауыш* | *Қосарлы айқындауыш* | *Қосалқы айқындауыш* |
|---|---|---|
| *Айқындайтын сөзінің соңынан келіп, оны ерек- шелеп көрсетеді. Мысалы: Үйде, Абайдың қасында, бұл ауылдың адамдарынан бөтен түсті үш кісі отыр* | *Айқындайтын сөзінің ерекше белгісін қосарлап айтып, онымен мәндес қатар құрап тұрады. Мысалы: батыр-ұшқыш, әйел-ана, инженер-технолог.* | *Айқындайтын сөзін әлеуметтік, туыстық, кәсіптік, жас мөлшерлік т.б. белгілері жағынан ерекше атап көрсетеді. Мысалы: Әсет ағай, Айжан қыз, Наурызбай батыр.* |

**6-тапсырма. Кім жылдам? Айқындауыштың түрлеріне үш-төрт мысалдан келтіріңіздер**.

1-топ. Оңашаланған айқындауыш.

2-топ. Қосарлы айқындауыш.

3-топ. Қосалқы айқындауыш.

***Бағалау дескрипторлары***:

-Айқындауыштың түрлеріне мысалдар келтіреді – 15 балл

**7-тапсырма. Неге уақыт алтыннан да қымбат? Ой бөлісіңіздер.**

***Бағалау дескрипторлары:***

- Сұраққа жауап беріп, өз ойларын жазады – 15 балл

Ойтаразы. Сабақтан алған әсеріңізді «3-2-1» критерийі бойынша тұжырымдаңыздар.

- 3 маңызды ақпарат
- қиындық келтірген 2 мәселе
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе

## 48-сабақ.
## Тақырып 26.2. Мұқағали Мақатаев. «Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі. Қорытынды сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**
- мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

**Бағалау критерийлері:**
- Мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтайды;
- Өзіндік көзқарасын білдіреді
- Интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады

**1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп және сұраулы, лепті сөйлемдерді интонациясына қарай дұрыс оқыңыздар.**

Сағатым қайда, сағатым?
Қалған ба тағы таң атып,
Жайған ба жасыл қанатын?!
…Таусылмас менің тағатым
Соқ, соқ, соқ, менің сағатым!
Келген бе тағы күн шығып?!
Күн шығып, Жерге құлшынып,
Енген бе тағы тіршілік?!
Армысың, асау тіршілік!
Тұрмысқа қажет табатын,
Беретін және алатын,
Мезгіл де болып қалған ба,
Алатын жерге баратын?!
Таусылмас менің тағатым
Соға бер, Соқ, соқ, сағатым!

*Мұқағали Мақатаев*

***Бағалау дескрипторлары:***
- Өлеңніңнегізгі идеясын түсінеді және сұраулы, лепті сөйлемдерді интонациясына қарай дұрыс оқиды -20 балл

**2-тапсырма. Өлең тақырыбын қалай түсіндіңіздер? Ақын не себепті өмірді сағатпен байланыстырады? Негізгі ойды үш-төрт сөйлеммен айтыңыздар.**

***Бағалау дескрипторлары:***

- Сұраққа жауап береді -10 балл
- Өлеңдегі негізгі ойды анықтайды. 10 балл

**3-тапсырма. Өлең жолдарындағы ерекшеленіп берілген тіркестердің мағынасын «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріңіздер.**

| Өлең жолдары | Менің пікірім |
|---|---|
| Қалған ба тағы таң атып, Жайған ба жасыл қанатын?! | |
| Армысың, асау тіршілік! | |

***Бағалау дескрипторлары:***

- Берілген тіркестердің мағынасын ашады - 20 балл

**4-тапсырма. Төмендегі айқындауыштарды қатыстырып сөйлем құраңыздар.**

*Біздер, жастар; Арсеннің екі жолдасы – Марат пен Ерік; көктемнің кешінде, 28-сәуірде; Қаздауысты Қазыбек би; экономист-менеджер.*

***Бағалау дескрипторлары:***

- Айқындауыштарды орынды қолданып, сөйлемдер құрастырады 20 балл

**5-тапсырма. Сөйлемдердегі ойды толықтырып жазыңыздар.**

Адам өз уақытын … керек. Өзгелердің де … бағалауы қажет. Уақыттың босқа өтуі - үлкен . Пайда келетін … ойластырған дұрыс. Бір қарағанда, ондай пайдалы іспен … оңай сияқты. Бірақ олай емес. Себебі жоспарлап үйрену қажет. Ол қасиетті қалыптастыру керек. Әрбір минутыңды … дағдылан. Сонда ғана қол жеткізесің.

**Керек сөздер**: *табысқа, үнемдей білуі, шығын, іспен шұғылдануды, жас кезіңнен, айналысу, күн тәртібін, уақытын, пайдалы жұмсауға.*

***Бағалау дескрипторлары:***

- Сөйлемдердегі ойды толықтырып жазады – 20 балл

**6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сабақ мазмұны бойынша ойларыңызды тұжырымдаңыздар**.

Қосатыным - ...
Өзгертер едім - ...
Дамытамын - ...
Күрделендіремін - ...

**Емтиханға арналған тест сұрақтары**

1. Гүлжауһар Сейітжанның өлеңін көрсетіңіз.
   a) «Сағатым қайда, сағатым?»
   b) «Қара алтыны халқымның»
   c) «Жұмыскердің өкініші»
   d) «Аралым»
   e) «Бәйтерек»
2. Ерболат Әбікеннің шығармасын белгілеңіз.
   a) «Төрт патшаны көрген кейуана»
   b) «Өмірдің өзі - театр»
   c) «Күміс қоңырау»
   d) «Атымтай Жомарт»
   e) «Пәтер іздеп жүр едік»
3. Әзірбайжан Мәмбетовтың алғашқы спектаклін анықтаңыз.
   a) «Қыз Жібек»
   b) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»
   c) «Беу, қыздар-ай!»
   d) «Амангелді»
   e) «Құс жолы»
4. «Абай жолы» роман-эпопеясының авторын белгілеңіз.
   a) Мұхтар Әуезов
   b) Абай Құнанбаев
   c) Шәкәрім Құдайбердиев
   d) Мұқағали Мақатаев
   e) Сәкен Сейфуллин
5. «Толеранттылық» ұғымына қарама-қайшы ұғымды көрсетіңіз.
   a) Интолеранттылық
   b) Төзімділік
   c) Көнбістік
   d) Сыйластық
   e) Шыдамдылық
6. Абайға жеңгелері қойған атты белгілеңіз.
   a) Әбеке
   b) Телғара
   c) Ибраһим
   d) Әбіш
   e) Шоқан
7. М.Әуезовтың жарты ғасырлық оқиғаны қамтитын шығармасын табыңыз.
   a) «Қараш-қараш оқиғасы»
   b) «Түнгі сарын»
   c) «Өскен өркен»
   d) «Абай жолы»

e) «Қорғансыздың күні»

8. «Абай жолы» романының төртінші кітабы қай жылы басылып шыққанын белгілеңіз.
   a) 1952
   b) 1956
   c) 1959
   d) 1949
   e) 1942
9. «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің авторын белгілеңіз.
   a) Қабдеш Жұмаділов
   b) Сәкен Сейфуллин
   c) Мұқағали Мақатаев
   d) Сайын Мұратбеков
   e) Дулат Исабеков
10. Сайын Мұратбеков шығармасын белгілеңіз.
   a) «Телі өскен ұл» повесі
   b) «Сағатым қайда, сағатым?» өлеңі
   c) «Соңғы көш» романы
   d) «Абай жолы» роман-эпопеясы
   e) «Атымтай жомарт» әңгімесі
11. Ілияс Жансүгіровтың «Күй» поэмасындағы негізгі кейіпкерді атаңыз.
   a) қобызшы Молықбай шал
   b) жас қобызшы Ақерке
   c) домбырашы Құрманғазы
   d) күйші Тәттімбет
   e) күйші  Дина Нұрпейісова
12. «Невада-Семей» қозғалысының басқарған қоғам қайраткерін анықтаңыз.
   a) Олжас Сүлейменов
   b) Мұхтар Шаханов
   c) Мұстафа Шоқай
   d) Ілияс Жансүгіров
   e) Шерхан Мұртаза
13. «Алтынемел» ұлттық саябағы қай жылы ұйымдастырылғанын көрсетіңіз.
   a) 1996 ж.
   b) 1997 ж
   c) 1995 ж
   d) 1994 ж
   e) 1998 ж
14. Шығарманың тақырыбы деген ұғымға сәйкес келетін жауапты көрсетіңіз.
   a) Жазушының көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйіні;
   b) Оқиғалардың мазмұндық байланысы;

c) Жазушының үндейтін белгілі бір пікірі, айтқысы келетін ойы;
d) Оқиға өтетін орынмен таныстыру;
e) Қаламгердің өмір құбылысына берген бағасы.

15. Алматы облысының Райымбек ауданында дүниеге келген ақынды табыңыз.
a) М.Мақатаев
b) Т.Айбергенов
c) Т.Молдағалиев
d) Ж.Жабаев
e) Қ.Баянбаев

*16.* Үзінді авторын белгілеңіз: *Жасымда ғылым бар деп ескермедім,*
*Пайдасын көре тұра тексермедім...*
a) А.Құнанбаев
b) Ы.Алтынсарин
c) М.Дулатов
d) А.Байтұрсынов
e) Сайын Мұратбеков

17. Атымтай жомарттың жұмыс істеуінің бірінші себебін көрсетіңіз.
a) Көңілге жел кіру, даңдайсу, мастану
b) Күнәлі болу
c) Үлгі, өнеге болу
d) Еңбектің дәмі
e) Кәсіпкерлікпен айналысу

18. «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаятының авторы белгілеңіз.
a) Дүкенбай Досжан
b) Сайын Мұратбеков
c) Сәбит Оразбаев
d) Ілияс Жансүгіров
e) Мұхтар Әуезов

19. Сәкен Сейфуллиннің шығармасын көрсетіңіз.
a) «Көкшетау поэмасы»
b) «Телі өскен ұл» повесі
c) «Бәйтерек» поэмасы
d) Қаздар қайтып барады»
e) «Сағатым қайда, сағатым?»

20. Метонимия дегеніміз не?
a) Құбылысты көптен айырып, көзге көбірек түсердей етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсететіндей сөз қосып айту.
b) Идеяның заттық (болмыстық) нышаны, астралы образы.
c) Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып айту.
d) Суреттеуді неғұрлым көрнекі ету мақсатымен бір затты, ұғымды, күйді басқа заттармен, ұғымдармен салыстыру.
e) Суреттеліп отырған затты не құбылысты өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

21.«Әкесінің құнын сұрайды» тұрақты сөз тіркесінің мағынасын ашыңыз.
a) бір орнымнан қозғала алмадым
b) үмітім артып, сенім пайда болды
c) өте қымбат
d) адамдардың көп жиналған жері
e) құдайға сиынып

22.Хиуаз Доспанова – қазақтың тұңғыш ...
a) әйгілі әншісі
b) әскери ұшқыш қызы
c) дәрігері
d) геолог әйел-ғалымы
e) атақты мұғалімі

23.«Абай жолы» романының екінші кітабы қай жылы басылып шыққанын белгілеңіз.
a) 1952
b) 1956
c) 1949
d) 1947
e) 1942

24.1959 жылы «Абай жолы» роман-эпопеясына қандай сыйлық берілгенін анықтаңыз.
a) КСРО мемлекеттік сыйлығы
b) Тарлан сыйлығы
c) М.Әуезов атындағы әдеби сыйлық
d) Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық
e) Лениндік сыйлық

25. І. Жансүгіровтың «Күй» поэмасында Молықбай шал қандай күйді қобызбен шертеді?
a) «Ботам-ай»
b) «Құлыным»
c) «Қос алқа»
d) «Бозінген»
e) «Туған жер»

26.Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінде Байтас шалдың шекарадан жалғыз өту себебін белгілеңіз.
a) Балалары болған, бірақ қайтыс боп кеткен
b) Балаларын ұстап алып, түрмеге қамап тастаған
c) Балалары туған жерге қайтқысы келмеген.
d) Балалары жоқ адам.
e) Балалары туған жерге кетіп қалған.

27. Ы.Алтынсариннің өмір сүрген уақытын белгілеңіз.
a) 1841-1890 ж.ж.
b) 1840-1880 ж.ж.
c) 1843-1891 ж.ж.
d) 1841-1889 ж.ж.

e) 1842-1890 ж.ж.

28. Ғылыми стильде қандай сөздердің көп қолданылатынын анықтаңыз.

a) диалект сөздер
b) жалпыхалықтық сөздер
c) термин сөздер
d) кәсіби сөздер
e) көнерген сөздер

29. Пьеса қай жанрға жатады?

a) әдеби
b) драма
c) лирика
d) поэзия
e) проза

30. Шығарманың аяқталуы не деп аталады?

a) пролог
b) эпизод
c) монолог
d) тарау
e) эпилог

31. Евдокия, Қалиша, Сергей қай шығарманың кейіпкерлері екендігін көрсетіңіз.

a) «Қаздар қайтып барады»
b) «Компьютер басты жарты адамдар»
c) «Көкшетау»
d) «Телі өскен ұл»
e) «Пәтер іздеп жүр едік»

32. Елордада қай жылы «Астана опера» театры ашылғанын белгілеңіз.

a) 2013
b) 2014
c) 2015
d) 2011
e) 2012

33. Сәбит Оразбаевтың кітабын белгілеңіз.

a) «Көкейтесті»
b) «Өмірдің өзі – театр»
c) «Қазақ хрестоматиясы»
d) «Оян, қазақ!»
e) «Терме»

34. Орта Азия мемлекеттік университетіндегі Шығыс факультетінің аспирантурасында оқыған қаламгерді табыңыз.

a) Ж.Аймауытов
b) Ғ.Мүсірепов
c) І.Жансүгіров
d) М.Жұмабаев
e) М.Әуезов

35. Метафора дегеніміз не?

c) Құбылысты көптен айырып, көзге көбірек түсердей етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсететіндей сөз қосып айту.

d) Идеяның заттық (болмыстық) нышаны, астралы образы.

c) Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып айту.

d) Суреттеуді неғұрлым көрнекі ету мақсатымен бір затты, ұғымды, күйді басқа заттармен, ұғымдармен салыстыру.

e) Суреттеліп отырған затты не құбылысты өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

36. Абайдың табиғатты жырлауға арналған өлеңін белгілеңіз.

a) «Желсіз түнде жарық ай»

b) «Көзімнің қарасы»

c) «Қыс»

d) «Қор болды жаным»

e) «Ғылым таппай мақтанба»

37. Мұхтар Әуезовтің 1921 жылы жазған әңгімесін көрсетіңіз.

a) «Адамдық негізі - әйел»

b) «Оқыған азамат»

c) «Қараш-қараш оқиғасы»

d) «Жуандық»

e) «Қорғансыздың күні»

38. Ауызекі сөйлеу стилінің қолданылу аясын көрсетіңіз.

a) Іс қағаздарда, нұсқау хаттар мен кеңсе құжаттарында қолданылады.

b) Ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда қолданылады.

c) Көркем шығармаларда қолданылады.

d) Газет-журналдарда, жиналыстар мен митингілердегі сөздерде қолданылады.

e) Адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады.

39. «Сағатым қайда, сағатым?» өлеңінің авторын көрсетіңіз.

a) Мұқағали Мақатаев

b) Несіпбек Айтұлы

c) Ыбырай Алтынсарин

d) Олжас Сүлейменов

e) Сәбит Оразбаев

40. «Бәйтерек» поэмасының авторын белгілеңіз.

a) Мұқағали Мақатаев

b) Сайын Мұратбеков

c) Несіпбек Айтұлы

d) Дулат Исабеков

e) Дүкенбай Досжан

41. Теңеу дегеніміз не?

a) Құбылысты көптен айырып, көзге көбірек түсердей етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсететіндей сөз қосып айту.

b) Идеяның заттық (болмыстық) нышаны, астралы образы.
c) Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып айту.
d) Суреттеуді неғұрлым көрнекі ету мақсатымен бір затты, ұғымды, күйді басқа заттармен, ұғымдармен салыстыру.
e) Суреттеліп отырған затты не құбылысты өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

42. Ғылыми стильдің қолданылу аясын анықтаңыз.
a) Іс қағаздарда, нұсқау хаттар мен кеңсе құжаттарында қолданылады.
b) Ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда қолданылады.
c) Көркем шығармаларда қолданылады.
d) Газет-журналдарда, жиналыстар мен митингілердегі сөздерде қолданылады.
e) Адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады.

43. Абайдың Крыловтан аударған мысалын белгілеңіз.
a) «Малға достың мұңы жоқ»
b) «Интернатта оқып жүр»
c) «Сегіз аяқ»
d) «Қыс»
e) «Есек пен бұлбұл»

44. С.Сейфуллиннің пьесасын белгілеңіз.
a) «Амангелді»
b) «Қызыл сұңқарлар»
c) «Құдалар келді»
d) «Шернияз»
e) «Қуырдақ»

45. Қай стильге жатанынын анықтаңыз: Емен ұзақ жылдар бойы өсе береді. Ол 150-200 жылға дейін созылады. Жалпы емен жылусүйгіш ағаштар қатарына жатады.
a) ғылыми стиль
b) ресми іс қағаздар стилі
c) публицистикалық стиль
d) көркем әдебиет стилі
e) ауызекі сөйлеу стилі

46.Қай қатардағы шылауларда дефиспен жазылатын сөздер бар?
a) Нақтылау мағына беретін демеуліктер
b) Себеп-салдар мәндегі жалғаулықтар
c) Болымсыздық мағына беретін демеуліктер
d) Шығыс септігіне қатысты септеуліктер
e) Қарсылықты мәндегі жалғаулықтар

47. Тіл дыбыстарын зерттейтін тіл білімінің саласы қайсы?
a) Синтаксис
b) Морфология
c) Фонетика
d) Лексика

e) Фразеология

48. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.

a) Көркем ой
b) Көзі ашық
c) Қара көк
d) Көп түкірсе көл
e) Кең жайлау

49. 60 – 70-тей адам жиналды деген сөйлемдегі сан есім түрін белгілеңіз.

a) реттік
b) жинақтық
c) болжалдық
d) топтау
e) есептік

50. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.

a) сандықша
b) кітаптар
c) жерлерге
d) дәстүрмен
e) адамда

51. Жай сөйлемді табыңыз.

a) Жерге көк шығысымен, төлдерді жайылымға жіберді.
b) Ауыл тауға көшкенде, ол қалаға кетіп еді.
c) Үйге үлкендер де, кішілер де көңілді кірді.
d) Оны танығанмен, Сәуле сыр бермеді.
e) Жаз шыққанда демалысқа шығайын деп едім, бірақ болмады.

52. Қабысуды табыңыз.

a) қасақана істеді
b) үш бақытым
c) емтиханға дайындалды
d) жақсыдан үйрен
e) мұражайды аралау

53. Қай сөйлемде есімше кездесетінін табыңыз.

a) Мен сабақ оқыдым
b) Мен сабақ оқып отырмын.
c) Сабақ оқу керек.
d) Мен сабақ оқыған жоқпын.
e) Ол сабақ оқыды.

54. Одағайды табыңыз.

a) мүмкін
b) сірә
c) құрау-құрау
d) тарс
e) әрине

55. Тек жуан буынды сөздер қатарын анықтаңыз.

a) Сабақ, қала, тақырып.

b) Тіл, сөйле, көрік, кеме.
c) Күнделік, дәптер, терезе.
d) Мұғалім, шәкірт.
e) Бүгін, мен, үй.

56. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем жалғаулығын анықтаңыз.
a) өйткені
b) сонда да
c) біресе
d) бірақ
e) әйтпесе

57. Астарлы, бейнелі, экспессивті сөздер қолданылатын стильді табыңыз.
a) Ауызекі сөйлеу стилі
b) Ғылыми стиль
c) Публицистикалық стиль
d) Көркем әдеби стилі
e) Ресми стиль

58. Өздік есімдігінің септелген түрін көрсетіңіз.
a) Өзіне, өзіңізбен
b) Өздерің, өзіңсің
c) Өздеріміз, өздеріңіз
d) Өзі, өзіміз
e) Өзім, өзіңіз

59.Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
a) хат жазу
b) ала өкпе болу
c) алтын күн
d) ағайыншыл адам
e) вокзал алаңы

60. Күшейткіш үстеулі тіркесті табыңыз.
a) Тым биік.
b) Тез келді.
c) Ертең барады.
d) Ілгері жүр.
e) Онша жараспайды.

61. Мына сөйлемге қай шылау лайық, көрсетіңіз.
Алтынсары қадалған.........., оның кескіні құбыла бастады.
a) таман
b) туралы
c) қарай
d) сайын
e) тарта.

62.«Көзді ашып - жұмғанша» тұрақты сөз тіркесінің мағынасын белгілеңіз.
a) әдемі
b) жай жүру

c) лезде
d) алыс жер
e) момын

63.«Төбесі көкке жету» тұрақты тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.
a) ұшу
b) мұхит
c) көл
d) өзен
e) қуану

64. Буын үндестігіне бағынбаған сөзді көрсетіңіз.
a) болатқа
b) өрмекші
c) көмекші
d) ормандікі
e)ініммен

65. Синонимдік қатарды көрсетіңіз.
a) дәрі, дәріхана, аурухана
b) үй, мектеп, баспахана
c) жас, құрдас, көрші
d) ауыл, дала, аймақ
e) ауру, сырқат, кесел

66. Бірыңғай септеулік шылаулар қатарын көрсетіңіз.
a) әрі, бері, гөрі
b) не, я, да
c) – ды, - мыс, - ау
d) мен, бен, пен
e) қой, ғана, ше

67. «Қой аузынан шөп алмас» фразеологиялық тіркесін антонимін табыңыз.
a) сымбатты
b) ақылды
c) момын
d) қатты
e) тентек

68.Қаратпа сөзді табыңыз.
a) Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз?
b) Алма, алманы әкел.
c) Немене, риза емеспісің?
d) Амал қанша, осылай болды.
e) Сөйтіп, ол Домалақ ана аталды.

69. Болымсыздық есімдігін табыңыз.
a) Ешкім
b) Қайсыбір
c) Әлдекім
d) Кімдер

e) Кімде – кім

70. Ресми стильге жататын қатарды көрсеріңіз.

a) Қоғамдық – саяси әдебиет
b) Көркем шығарма
c) Газет – журнал тілі
d Ғылыми шығармалар
e) Өтініш, сенімхат, қолхат

71. Антоним сөзі бар мақал – мәтелді табыңыз.

a) Ақылың аз, ашуың көп болса – қор боласың.
b) Адал достық алтыннан да қымбат.
c) Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
d) Ашуың келсе, қолың тарт.
e) Татулық – табылмас бақыт.

72. Дауысты дыбыстардың үндесуін не дейміз, белгілеңіз.

a) Екпін дейміз.
b) Орфоэпия дейміз.
c) Дыбыс үндестігі дейміз.
d) Орфография дейміз.
e) Сингармонизм дейміз.

73. Жинақтық сан есімді анықтаңыз.

A) үштен бір
B) үштік
C) үш - үштен
D) үшеу
E) үшінші

74. Көңіл - күй одағайын табыңыз.

a) кә - кә
b) рас
c) әрине
d) демек
e) әттеген - ай

75. « Әлде» сөзінің қай сөзбен бірге жазылатынын көрсетіңіз.

a) Әлде (адам), әлде (мал);
b) Әлде (кісі);
c) Әлде (он), әлде (жиырма);
d) Әлде (көп), әлде (аз);
e) Әлде (кім), әлде (қашан).

76.Зергерлік бұйымдарды белгілеңіз.

a) алаша, көрпе, төсеніш;
b) кесе, қасық, пышақ;
c) кітап, дәптер, қалам;
d) шолпы, білезік, сырға, қапсырма;
e) қару — жарақ, ер — тұрман, қоржын.

77. Оқшау сөздер түрлерін анықтаңыз.

a) Жалғаулықтар, демеуліктер.

b) Шылау, үстеу.
c) Қыстырма сөз, қаратпа сөз, одағай.
d) Жұрнақтар, септіктер.
e) Қыстырма сөз, қос сөз.

78. Сабақтас құрмалас сөйлемнің қай түріне жататын анықтаңыз. Ол жақсы оқыса, университетке түседі.
a) қарсылықты
b) шартты
c) себеп
d) мақсат
e) мезгіл

79.Болымды етістігі бар сөйлемді көрсетіңіз.
a) Ол өтірік атйқан емес.
b) Досын көрмеді.
c) Кітапты әкелген жоқ.
d) Айтқан уақытында келген жоқ.
e) Кітабын әкеліп берді.

*80.* Сөйлемдегі есімдіктердің түрін анықтаңыз: *Мен ешқашан елімді сатпаймын!*
a) Сілтеу, жалпылау.
b) Жіктеу, болымсыздық.
c) Жіктеу, сілтеу.
d) Жалпылау, белгісіздік.
e) Жіктеу, өздік.

81. Тура мағыналы сөзді табыңыз.
a) Суық сөз
b) Ыстық ықылас
c) Ақ ниетті
d) Жақсы адам
e) Терең ойлы

82. Көсемшені табыңыз.
a) Жазып
b) Жазба
c) Жазған
d) Жазбақ
e) Жазар

83. Етістіктің бұрынғы өткен шақ түрін көрсетіңіз.
a) Сездің
b) Сезесің
c) Сезіпті
d) Сезермін
e) Сезбек

84.Үстеулердің мағыналық түрін анықтаңыз: *тез, ақырын, баяу*
a) мезгіл үстеуі
b) мекен үстеуі

c) мақсат үстеуі
d) себеп-салдар үстеуі
e) сын-қимыл үстеуі

85.Сын есімі бар сөз тіркесін табыңыз.
a) Анау бала.
b) Менің әжем.
c) Алты адам.
d) Әдемі қыз.
e) Жеті қыз.

86. Қосалқы айқындауыштарды анықтаңыз.
a) Айжан қыз; Наурызбай батыр
b) Әйел-ана; инженер-технолог
c) Қостанай қаласы; Тобыл өзені
d) Ығы-жығы, анда-санда
e) Үйде, Абайдың қасында; көктемнің кешінде, 28 сәуірде

87.«Тілі аузына сыймай» тұрақты сөз тіркесінің мағынасын табыңыз.
a) қатты қуану
b) аузы құрғап қатты шөлдеу
c) жұмысы алға басу
d) жүрегі қатты дүрсілдеу
e) қиыншылық көрмеу

88.Мезгіл үстеуін белгілеңіз.
a) тез, баяу, ақырын;
b) бекерге, босқа, амалсыздан;
c) алдынан, артынан;
d) әбден, тым, аса, мүлдем;
e) былтыр, бүгін, ертең.

89.Шығыс септіктің септеулігін табыңыз.
a) дейін, шейін, қарай, тарта, жуық
b) туралы, сияқты, үшін, сайын
c) кейін, соң, әрі, гөрі
d) бірге, қатар
e) сияқты, үшін, гөр

90. Ой тәртібін білдіретін қыстырма сөзді анықтаңыз.
a) біріншіден
b) меніңше
c) мүмкін
d) сірә
e) расында

91.Б.Қыдырбекұлы «Теміржолшы» әңгімесі әдебиеттің қандай жанрына жатады?
a) Поэзия
b) Проза
c) Драма
d) Фантастика

e) Роман

92. Ы. Алтынсарин ұйымдастырған тұңғыш мектеп қай жылы, қай қалада ашылғанын белгілеңіз.
a) 1865 ж. Қостанайда.
b) 1864 ж. Торғайда.
c) 1865 ж. Орынборда.
d) 1863 ж. Ырғызда.
e) 1866 ж. Омбыда.

93. Монолог дегеніміз не ?
a) Қалыпты жағдайдан әсірелеп суреттеу.
b) Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлесуі.
c) Әдеби шығармадағы оқиға желісі.
d) Бір адамның ұзақ сөзі.
e) Табиғат көркін суреттеу

94. Шығарманың тақырыбы деген ұғымға сәйкес келетін жауапты көрсетіңіз.
a) Оқиғалардың мазмұндық байланысы.
b) Жазушының көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйіні.
c) Жазушының үндейтін белгілі бір пікірі, айтқысы келетін ойы.
d) Оқиға өтетін орынмен таныстыру.
e) Қаламгердің өмір құбылысына берген бағасы.

95. Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» кімге арналғандығын табыңыз.
a) Ақындарға
b) Балаларға
c) Билерге
d) Тіл мамандарына
e) Ұстаздарына

96. Д.Исабековтің пьесасын табыңыз.
a) «Құдағи келіпті»
b) «Неке қияр»
c) «Әпке»
d) «Мансапқорлар»
e) «Көктөбедегі кездесу»

97. Оқиғаның болатын орны, мерзімі қалай аталатынын анықтаңыз.
a) Эпилог
b) Шешім
c) Экспозиция
d) Кульминация
e) Пролог

98. Мақалдың тақырыбын анықтаңыз: *Ер жігіт ел үшін туады,*
*Ел үшін өледі.*

a) Еңбек тақырыбы
b) Батырлық, ерлік тақырыбы
c) Өнер - білім тақырыбы
d) Ынтымақ, бірлік тақырыбы
e) Достық тақырыбы

99. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі Байтас шалдың туған жерге не үшін оралғысы келгенін табыңыз.
a) Қайтадан жаңа өмір бастау үшін.
b) Ашаршылықтан құтылу үшін.
c) Жаулардан құтылу үшін.
d) Туған жерге жетіп өлу үшін.
e) Туысқандарына жолығу үшін.

100. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» туындысында жалғыз шалдың неге шегара бұзып, тау асып келе жатқанын табыңыз.
a) Түрмеден қашып келеді.
b) Адасып келеді.
c) Жаулардан қашып келеді.
d) Туған жеріне келеді.
e) Мал ұрлау үшін келеді

101. «Әпке» деп аталатын, Қамажай, Омар, Темірбек, Нәзила, Кама атты кейіпкерлері бар пьесаның авторын табыңыз.
a) Қ.Мұқаметжанов
b) Р.Мұқанова
c) Д.Исабеков
d) Б.Римова
e) И.Сапарбай

102. Ғ.Мұстафиннің’’Қарағанды’’ романында қандай мәселе әңгімеленетінін табыңыз.
a) Қазақ ауылының тұрмысы.
b) Колхоздастыру кезеңі.
c) Жұмысшы табы мен ұлттық интеллигенцияның қалыптасу жолы.
d) Қазан төңкерісі.
e) Білімдендіру, сауаттандыру мәселесі.

103. Абайдың шын атын белгілеңіз.
a) Телғара
b) Әбіш
c) Әбеке
d) Абай
e) Ибраһим

104. Ш.Айтматов қай ұлттың перзенті екенін анықтаңыз.
a) Қазақ
b) Ұйғыр
c) Түрік
d) Өзбек
e) Қырғыз

105. Шыңғыс Айтматовтың туған ауылының атауын көрсетіңіз.
a) Боранды
b) Сарыөзек
c) Бішкек
d) Мерке
e) Шекер

106. Ғ.Мұстафин қай жылы, қай жерде дүниеге келгенін белгілеңіз.
a) 1897 ж., Алматы облысында
b) 1915 ж., Ақмола облысында
c) 1885 ж. Павлодар облысында
d) 1905 ж., Атырау облысында
e) 1902 ж., Қарағанды облысында

107. Шығарманың кейіпкері деген ұғымға лайық анықтаманы белгілеңіз.
a) Өмірде сирек кездесетін, тіпті мүлде кездеспейтін образдар.
b) Шығармадағы адамдардың мінез-құлқы, сырт пішіні.
c) Міндетті түрде өмірде болған адамдар.
d) Жансыз табиғаттың кәдімгі тірі адамға айналуы.
e) Шығармадағы адамдардың көркем бейнесі.

108. «Дүние қалай етсең табылады?» әңгіменің авторы кім екенін табыңыз.
a) Абай Құнанбаев
b) Ілияс Жансүгіров
c) Ыбырай Алтынсарин
d Ахмет Байтұрсынов
e) Әбділда Тәжібаев

109. Мұхтар Шахановтың туған жерін көрсетіңіз.
a) Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар өңірінде
b) Қостанай облысы, Тобыл ауданы, Майлин кеңшары
c) Шығыс  Қазақстан облысы, Абай ауданы
d) Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабы
e) Ақмола облысы, Ақмола уезі, Нілді болысында

110. Үзінді қай поэмадан алынғанын табыңыз.

*Енді әке піманың*
*Қажеті маған жоқ.. – деді.*
*Қараса… кеште баяғы..*
*Піманы сатып ант ұрған..*
*Үсіген екі аяғы*
*Кесілген екі балтырдан!…*

a) «Бәйтерек» поэмасы
b) «Жалғыз» поэмасы
c) «Дала, сенің ұлыңмын» поэмасы
d) «Қара пима» поэмасы
e) «Батыр Баян» поэмасы

111. Ә. Нұрпейісовтың туған  жерін белгілеңіз?

a) Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Әуелбек ауылы
b) Қызылорда облысы Абай ауданында Балықшы ауылы
c) Қызылорда облысының Арал ауданында Құланды ауылы
d) Қостанай облысы, Тобыл ауданы, Майлин кеңшары
e ) Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар өңірінде

112. «Қан мен тер» трилогиясының екінші кітабын табыңыз.
a) «Қайтқанда»
b) «Ымырт»
c) «Күйреу»
d) «Телғара»
e) «Сергелдең»

113. Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінде қай атақты әнші туралы жазғанын анықтаңыз.
a) Жаяу Мұса Байжанұлы
b) Әміре Қашаубаев
c) Ақан сері Қорамсаұлы
d) Қалибек Қуанышбаев
e) Әсет Найманбайұлы

114. 2001 жылы Қадір Мырза Әли қандай сыйлыққа ие болғанын көрсетіңіз.
a) Халық Қаһарманы атағына
b) Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына
c) Кеңес Одағының сыйлығына
d) Ленин сыйлығына
e) Мемлекеттік сыйлыққа

115. Шалқыған теңіз,
Толқыған теңіз,
Көгілдір көк айдыным, көк айдыным.
Биікте жүрген,
Бұлттарды сүзген,
Бұрынғы жоқ айбының, жоқ айбының. - өлең жолдарының авторын көрсетіңіз.
a) Бердібек Соқпақпаев
b) Мұхтар Шаханов
c) Дулат Исабеков
d) Қадір Мырза Әлі
e) Думан Рамазан

116. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың Арал балықшыларының тағдыры туралы шығармасын белгілеңіз.
a) «Қан мен тер»
b) «Курляндия»
c) «Толғау»
d) «Жүрегі толы жыр еді»
e) «Теңіз»

117. Отандық фильмдерді табыңыз.

a) «Анаға апарар жол», «Қазақ хандығы»
b) «Марко Полоның Жібек жолы»
c) « Қорғаушылар»
d) « Жаз», «Күз»
e) «Уақытша қиындықтар»

118. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы қандай үш кітаптан тұратынын көрсетіңіз?
a) «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу»
b) «Шәкірт», «Сергелдең»
c) «Алаш ұраны», «Еламан», «Тәңірберген»
d) «Қан», «Күйреу», «Өшпенділік»
e) « Күйреу», «Араша», «Ұран»

119. Ж.Аймауытовтың романын атаңыз?
a) «Әнші»
b) «Күнекейдің жазығы»
c) «Нұр күй»
d) «Ақбілек»
e) «Қамар сұлу»

120. Үзінді қай шығармадан, авторы кім деп ойласыз?
*«Шойыннан жол салынғалы жатыр, ол жолдың көрінісі домбыраның екі ішегі сияқты болады екен, онымен пойыз деген отпен жүретін арба келеді екен» деген қаусесет Балқаштың бергі жағасына жуық жатқан Күрті еліне тез тарап кетті...*
a) Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінде
b) Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» әңгімесі
c) Дулат Исабеков «Әпке» пьесасы
d) Ғабиден Мұстафин «Қарағанды» романы
e) Қадыр Мырзаәлі «Аралым» өлеңі

121. Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романы қай жылы жарық көргенін белгілеңіз.
a) 1952 жылы
b) 1985 жылы
c) 1902жылы
d) 1932 жылы
e) 1937 жылы

122. «Балалар әдебиетінің атасы» кім екенін табыңыз.
a) Ы.Алтынсарин
b) А.Құнанбаев
c) М.Жұмабаев
d) М.Дулатов
e) А.Байтұрсынов

123. Ана тілің – арың бұл,
ҰЯТЫҢ боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте, – өлең жолдарының авторын көрсетіңіз.

a) Қадір Мырза Әлі
b) Олжас Сүлейменов
c) Қабдеш Жұмаділов
d) Тұманбай Молдағалиев
e) Сырбай Мәуленов

124. «Әнші» әңгімесінің бас кейіпкерін атаңыз.
a) Мәржім
b) Әмірқан
c) Қабанбай
d) Ақбөрте
e) Наурызбай

125. «Қазақ газеті» қай жылы және қай қалада жарық көргенін анықтаңыз.
a) 1911 жылы Алматыда
b) 1913 жылы Орынборда
c) 1915 жылы Қызылордада
d) 1914 жылы Көкшетауда
e) 1916 жылы Қостанайда

126. Нәзипа Құлжанованың туған жылы мен туған жерін белгілеңіз.
a) 1887 жылы Торғай облысы, Жангелді ауданы
b) 1954 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы
c) 1938 жылы Ақмола облысы, Ақмола қаласы
d) 1935 жылы Орал облысы, Жымпиты кенті
e) 1841 жылы Қостанай облысы, Қостанай ауданы

127. «Соңғы дем» әңгімесінің авторын белгілеңіз.
a) Мұхтар Әуезов
b) Абай Құнанбаев
c) Сәкен Сейфуллин
d) Думан Рамазан
e) Мұхтар Шаханов

128. Думан Рамазанның «Соңғы дем» әңгімесінің тақырыбын белгілеңіз.
a) полигон зары мен өлім тақырыбы
b) Арал теңізінің тақырыбы
c) өндіріс өмірі мен ауыл тіршілігі
d) еңбек тақырыбы
e) махаббат тақырыбы

129. Наурыз мейрамының күнін белгілеңіз.
a) 15 наурызда
b) 22 наурызда
c) 1 мамырда
d) 8 наурызда
e) 21 наурызда

130. Наурыз мейрамының басты тағамын белгілеңіз.
a) бауырсақ

b) бесбармақ
c) қымыз
d) наурыз көже
e) құрт

131. Наурыз күні аңыз бойынша кім келетінің көрсетіңіз.
a) Қыдыр ата
b) Шопан ата
c) Қамбар ата
d) Қаңбақ шал
e) Зеңгі баба

132. Қайнар Олжайдың шығармасын белгілеңіз.
a) «Соңғы дем» әңгімесі
b) «Көкшетау» поэмасы
c) «Жер мен аспан» очеркі
d) «Қарағанды» романы
e) «Аралым» өлеңі

133. Мұхтар Шаханов қай жылы туғанын белгілеңіз.
a) 1940
b) 1947
c) 1942
d) 1938
e) 1936

134. М. Шахановтың қандай оқу орнын бітіргенін көрсетіңіз.
a) Орал Мемлекеттік университетінің геология факультетін
b) Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін
c) Алматы қаласындағы Мемлекеттік университетінің тіл мен әдебиет факультетін
d) Қостанай қаласындағы Мемлекеттік университеттің қазақ тілі факультетін
e) Шымкент қаласындағы педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін

135. «Қан мен тер» романының авторын белгілеңіз.
a) Сәкен Сейфуллин
b) Мағжан Жұмабаев
c) Мұхтар Шаханов
d) Әбдіжәміл Нұрпейісов
e) Олжас Сүлейменов

*136.* Сан есімнің қай септікте тұрғанын анықтаңыз. *Таңертең сағат жетіде тұрамын.*
a) Ілік септік
b) Барыс септік
c) Көмектес септік
d) Жатыс септік
e) Атау септік

137. Күрделі сын есімді табыңыз.

a) Таза
b) Тұнық.
c) Шыдамды
d) Ұзынырақ
e) Орта бойлы

138. Мына сөздерге көптік жалғауының дұрыс жалғанғанын табыңыз.
a) Бірнеше кісілер
b) Студенттер
c) 250 қойлар
d) Екі құрттар
e) Сүттер

139. Реттік сан есім қосымшасын табыңыз.
a) –ау, -еу
b) –ау, -тан
c) –еу, -інші
d) –ау, -ыншы
e) –інші, -ыншы

140. «Арманыма» сөзіндегі соңғы қосымшаны табыңыз:
a) Тәуелдік жалғау
b) Барыс септік
c) Көптік жалғау
d) Жіктік жалғау
e) Жұрнақ

141. Септеулік шылауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
a) Сенің Астанаға барғың келе ме?
b) Жазда Астанаға және Алматыға бардық.
c) Ол Астанаға барған емес.
d) Асан мен Үсен Астанада болып қайтты.
e) Ол Астанаға дейін пойызбен барады.

142. Сұраулық демеулікті анықтаңыз.
a) ғана, тек, кейде.
b) түгіл, тұрсын, тұрмақ.
c) ма, ме, ба, бе, ше.
d) –міс, -мыс, -ау, -ақ .
e) -ды, -ді, ты, -ті, ғой.

143. Жинақтық сан есімді анықтаңыз.
a) Үштен бір
b) Үштік
c) Үш-үштен
d) Үшеу
e) Үшінші

144. Көптік жалғаулы зат есімді табыңыз.
a) Гүлдер
b) Өлең
c) Өтірік

d) Шын
e) Есік

145. Өздік есімдігі бар тіркесті табыңыз.
a) Бұл ел.
b) Өз елім.
c) Ел мен жер.
d) Менің елім.
e) Ел іші.

146. Шығыс септігіндегі зат есімді табыңыз.
a) Сабақтар
b) Табысқа
c) Дәрігерден
d) Гүлді
e) Оқушының

147. Күрделі сын есімді табыңыз.
a) Жақсырақ
b) Қызғылт
c) Көгілдір
d) Биіктеу
e) Тұп-тұнық

148. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. Қоңырау соғылды, оқушылар үзіліске шықты.
a) Лепті сөйлем.
b) Жай сөйлем.
c) Аралас құрмалас сөйлем.
d) Сабақтас құрмалас сөйлем.
e) Салалас құрмалас сөйлем.

149. Бөлшектік сан есімнің сұрақтарын көрсетіңіз.
a) Не істеді?
b) Кімнің?
c) Қай?
d) Кім?
e) Қанша?

150. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін анықтаңыз.
a) Пайда ойлама – ар ойла.
b) Өзің үшін үйрен.
c) Тағы да келді.
d) Түс ауа қозғалды.
e) Бәрі тыныш аяқталды.

151. Құрмалас сөйлем түрін көрсетіңіз.
a) Одағай
b) Толымды
c) Жай
d) Салалас
e) Жайылма

152. Мен, сен, ол, біз, сіз есімдіктерінің түрін белгілеңіз.
a) Сілтеу
b) Жіктеу
c) Сұрау
d) Өздік
e) Болымсыздық
153. Жинақтық сан есімді табыңыз.
a) Төрттен бір
b) Бір
c) Жетеу
d) Үшінші
e) Сегіз
154. Қай сөздер лепті сөйлем жасауға қатысатынын көрсетіңіз.
a) Есім сөздер.
b) Көмекші сөздер.
c) Атау сөздер.
d) Одағай.
e) Жалғаулық шылау.
155. Салыстырмалы шырайды табыңыз.
a) Үп-үлкен
b) Тым әдемі
c) Көгірек
d) Қалпақты
e) Өте жақсы
156. Сын есімнің салыстырмалы шырайын анықтаңыз.
a) Ауылдық
b) Ауыспалы
c) Әдемілеу
d) Күзгі
e) Тәжірибесіз
157. Топтау сан есімді көрсетіңіз.
a) Әркім.
b) Туып-өскен
c) Әйгілі
d) Үш-үштен
e) Бәйтерек
158. Сұраулық шылауды көрсетіңіз.
a) ғана, тек.
b) кейін, шейін
c) қарай, таман
d) ма, ме
e) туралы, үшін
159. Салалас құрмалас сөйлемді белгілеңіз.
a) Төле би 17 ғасырда өмір сүрген.

b) Раушанның қалаға келгеніне үшінші күн болғанда, жиналыс ашылды.
c) Күн бұлтты болды, бірақ жаңбыр жаумады.
d) Мен мұғаліммен бірге құрбыма бардым.
e) Үй іші жым-жырт.

160. Сөздік құрамдағы қолданылу жиілігіне қарай жаппай қолданылатын сөздердің қалай аталатынын көрсетіңіз.
a) Пассив сөздер
b) Актив сөздер
c) Бейтарап сөздер
d) Оқшау сөздер
e) Көмекші сөздер

161. Сөздік қорға жаңадан енген сөздер қалай аталатынын анықтаңыз.
a) Архаизмдер
b) Историзмдер
c) Неологизмдер
d) Фразеологизмдер
e) Омофондар

162. Шылау сөздер білдіретін мәні мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай нешеге бөлінеді, көрсетіңіз.
a) 2
b) 5
c) 3
d) 4
e) 1

163. Вербалды қатынас дегеніміз не екенін белгілеңіз.
a) Тілдік қатынас
b) Тілсіз қатынас
c) Жалпы қарым - қатынас
d) Тыңдай білу
e) Тыңдаушының назарын өзіне қарату.

164. Неологизмді табыңыз.
a) сандық
b) шапан
c) кәжекей
d) тригонометрия
e) аккаунт

165. Сілтеу есімдігін көрсетіңіз.
a) Санау
b) Еш нәрсе
c) Кейбіреу
d) Сонау
e) Сен

166. Сөздік құрамдағы сөздердің қолданылу жиілігіне қарай сирек қолданылатын сөздерді белгілеңіз.

a) Актив сөздер
b) Пассив сөздер
c) Бейтарап сөздер
d) Фразеологизмдер
e) Полисемия

167. Тілдегі сөздердің дұрыс жазылу ережесінің жинытығы қалай аталатынын көрсетіңіз.
a) Орфография
b) Орфоэпия
c) Лексика
d) Фонетика
e) Ықпал

168. Термин дегеніміз не екенін белгілеңіз.
a) Белгілі бір ғылым саласына тән сөздер.
b) Жергілікті тұрғындардың сөйлеу тіліндегі сөздер.
c) Қолданыстан шығып қалған сөздер.
d) Қарапайым сөздер.
e) Белгілі бір шаруашылық саласына байланысты сөздер тобы.

*169.* Есімшенің сөйлемдегі қызметін табыңыз. *Ұлжан жолдың ұзақ болатынын әбден біліпті.*
a) Бастауыш
b) Толықтауыш
c) Анықтауыш
d) Пысықтауыш
e) Баяндауыш

170. Демеулік шылауларды көрсетіңіз.
a) Қасқыр жылқыға қарай тартты.
b) Әке мен ана алдындағы борышыңды өте.
c) Біраздан бері хат жазбапты.
d) Екі жүргінші тауға қарай келе жатыр.
e) *Мырза келін-ай, біз сені жақсы көреміз.*

171. Болжалдық сан есімді анықтаңыз.
a) он-оннан
b) бір жарым
c) тоқсан
d) қырық шақты
e) төртінші

172. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөзді көрсетіңіз.
a) бұрым
b) келдім
c) білім
d) өлеңім
e) киім

173. Үстеудің сөйлемдегі атқаратын қызметін анықтаңыз.
a) бастауыш

b) баяндауыш
c) анықтауыш
d) толықтауыш
e) пысықтауыш

174. Жалпылау есімдігін табыңыз.
a) әрқашан
b) еш нәрсе
c) барлығы
d) жалпы
e) біресе

175. Тәуелдік жалғауының екінші жағында, сыпайы түрде тұрған сөзді табыңыз.
a) кәсіпорындарында
b) ұлттарымыз
c) қазынаңыз
d) үйіміздегі
e) қалам

176. Көмектес септігіндегі сөзді табыңыз.
a) Қаламым, қолым, еңбегі
b) инженермен, электрикпен, батырмен
c) желінің, зарядқа, тұтынушыға
d) студентсің, ұстазбын, ақылдысың
e) тұтынушыдан, электриктен, орталықтан

177. Шығыс септігінде тұрған сілтеу есімдігін табыңыз.
a) Осыларды
b) Осылармен
c) Осылардың
d) Осыларға
e) Осылардан

178. Дұрыс жазылған сөзді анықтаңыз.
a) кең - маңдай
b) кеңмаңдай
c) кен маңдай
d) кең маңлай
e) кең маңдай

179. Меңгеруді табыңыз.
a) аман келді
b) біздің өлке
c) сынға түсті
d) кең дала
e) қонақ болу

180. «Санын соғып қалу» тұрақты тіркесінің мағынасын табыңыз.
a) қуану
b) ренжу
c) спортпен айналысу

d) өкіну
e) ауыру